

25 ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕСЕП



НАҚТЫ ІСКЕ –
НАҚТЫ ҚОЛДАУ!





ЕСЕП ТУРАЛЫ	2
КМФ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ АЛҒЫСӨЗІ	3
1. КМФ ПОРТРЕТІ	4
• КМФ бүгін: КМФ және КМФ-Демеу	5
• Миссия және құндылықтар	6
• КМФ: Тарихтағы ширек ғасыр	10
2. КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК	13
• Клиенттерге қамқорлық	15
• Қоғам алдындағы жауапкершілік	19
• Қызметкерлерге қамқорлық	26
• Қоршаған ортаға қамқорлық	29
• Халықаралық әлеуметтік рейтинг	31
• Әлеуметтік ықпал	32
3. ҚР ХАЛҚЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТЫН АРТТЫРУ	36
• «Қаржылық сауаттылық» жобасының тарихы	37
ОТБАСЫ БЮДЖЕТІН БАСҚАРУДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ	39
• Бірінші халықаралық микроқаржы форумы	39
• «FinBoss» балалар мен жасөспірімдерге арналған қаржылық сауаттылық	41
• ҚНРДА және FinGramota.kz жобасымен әріптестік	43
КӘСІПКЕРЛІКТІ БАСҚАРУДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ	44
• КМФ-пен іскерлік таңғы ас	44
• КМФ ProBusiness бизнеске арналған тәлімгерлік бағдарламасы	44
• Қаржылық сауаттылық және бизнес-білім туралы кітапшалар	45
4. КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ	50
ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІ	51
• «KMF Isker hanymu» конференциясы	51
• «KMF Isker hanymu» сыйлығы	53
• Кәсіпкер әйелдерге арналған субсидиялау бағдарламасы	55
• «KMF Isker hanymu» бизнес-порталы	56
• ЕҚДБ-мен «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасы және «Әйелдер кафесі» жобасы бойынша ынтымақтастық	57
• Әйелдерге арналған қаржылық альянсқа мүшелік	58
АГРОКӘСІПКЕРЛІК	62
• Агробизнеске арналған субсидиялау бағдарламасы	63
• КМФ-тің тұңғыш агрофорумы	64
• Аймақтық бизнес жәрмеңкелері мен көрмелері	65
• Орталық Азия ықпал ету қорымен ынтымақтастық	66
ЖАСТАР КӘСІПКЕРЛІГІ	67
• Жастар кәсіпкерлігі форумы	67
• Enactus Kazakhstan компаниясымен студенттік кәсіпкерлікті қолдау	68
• MOST Ventures қорымен бірлесіп стартаптарды қолдау	69
• КМФ mentor ProFinance тәлімгерлік бағдарламасы	70
ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІК	73
5. КМФ ЖЕТІСТІКТЕРІ	74
6. КОМПАНИЯНЫҢ БҰҰ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ	77

ЕСЕП ТУРАЛЫ

Бұл есепте 1997-2022 жылдар аралығында мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынас кезінде іске асырылған KMF компаниялар тобының әлеуметтік жобалары туралы ақпарат қамтылады. Есепте KMF компаниялар тобының жобаларын «KMF» МҚҰ» ЖШС (қысқаша – KMF) және «KMF-Демеу» корпоративтік қорының (қысқаша – KMF-Демеу) жиынтық әлеуметтік қызметі деп түсіну керек.

1997 жылы коммерциялық емес ұйым түрінде құрылғаннан бастап бүгінге дейін KMF тұрақты даму саласындағы халықаралық бастамалардың қағидаттарын, оның ішінде KMF және KMF-Демеу әлеуметтік миссиясына, міндеттері мен күнделікті тәжірибесіне енгізілген БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарын ұстана отырып, Қазақстанның микроқаржы нарығының әлеуметтік жауапкершілігі бар қатысушысы болып табылады.

KMF табысы төмен кәсіпкерлерді, өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды, ауыл тұрғындарын қолдайды, қоғамның әрбір мүшесінің әл-ауқатын арттыра отырып, олардың өмір сүру сапасын жақсартуға тырысады. 2015 жылдан бастап KMF-те әлеуметтік-экологиялық басқару жүйесі (SEMS) бойынша әдістеме қолданылады. Бұл әдіс қоршаған ортаға жағымсыз әсер етуі мүмкін қарыз алушылардың қызмет түрлеріндегі әртүрлі тәуекел дәрежелерін анықтауға көмектеседі.

Әлеуметтік міндеттерді іске асыру үшін KMF-те халықтың әл-ауқатының деңгейін қадағалайтын әлеуметтік индикаторлар енгізілді, олардың орындалуы басқарушы буынның KPI-на негізделді.



КМФ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ БАСШЫСЫНЫҢ АЛҒЫСӨЗІ



Құрметті оқырмандар, серіктестер, әріптестер!

2022 жылы КМФ және КМФ-Демеу корпоративтік қоры 25 жылдық мерейтойын атап өтті. Біз үшін бұл жай ғана айтулы күн емес, символдық мәні бар меже. Ширек ғасыр ішінде біз Талдықорғанда негізі қаланған шағын қоғамдық қордан өз саласында нарық көшбасшысы ретінде танылған ірі қаржы құрылымына дейінгі таңғажайып жолдан өттік. Бүгінде компанияның еліміз бойынша 14 филиалы және 114 бөлімшесі бар, онда 2 000-нан астам қызметкер жұмыс істейді. Осы салмақты сандардың артында жоғары білікті және кәсіпқой мамандардан құралған ұйымшыл команда тұр.

КМФ бренді Қазақстанда ғана емес, одан тыс жерлерде де жақсы танымал. ЕҚДБ, АДБ, ІФС және басқалары сияқты халықаралық қаржы институттарымен ынтымақтастық барынша ашықтықпен және Компанияның сенімді серіктестік қатынастарды орнатуға және дамытуға деген ұмтылысымен астасып жатыр. Сондықтан бізге заманауи, сапалы және жоғары технологиялық қаржы өнімдерін тұтынып жүрген 250 мыңнан астам клиент сенеді.

Компания клиенттерінің арасында, негізінен, ауыл тұрғындары, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар, шағын бизнес өкілдері бар. Олардың көпшілігі ұзақ жылдар бойы КМФ серіктесі болып келеді. Қолжетімді микроқаржыландыру құралдары арқылы біз маңызды әлеуметтік миссияны орындаймыз – ондаған мың Қазақстандыққа өз бизнесін құруға, отбасының болашағын қамтамасыз етуге көмектесеміз.

Қазақстанның тұрақты дамуы КМФ үшін бос сөз емес. Біз «жасыл кеңсе» тұжырымдамасын белсенді түрде насихаттаймыз. GEEF-тің жасыл экономиканы қаржыландыру жөніндегі халықаралық бағдарламасының серіктесі болып табыламыз. Үздік тәжірибелер негізінде дамып, аймақтық желіні жетілдіріп, жаңа технологияларды енгізіп, КМФ және КМФ-Демеу халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға айтарлықтай ықпал етеді: өткен он жылдықта қайырымдылық, гендерлік теңдік, білімді, мәдениетті, жастар кәсіпкерлігін және спортты қолдау саласында көптеген өзекті жобалар жүзеге асырылды.

Құрылған сәттен бастап КМФ және КМФ-Демеу корпоративтік қоры кәсіпкерлермен ынтымақтастықтың әлеуметтік бағдарланған моделін ұстанады және клиенттерді қорғаудың халықаралық қағидаттарын




сақтайды. Біз әйелдер кәсіпкерлігінің дамуын белсенді қолдаймыз. Өйткені біздің алғашқы қарыз алушыларымыз 90-шы жылдары жұмыссыздық пен тұрақсыз экономикалық жағдайдың салдарынан отбасыларының қаржылық әл-ауқатын қамтамасыз етуге мәжбүр болған әйел азаматшалар болды.

КМФ бүгінде микроқаржы ұйымы ғана емес. Бұл әртүрлі жастағы және әлеуметтік мәртебедегі адамдар үшін кәсіпкерлікпен айналысуға тең мүмкіндік беретін қозғалыс. Осы жылдар ішінде біз жастардың, әйелдер мен ерлердің, қалалар мен ауыл тұрғындарының өз алдарына асқақ армандар мен биік мақсаттар қойып, олардың білімі мен қажырлы еңбегін қолдай отырып, айналамыздағы әлемді өзгертуге көмектесуі үшін еңбек етіп жүрміз.

Осы есеппен танысқаннан кейін сіз КМФ пен «КМФ-Демеу» корпоративтік қорының тарихы мен миссиясы туралы көбірек біле аласыз деп үміттенеміз.

**«КМФ» МҚҰ Басқарма Төрағасы
ШАЛҚАР ЖҮСІПОВ**

КМФ ПОРТРЕТІ



- КМФ бүгін: КМФ және КМФ-Демеу
- Миссия және құндылықтар
- КМФ: тарихтағы ширек ғасыр



КМФ БҮГІН: КМФ ЖӘНЕ КМФ-ДЕМЕУ

1

КМФ – Қазақстанда микроқаржы саласында нарық көшбасшысы болып отырған ірі компания. Негізінен ауылдық жерлерде кіші және шағын бизнесті қаржыландыруға бағдарланған классикалық микроқаржы ұйымының Қазақстан экономикасына сәтті бейімделген бизнес-моделін жасаған қаржы институты.

2

1997 жылы құрылғаннан бері КМФ Қазақстан экономикасына триллион теңгеден астам инвестиция салып, негізінен ауылдық жерлерде 2 млн-нан астам несие берді. КМФ Клиентті қорғау қағидаттарына сәйкес әрекет ететін әлеуметтік бағдарланған компания ретінде халықаралық танымалдылыққа ие болды.

3

КМФ бірнеше рет түрлі сыйлықтар мен марапаттарды иеленді. Ең үлкен жетістіктері: USAID-тің әлемдегі ең үздік 15 қаржы жобасының бірі, Forbes журналының бағалауы бойынша әлемдегі ең үздік 50 МҚҰ қатарында, Smart Campaign «Бес гауһар» белгісін алды. КМФ «АА-» деңгейінде Microfinance Rating-тен әлеуметтік рейтингісіне ие. Әлемде мұндай бағалауды иеленген компаниялар көп емес. Бұл клиенттер, қоғам және қызметкерлер алдындағы әлеуметтік жауапкершілік тұрғысындағы дамуды көрсетеді.

4

2022 жылғы мамырда Fitch Ratings агенттігі компанияның рейтингін тұрақты болжаммен «В+» деңгейінде растап, табысты қызмет нәтижесін айғақтады.

5

Компанияның дамыған филиалдық желісі бар (бүкіл ел бойынша 115 кеңсе), сондай-ақ жұмысқа цифрлық технологияларды белсенді енгізуде. Бүгінгі таңда көптеген операциялар клиенттерге КМФ мобильді қосымшасында қолжетімді. Барлық процесс барынша жеңілдетілген және барлық жұмыс жоғары дәрежеде қызмет көрсетуге бағытталған.

6

Соңғы жылдары КМФ-те басталған цифрлық трансформация біздің клиенттерімізге қаржылық білім беруде, микрокәсіпорындардың үнемді қызметіне мүмкіндіктер жасауда және үй шаруашылығының бюджетін басқаруда өте маңызды рөл атқарады.

7

Нәтижесінде, біз басты стратегиялық мақсаттарымыздың бірі – КМФ клиенттері мен серіктестері үшін әлеуметтік және экономикалық пайданы қамтамасыз етуде жұмыстардың табысты орындалуын жалғастырамыз.

8

Осы жылдар ішінде Компания IFC, EBRD, ОеЕВ, SIFEM, Proparco, ADB, EIB сияқты халықаралық даму институттарымен табысты ынтымақтастықта қызмет жасады.

9

MIV (Microfinance Investment Vehicle) серіктестерінің арасында микроқаржыландыру әлемінен белгілі есімдер: responsAbility, Triodos, Triple Jump, Incofin, DWM, BlueOrchard, Symbiotics, Frankfurt мектебі сынды ұйымдар бар.

КМФ МИССИЯСЫ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ




КМФ тарихы – бұл бизнесті жүргізу үшін қоғам, клиенттер және қызметкерлер алдындағы жоғары жауапкершілікті бірінші орынға қоятын компанияның тарихы. Бұл тек әлеуметтік жобаларда ғана емес, сонымен қатар мүдделі тараптармен қарым-қатынастың негізгі принциптері мен ережелерін, сондай-ақ КМФ миссиясы мен құндылықтарын қамтитын Компанияның Іскерлік этика кодексінде де көрініс тапқан.

Миссия мен құндылықтар компания қызметкерлеріне арналған сөздер ғана емес. Бұл Компанияның кім үшін жұмыс істейтінін, қалай жұмыс істегісі келетінін және оның жұмысының нәтижесінде не көретінін нақты түсіну. КМФ-тің өзі сияқты, Компанияның миссиясы мен құндылықтары 25 жыл ішінде ұзақ эволюциядан өтті.

КМФ миссиясы мен құндылықтарының ең соңғы жаңартылуы Компанияның корпоративтік мәдениетін дамыту жобасы аясында жүзеге асырылды. Бұл процеске компанияның топ-менеджментінен бастап техникалық персоналға дейінгі барлық қызметкерлері қамтылды. КМФ Бақылау кеңесінің мүшелерін қоса алғанда 1900 қызметкер стратегиялық сессияларға қатысты. Нәтижесінде КМФ-тің болашаққа ұмтылған жаңа «философиясы» пайда болды.

КОМПАНИЯ МИССИЯСЫ



КМФ БҮГІН: «КМФ-ДЕМЕУ» ҚОРЫ



«КМФ-Демеу» - ACDI/VOCA (АҚШ) халықаралық коммерциялық емес ұйымы құрған корпоративтік қор, оның қызметі бүкіл әлем бойынша жан-жақты экономикалық өсуге, өмір сүру деңгейін арттыруға және қоғамды дамытуға бағытталған.



«КМФ-Демеу» қоры білім беру, қайырымдылық және демеушілік саласындағы түрлі бағдарламаларды, сондай-ақ кәсіпкерлікті дамыту және халық арасында қаржылық сауаттылықты арттыру жөніндегі жобаларды іске асырады.



Қордың ең көрнекті жобаларының бірі – Қазақстанның әйел кәсіпкерлерінің арасындағы «КМФ Isker hanymy» жүлдесі. Жыл сайын өтетін байқауда әрбір микробизнес кәсіпкері өз саласында үздік атануға мүмкіндік алады.



Қатысушылар саны бойынша ең ауқымды жоба – 2013 жылы басталған «ҚР халқының қаржылық сауатын арттыру» атты тегін білім беру жобасы. 2022 жылдың аяғында жобаға қатысушылардың жалпы саны 169 000-нан асты.



КМФ-Демеу КМФ-пен бірлесіп, IT-шешімдерді әзірлеуге маманданған жас кәсіпкерлерді белсенді қолдайды. 2022 жылы Қор Қазақстан мен Орталық Азияның стартаптарына қаражат бағыттайтын MOST Ventures ірі венчурлық қорына инвестиция салды.



Сондай-ақ, КМФ-Демеу түрлі жобаларды, соның ішінде ауыл шаруашылығын дамытуды жүзеге асыратын «Орталық Азия ықпал ету қорына» инвестиция құйды.



Қор өз қызметі бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (ҚНРДА), «Атамекен» ҰКП, ҚР Орталық мемлекеттік мұражайы, Enactus Kazakhstan сияқты ұйымдармен, сондай-ақ Қазақстанның басқа да коммерциялық емес ұйымдарымен және жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық орнатқан.

«КМФ-ДЕМЕУ» ҚОРЫНЫҢ МИССИЯСЫ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ



«КМФ-Демеу» корпоративтік қоры дербес коммерциялық емес ұйым ретінде қоғамның әл-ауқатын жақсартуға, оның ішінде кәсіпкерлерге жан-жақты қолдау көрсету арқылы кіші және шағын бизнесті дамытуға бағытталған. Қор әлеуметтік бағдарламалары мен жобаларын өз миссиясына сүйене отырып, іске асырады.

«КМФ-Демеу» үшін миссия – әлеуметтік инновацияларды енгізу үшін қолайлы климат құруға, сондай-ақ әлеуетті еріктілерді, қызметкерлер мен серіктестерді тартуға көмектесетін құрал.

Қордың миссиясы дамып, 2021 жылы жаңа мазмұнға ие болды. КМФ-Демеу құндылықтары әрдайым Қордың қызметіне үйлесімді түрде араласып, КМФ-тің құндылықтарымен үндеседі.

ҚОР МИССИЯСЫ

Коммерциялық емес сипаттағы әлеуметтік, мәдени, білім беру, қайырымдылық, басқарушылық сынды бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыруға көмектесу.

2021

Әлеуметтік жауапкершілігі бар бизнес-ортаны қалыптастыру және халықтың кәсіпкерлік тұрғысындағы ойлауын дамыту.

КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ КМФ АТАУЫНЫҢ ҮШ ҰҒЫМЫНА БІРІКТІРІЛГЕН:



KNOWLEDGE

БІЛІМ

Жиырма жылдық жауапты және сапалы жұмыстың арқасында біз үлкен тәжірибе мен мол білім жинақтадық. Бұл бізге микроқаржы нарығында көшбасшы болуға көмектесті. Бірақ біз жеткен жетістіктермен шектелмейміз. Жаңа білімге деген құштарлық - КМФ-тің маңызды қозғаушы күші

БІРЕГЕЙЛІК

Ісімізді жетік білу, командадағы әрбір қызметкерді қабылдап, бағалап, дамытуымыз – бізге нарықта тың және сұранысқа ие ұсыныстарды тудыруға мүмкіндік береді

ЖАУАПКЕРШІЛІК

Біз көп нәрсе өзімізге байланысты екенін білеміз және жауапкершілік ұзақ мерзімді табыстың негізі екенін сезінеміз. Біз: клиенттеріміз бен серіктестеріміздің, командамыздың, қаламыздың, облысымыздың, еліміздің алдында жауапты екенімізді түсінеміз (жергілікті қауымдастықтар мен экономиканың дамуы, үнемшілдік, экологиялық тазалық)

САПА

Біз микроқаржыландырудың үздік халықаралық тәжірибесін қолданамыз. Біз жоғары сапа критерийлерін түсінеміз және әр әрекетте оларға барынша сәйкес келуге тырысамыз



MOTIVATION

ЫНТАЛАНДЫРУ

Біз клиенттерді ынталандырамыз, өйткені біздің қызмет оларды дамытуға бағытталған. Біздің инновациялық өнімдеріміз жұмыс процестерін икемді, ыңғайлы және тиімді етеді. Ал клиенттеріміздің жетістігі біздің бүкіл командамызды ынталандырады

ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Бізді жаңа нәрсе шабыттандырады. Біз үнемі жаңа, батыл, өнімді шешімдерді, құралдарды, технологияларды іздейміз

ДАМУ

Біз бизнесті, өнімдерімізді, клиенттерімізді тұрақты түрде дамытуды мақсат тұтамыз. Біз бір орында тұрмаймыз. Үздіксіз даму - жетістіктеріміздің кепілі екеніне шын жүректен сенеміз. Біз - жігерліміз және табыстымыз, өйткені біздің дамуымыз клиенттеріміз бен қызметкерлеріміздің әл-ауқатына ықпал етеді

ИКЕМДІЛІК

Біз өзгерістерге ашықпыз. Қиындыққа берілмейміз. Біз әрқашан икемді болуға, қайта-қайта әрекет жасауға, міндетті басқа қырынан қарастыруға, жаңа мүмкіндіктерді көруге, өзгеруге және жетістікке жетуге дайынбыз



FREEDOM

ЕРКІНДІК

Біз өз клиенттеріміз бен қызметкерлерімізге мақсатқа жету еркіндігін иеленуіне көмектесеміз. Қаржылық еркіндік ашықтық пен өзара сенім қағидаттарына негізделген. Ал шын мәнінде берік сенім тек құрғақ іскерлік уағдаластықтарға ғана емес, сондай-ақ қамқорлыққа да негізделеді

АШЫҚТЫҚ

Біздің барлық ісіміз - адал, ашық және шынайы. Бізде жасыратын ештеңе жоқ. Бұл бізге жағымсыз эмоциялардан арылып, сенімділік пен еркіндік береді

ҚАМҚОРЛЫҚ

Біз клиенттеріміз бен қызметкерлерімізге шын жүректен қамқорлық жасай отырып, оларға өздерін жайлы және еркін сезінуіне көмектесеміз. Клиенттерге деген қамқорлық – әр клиентпен жеке жұмыс жасауды, олардың жетістігіне сенуді қамтиды

СЕНІМ

Біз адамдарға сенеміз. Біз басқа қаржы ұйымдары сенбейтіндерге сенеміз. Өйткені біз стереотиптерден аулақпыз. Біз кімнің болса да тағы бір мүмкіндігі бар екеніне сенімдіміз, әркім табысты бола алады

КМФ: ТАРИХТАҒЫ ШИРЕК ҒАСЫР



АЛҒАШҚЫ ҚАДАМДАР

90-жылдардың басында, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін бірден елде елеулі экономикалық құлдырау байқалды – көптеген кәсіпорын жабылып, қаншама адам жұмыссыз қалды. Мемлекет жұмыс орындарын құру, инфляцияны тежеу және кедейлік деңгейін төмендету үшін күресті. Осы кезеңде ҚР Үкіметі АҚШ-тың Халықаралық даму агенттігімен (USAID) ынтымақтас-тықты бастады, ол елдегі алғашқы микрокредит беру бағдарламасын әзірлеуге көмектесті.

Сол жылдары банктер шағын бизнеске, әсіресе ауылдық жерлерге назар аудармай, несиелерді қамтамасыз ету үшін тек кепілі бар ірі фирмаларға несие берді. Сондықтан микроқаржыландыру аз қамтылған, әлеуметтік жағдайы төмен және жұмыссыз адамдарға кепілдендірілмеген несиеге қол жеткізу арқылы өзінің кәсіпкерлік әлеуетін ашуға көмектесуі керек еді.



Мұндай модель өткен ғасырдың 70-жылдарында микроқаржыландыру және микрокредиттеу пионері, экономист **Мұхаммед Юнустың** еңбегімен сәтті сынақтан өтті. Ол Бангладештегі кедей шаруаларға аз пайызбен шағын несие бере бастады, бұл ретте басты шарт – қарыз қаражаты бизнесті, әдетте отбасылық бизнесті ашуға немесе кеңейтуге бағытталуы қажет еді. Кейінірек **Мұхаммед Юнус** микрокредит беру тұжырымдамасын жасап, өз банкін құрды және 2006 жылы керемет табысты әлеуметтік және коммерциялық жоба үшін Нобель сыйлығын алды.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАУЫМДАРДЫ КРЕДИТТЕУ ҚОРЫ»

Алғашқы кредиттер



1997 жылы 20 қарашада Талдықорғанда Қордың ресми кеңсесі ашылды, онда тек 4 адам жұмыс істеді: бағдарлама директоры, Бас есепші (қазіргі уақытта – «КМФ» МҚҰ Басқарма төрағасы Шалқар Жүсіпов) және 2 несие сарапшысы. Алғашқы несиені бірінші болып 21 адам 100\$ (7500 теңге) көлемінде қаражат алды – олар ісін енді ғана бастаған қала мен жақын маңдағы ауылдарда тұратын кәсіпкерлер еді. Кейбір алғашқы қарыз алушылар сауда-саттықты жайма базардан бастады және уақыт өте келе маңызды бизнеске айналдырды. Қордың несиелері арқасында дүкендер желісін ашты немесе қонақүйлер салды. Еліміздің басқа өңірлеріндегі кәсіпкерлерге несие берудің осы үлгісін масштабтау қажеттілігі түсінікті болды. Қор қызмет көрсету аясын кеңейтіп, қызмет көрсететін клиенттерінің санын көбейту арқылы қарқын ала бастады.

КМФ: ТАРИХТАҒЫ ШИРЕК ҒАСЫР



МИКРОКРЕДИТТІК ҰЙЫМ

Үйлесімді команданың табысты жұмысы мен тамаша әдіснамасының арқасында 1998 жылы қарыз алушылар саны 1000-ға жетті. Клиенттерге арналған «Іскер» атты арнайы басылымның алғашқы шығарылымы жарық көрді. 2001 жылы Бас кеңсе Алматы қаласына көшті, ал Талдықорғандағы кеңсе толыққанды филиалға айналды. Бірнеше жыл ішінде Шымкент (2000 ж.), Түркістан және Тараз (2003 ж.), Астана (2005 ж.) сияқты ірі қалаларда филиалдар ашылды. Әр филиалдың жанында ауылдық бөлімшелер жұмыс істеді. Қазақстан Республикасының қаржы нарығында дами отырып, Қор клиентке бағдарланған тұрақты және ашық ұйымның ұстанымын бекітті.

Ол кезде Қазақстанда микрокредиттік компанияларды реттеу үшін арнайы заң болған жоқ және «Қазақстанның қауымдарды кредиттеу қоры» коммерциялық емес ұйымның қағидалары бойынша жұмыс істеді, яғни оның сырттан қосымша инвестициялар тартуға құқығы болмады. Қор микроқаржыландырудан тапқан барлық кірісті бағдарламаны жақсартуға және айналым қаражатын толықтыруға жұмсады. Географиялық ауқымын және қазақстандықтар тарапынан микроқаржыландырудың өсіп келе жатқан қажеттілігін ескере отырып, ҚҚКО-ның коммерциялық тиімділігін арттыру қажеттілігі туындады, нәтижесінде бұл іске асты.

2006 жылы ҚР заңнамасындағы өзгерістер нәтижесінде ҚҚКО коммерциялық емес құрылым болып қала отырып, «Қазақстанның кредиттеу қоры» микрокредиттік ұйымы («ҚКҚ» МКҰ) болып қайта тіркелді. Ал 2006 жылдың желтоқсанында коммерцияландыру мақсатында «ҚКҚ» МКҰ еншілес коммерциялық компаниясын – «KazMicroFinance» МКО» ЖШС (КМФ) құрды.

2007 жылы микрокредит беру бойынша барлық негізгі қызмет, кредиттік портфель, негізгі құралдар, міндеттемелер мен қызметкерлер ҚКҚ-дан КМФ-ке ауыстырылды. «Қазақстанның Кредиттеу қорының» құқықтық мирасқоры бола отырып, «КМФ» МКҰ ККҚ жетістіктерін еселендіре түсіп, Орталық Азия аймағының микроқаржы нарығындағы көшбасшы позициясын сақтап қалды.

2007 жылы құрылтайшы – американдық ACDI/VOCA ұйымының шешімімен «Қазақстанның кредиттеу қоры МКҰ» ЖШС «КМФ-Демеу» корпоративтік қоры болып қайта құрылды. Бір жылдан кейін «KazMicroFinance» МКҰ ребрендинг жасап, «КМФ» деген жаңа атау алды. Бұл тарихи процестер елдің алғашқы коммерциялық емес микрокредиттік ұйымның компаниялар тобында қайта жандануымен қатар жүрді, «КМФ» МКҰ кредит беруге және микроқаржыландыруды дамытуға баса назар аударса, ал «КМФ-Демеу» қоры қоғамның игілігі үшін әлеуметтік жобаларды іске асыруға барлық күш-жігерін салды.

Кейінгі жылдары Компания Қазақстанның барлық аймағы бойынша ондаған кеңсе ашты, осылайша еліміздің ең шалғай өңірлерінде өзінің географиялық ауқымын кеңейтті. Өскемен, Көкшетау, Павлодар, Семей, Ақтөбе, Орал қалаларында және басқа да ірі қалаларда, аудан орталықтары мен ауылдарда филиалдар мен бөлімшелер ашылды.

Қарыз алушылардың саны

1998

жыл

1000

адам

КМФ: ТАРИХТАҒЫ ШИРЕК ҒАСЫР



МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМЫ

25 жыл ішінде компания тарихында көптеген жоғары жетістіктер пен жарқын жеңістер болды. КМФ тек Қазақстанда ғана емес, ТМД-да да ірі МҚҰ – нарық көшбасшысы бола білді. КМФ-тің жетістіктері ауыз толтырып айтарлықтай: әлемнің жетекші қаржы институттарымен әріптестік; кіші, шағын және орта кәсіпорындарды, әсіресе ауылдық жерлердегі кәсіпорындарды қаржыландыру үшін жүйелі инвестициялар тарту; әйелдер кәсіпкерлігін, қаржылық сауаттылықты, «жасыл технологияларды» және IT-стартаптарды қолдауға арналған жаһандық жобалар.

Әлеуметтік ықпалды тиімді басқару, микрокәсіпкерлер үшін қаржылық қызметтерге қолжетімділікті кеңейтудегі

көшбасшылық, клиенттердің құқықтарын қорғау, сервис сапасы және шешімдердің жаңашылдығы үшін – КМФ бірнеше рет ұлттық деңгейде және халықаралық ауқымда үздік микрокредиттік ұйым деп танылды.

Компания құрылғаннан бері ширек ғасыр өтсе де КМФ өз клиенттерін түсінуге, оның қажеттіліктеріне назар аударуға және тәжірибелі команданың ынтасына негізделген ашық бизнес үлгісін дамыта отырып, өз миссиясын берік ұстанып келеді.

Эволюция жалғасуда!



ЖЫЛ СОҢЫНДА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ

2006	241
2007	381
2008	355
2009	320
2010	412
2011	710
2012	934
2013	1145
2014	1252
2015	1397
2016	1536
2017	1693
2018	1908
2019	1960
2020	1811
2021	1990
2022	2142
Наурыз 2023	2171

КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК



- Клиенттерге қамқорлық
- Қоғам алдындағы жауапкершілік
- Қызметкерлерге қамқорлық
- Қоршаған ортаға қамқорлық
- Халықаралық әлеуметтік рейтинг
- Әлеуметтік ықпал

КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК



КЛИЕНТТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ

Smart Campaign қызмет көрсету стандарттары арқылы Клиентті қорғау қағидаттарын сақтау

ҚОҒАМҒА ҚАТЫСТЫ

Қайырымдылық және демеушілік жобаларды іске асыру арқылы қоғам үшін пайдалы қызметке қатысу

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ

Қызметкерлерге ашық және объективті көзқарас, әлеуметтік кепілдіктер беру және қызметкерлерге қамқорлық жасау

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАТЫСТЫ

Экологиялық бастамаларды қолдау және қоршаған ортаға зиян келтірмейтін жобаларды қаржыландыру

КМФ КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- бұл бизнесті жауапкершілікпен басқару және қызметтің ұзақ мерзімді табысына баса назар аудару. Әлеуметтік жауапты компания бола отырып, КМФ өз қызметтерін іске асыру шеңберінде өзара іс-қимыл жасайтын адамдарды жан-жақты қолдауға көп көңіл бөледі. Компания болашақ жетістіктерінің КМФ-тің қазіргі кездегі сеніміне байланысты екенін түсінеді. Компания клиенттердің, акционерлердің, қызметкерлердің және бүкіл қоғамның сұраныстарын қанағаттандыруға тырысады.

КМФ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК НЕГІЗДЕРІ:

- Адал іскерлік этика;
- Клиентті қорғау қағидаттарын сақтау;
- Халықтың барлық әлеуметтік топтарына қызмет көрсету және микроқаржы қызметтерін қолжетімді ету;
- Қызмет көрсету сапасын үнемі арттыру – клиент қажеттіліктеріне сәйкестікті қамтамасыз ету;
- Қоғамдық және әлеуметтік бастамаларды, оның ішінде экологияны қорғау жөніндегі бастамаларды қолдау.



КЛИЕНТТЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ

КЛИЕНТТЕРДІ ҚОРҒАУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Құрылған сәттен бастап КМФ кәсіпкерлермен ынтымақтастықтың әлеуметтік бағдарланған моделін ұстанады және Smart Campaign компаниясы өзірлеген тұтынушыларды қорғаудың халықаралық қағидаттарын сақтайды. Клиенттерді қорғау қағидаттары – бұл қарыз алушыларды тиімсіз қаржылық қызметтерден қорғауға және МҚҰ-ның күш-жігерін клиенттердің құқықтарын қорғауға бағытталған нақты стандарттар жиынтығы.

КМФ-те 95 индикатор бойынша барлық 7 қағидаттың қатаң сақталуын халықаралық сарапшылар бірнеше рет атап өтті. Осылайша, 2010 жылы КМФ Smart Campaign компаниясынан «Клиенттердің шамадан тыс қарыз алуына жол бермеу мақсатында жасап жатқан әрекеті үшін» марапатын және «Клиенттердің құқықтарын қорғауды жетістіктері үшін» сыйлығын алды.

2015 жылы КМФ клиенттерді қорғау қағидаттары бойынша сертификаттаудан сәтті өтіп, әлемде 31-ші және Қазақстанда Smart Campaign сертификатын алған алғашқы компания болды. Бұл сертификаттың болуы КМФ ақылға қонымды микро-қаржыландыру қағидаттарын ұстанатынын көрсетеді: клиенттерге қызмет көрсету бойынша барлық талаптарды қатаң сақтайды, олардың шамадан тыс қарыз алуына жол бермейді, несиелеу шарттары туралы ашық және толық ақпарат береді, құпиялылықты, сондай-ақ тұтынушыларды ықтимал тәуекелдерден қорғау мақсатында өзге де индикаторларды сақтайды. Компанияда Smart Campaign стандарттарының барлық талабы Компанияның бизнес-процестеріне және ішкі құжаттарына біріктірілген.

КМФ-те 95 индикатор бойынша барлық 7 қағидаттың қатаң сақталуын халықаралық сарапшылар бірнеше рет атап өтті



SMART CAMPAIGN КЛИЕНТТЕРДІ ҚОРҒАУДЫҢ ЖЕТИ ҚАҒИДАТЫ:

- 1 Өнімдерді тиісті түрде өзірлеу және тарату
- 2 Шамадан тыс қарыздың алдын алу
- 3 Ашықтық
- 4 Жауапты баға қалыптастыру
- 5 Клиенттерге әділ және құрметпен қарау
- 6 Клиент деректерінің құпиялығы
- 7 Шағымдарды қарау және шешу тетіктері

КЛИЕНТТЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ




ҚЫЗМЕТ САПАСЫН БАСҚАРУ

Қарқынды өсу мен жоғары бәсеке-лестік жағдайында қызмет сапасын басқаруға стратегиялық күш-жігерді шоғырландыру қажет екенін түсіне отырып, 2006 жылы KMF-те «Клиенттерге қызмет көрсету стандарттары» нұсқаулығын әзірлеу туралы шешім қабылданды. Қызмет көрсетуді диагностикалау, қолданыстағы бизнес-процестерді және клиенттердің пікірлерін зерттеу бойынша мұқият жұмыс нәтижесінде 2007 жылы бұл стандарттар күнделікті қызметке енгізілді. Әдеп Кодексімен бірге «Клиенттерге қызмет көрсету стандарттары» компанияның корпоративтік мәдениетіне қатысты негізгі құжаттардың бірі болып табылады. 2020 жылы KMF «Сапаны басқару саясатын» енгізді және бұл стандарттар клиенттермен қарым-қатынас кезінде жинақталған тәжірибені ескере отырып, қайта

қаралды және толықтырылды. Клиенттерге қызмет көрсету сапасын одан әрі жақсарту мақсатында 2021 жылы қызметкерлердің маңызды санаттары – жеке менеджер, кеңесші, байланыс орталығының операторы үшін жеңіл және икемді стандарттар құрылды. Компания клиенттермен кері байланыс жасай отырып, жеке менеджердің жұмыс сапасын бағалау, клиенттерге микрокредит беру және өтеу процесін бағалауы, тестілеу жүргізу, сонымен қатар жасырын сатып алушы ретінде үнемі мониторинг жүргізеді. KMF-те клиенттермен нақты кері байланыс жүйесі жолға қойылған, атап айтқанда, клиенттердің өтініштері үшін 15-тен астам арна бар, олар уақтылы өңделеді және клиенттерге кері байланыс жасалады. Компанияның қызметіне қатысты

кері байланыс тұрақты негізде әртүрлі коммуникация арналары арқылы жүзеге асырылады: жергілікті жердегі жеке менеджерлерге, тәулік бойы байланыс орталығына (қоңырау шалу, мессенджерлердегі чаттар), электрондық поштаға, әлеуметтік желілердегі KMF парақшаларына, сайттағы жеке кабинетке, мобильді қосымшаға және басқаларға тікелей жүгіну. Жүйе БҚ-дағы барлық өтініштерді тіркейді және жауапты қызметкерлер өтініштің барлық жолын көреді.



ҚЫЗМЕТТІ БАҒАЛАУДЫҢ БҮКІЛ ЖҮЙЕСІ МЫНАЛАРДАН ТҰРАДЫ:



қызметкерге және процеске қатысты клиенттің қызмет көрсету сапасын бағалауы



қызметкерге және процеске жасалған дәйекті шағымдарды бөле отырып, шағымдарды есепке алу жүйелері



жергілікті жерлерде қызмет көрсету стандарттарына сәйкестігін тексеру (чек-парақтар жүйесі, құпия сатып алушы, бақылау арқылы эргономика)



қызметкерлерді оқыту және сапалы жұмысы үшін ынталандыру жүйелері

Байланыс орталығында Wellcome call тобы құрылды, ол клиенттердің қызметке, компанияға, оның қызметтеріне және қызмет көрсеткен қызметкерлерге NPS өлшеу қатынасын анықтау үшін клиенттердің әртүрлі санаттарына сауалнама жүргізеді. Сауалнама нәтижелерін талдағаннан кейін KMF қызметкерлердің мінез-құлқын немесе несие беру шарттарын өзгерту үшін әдіснама немесе оқыту бойынша бизнес-процестерге қажетті түзетулер енгізеді.

2021 жылы KMF «Бірінші дәрежелі сервис» жобасын іске қосты, оның аясында қызметкерлер үшін тренингтер өткізіліп, сервис сапасын жақсарту мәселелері талқыланды. 2022 жылы Компанияның барлық қызметкері «Қарым-қатынас: кәсіпқой бол» тақырыбында оқудан өтті. 2023 жылдың басынан бастап сервистің негізгі көрсеткіштері бойынша ынталандыру жүйесі енгізіліп жатыр.



КЛИЕНТТЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА КЛИЕНТТЕРДІ ҚОЛДАУ

Клиенттерге жауапкершілікпен қарау мүдделі тараптармен жан-жақты қарым-қатынас жасаумен шектелмейді. КМФ-те форс-мажор, төтенше жағдайларда клиенттерді қолдауға бағытталған арнайы бағдарламалар іске асырылады. Бұл бағдарламалар іскерлік белсенділіктің төмендеуін жұмсартуға, кәсіпкерлерге табыстың жоғалуына байланысты уақытша қиындықтарды еңсеру үшін мүмкіндіктер беруге арналған. Ол үшін КМФ пен КМФ-Демеу қоры компаниялар тобы клиенттердің, оның ішінде әйел кәсіпкерлер мен фермерлердің әртүрлі санаттарын қамтитын субсидиялау жобаларын әзірлейді және қажетіне қарай енгізеді.

Мәселен, коронавирустық инфекция пандемиясы кезінде және Қазақстан Республикасында төтенше жағдай режимінің енгізілуіне байланысты 2020 жылы КМФ өз клиенттеріне: жеке тұлғаларға, кіші және шағын бизнеске теріс әсерді азайту мақсатында бірқатар қосымша шаралар енгізді. Клиенттердің әр санаты үшін компаниядан қаржылық көмек құралдарының өзіндік пакеті жасалды. ТЖ режимін енгізуге байланысты қиындықтарға тап болған КМФ қарыз алушыларын қолдау шараларына, мысалы, негізгі борыш бойынша төлемді кейінге қалдыру, төлемдерді кешіктіру кезінде айыппұлдар мен өсімпұлдардың күшін жою, төмендетілген пайыздық мөлшерлеменен

қосымша қаржыландыру мүмкіндіктері кірді. 2020 жылдың қыркүйегінен бастап белгілі бір критерийлерге ие әйел кәсіпкерлерге бағытталған арнайы несиелеу бағдарламасы жұмыс істеді. Бизнесінің қандай да бір түріне иелік ететін іскер әйелдер пайыздық мөлшерлемесі екі есе төмендетілген микрокредит алу мүмкіндігіне ие болды. Артықшылығы – КМФ өз қаражаты есебінен пайыздық мөлшерлеменің 50%-жартысын субсидиялайды (төледі). Өтінімдерді қарау кезінде пандемиядан ең көп зардап шеккен аймақтар мен қызмет түрлеріне басымдық берілді.

2021 жылы Қазақстанда жауын-шашынның аздығына және жоғары температураға байланысты мал және егін шаруашылығымен айналысатын фермерлер ауыр жағдайда болды.

Кәсіпкерлердің бұл санаты мал азығының, жанар-жағар май бағасының қымбаттауына және қатты құрғақшылық нәтижесінде егін жинаудың азаюына байланысты қиындықтарға тап болды. Адамдарға өз бизнесін сақтауға көмектесу үшін елдің Агро кәсіпкерлеріне субсидиялар жобасы әзірленді.

Бағдарлама барлық аймақтарда жұмыс істеді, бірақ ең көп зардап шеккен аймақтарға басымдық берілді. КМФ ең көп жеңілдетілген қарыздарды Түркістан, Қызылорда, Жамбыл және Алматы облыстарында берді.

Бірнеше апта ішінде
Қазақстанның

700-ге
жуық фермері
жеңілдетілген несие алды

КЛИЕНТТЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ



ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА КЛИЕНТТЕРДІ ҚОЛДАУ

2022 жылы КМФ қаңтар айында ТЖ салдарынан ең көп зардап шеккен кәсіпкерлер үшін қосымша қолдау шараларын дайындады: залал сомасына байланысты атаулы материалдық көмек, негізгі борыш бойынша өтеуді кейінге қалдырумен және сыйақыны 3 айға дейін есептен шығарумен кредиттік демалыс, сондай-ақ өтеу кестелерін өзгерте отырып, микрокредиттерді қайта құрылымдау.

Сонымен қатар, субсидиялау бағдарламасы енгізілді. Тонаушылардың әрекетінен зардап шеккен немесе ТЖ режимі салдарынан өз қызметін тоқтата тұруға мәжбүр болған клиенттер (жеке және заңды тұлғалар) айналымдағы немесе негізгі құралдарды толықтыруға 50% төмендетілген сыйақы мөлшерлемесімен қосымша қаржыландыру ала алды.

Айта кету керек, аталған кәсіпкерлерді қосымша қолдау бағдарламаларына байланысты барлық қаржылық шығыстарды КМФ мемлекеттен қандай да бір қаржылық көмек сұрамай, өз қаражаты есебінен жапты.

КМФ СУБСИДИЯЛАРЫ:

250

млн. тг

2020 жыл – пандемия кезінде зардап шеккендер үшін бизнесті қалпына келтіруге немесе қызметтің баламалы түріне 250 млн теңгеден астам қаражат бөлінді.

100

млн. тг

2021 жыл – отандық өндіріспен айналысатын клиенттерді қолдауға 100 млн теңге қаржы бөлінді.

182

млн. тг

2021 жыл – қатты құрғақшылық, ЖЖМ мен жемшөптің қымбаттауы салдарынан егін жинаудың төмендеуіне байланысты мал шаруашылығымен және өсімдік шаруашылығымен айналысатын Агро сектордағы клиенттер үшін 182 млн теңгеден астам қаражат бөлінді.

200

млн. тг

2022 жыл – 200 млн теңге, оның 137 млн теңгесі ағымдағы жылдың қаңтар айында ТЖ кезінде зардап шеккен кәсіпкерлерді қолдау үшін пайдаланылды.

ҚОҒАМ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК



КМФ және КМФ-Демеу қоры елімізде болып жатқан қоғамдық үдерістерге, мемлекеттің әлеуметтік бағдарланған бағдарламаларын, сондай-ақ мәдени, білім беру, спорт және коммерциялық емес сипаттағы басқа да салалардағы өз бастамаларын іске асыруға қатысуды өздерінің азаматтық борышы деп санайды. Бұл КМФ-тің сенімділігі мен болашағының зор екенін айғақтайды, өйткені жалпы адамзаттық құндылықтарды тану және қолдау ұйымның корпоративтік мәдениетінің маңызды элементі болып табылады.

КМФ-тің қоғам алдындағы, адамдар алдындағы және мемлекет алдындағы әлеуметтік жауапкершілігі халықтың әртүрлі әлеуметтік тобының мүдделерін ескере отырып, қазақстандық қоғамның тұрақты дамуындағы өзінің үлесінің аз емес екенін түсінеді. КМФ және КМФ-Демеу қорының қызметкерлері осындай көзқарасты ұстанады және оны толығымен қолдайды, оның ішінде әлеуметтік жобаларды іске асыруға өз күштері мен уақыттарын жұмсайды.

Компанияда Корпоративтік-әлеуметтік жауапкершілік саясаты, сондай-ақ Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету ережелері әзірленді. Компанияның барлық әлеуметтік жобаларының айқындаушы факторлары халықтың әлеуметтік осал тобына жататын отбасылардың балаларына және олардың аналарына көмек көрсету, ауылдық өңірлерде инфрақұрылымды дамыту, балалар спортын қолдау, елдің мәдени мұрасын дамыту болды.

1998 ЖЫЛ – ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАСТАУ АЛУЫ

КМФ-тің алғашқы қайырымдылық жобалары қызметкерлердің бастамасымен жүзеге асырылды. Ол кезде жаңадан құрылған коммерциялық емес қордың әлеуметтік жобаларды ұйым есебінен қаржыландыру мүмкіндігі әлі болған жоқ, сондықтан қызметкерлер қоғамдық пайдалы қызметке үлес қосудың жолын тапты. 1998 жылы Талдықорған қаласындағы «Былғары доп» балалар футбол турнирінің қатысушылары қордан командалар үшін доптар сатып алуды сұрағанда, ұйым қызметкерлері ұжым ішінде қаражат жинауға бел бұды. Осылайша «Игі істер» жобасы пайда болды. Нәтижесінде жиналған сома тек доптарға ғана емес, сонымен қатар балалардың басқа да қажеттіліктерін толық өтеуіне жеткілікті болды.

«Игі істер» жобасы ота жасауды қажет ететін балаларға көмектесу үшін, тіпті Гаитидегі жер сілкінісінен кейін адамдардың өмірін сақтау үшін әртүрлі қайырымдылық мақсат

тарда бірнеше рет пайдаланылды. 2014 жылдан бастап КМФ-тің барлық филиалы бойынша жыл сайын «Жақсылық акциясы» өткізілетін болды. Оның шеңберінде компания қызметкерлері өз бастамаларымен мұқтаж адамдарға ақша және заттар жинап, үй жағдайындағы шаруашылық жүргізуге және басқа да мәселелер бойынша көмектер көрсетілді. Қызметкерлердің қамқорлығында

ардагерлер, көпбалалы отбасылар мен жетімдер үйінің тәрбиеленушілері бар. Балалар футболын қолдауда жақсы дәстүрге айналды. Қазір жыл сайын «Олимп-КМФ» республикалық спорттық жарысы өткізілетін болды. Кубок жолындағы тартысты бәсекелерге Қазақстанның түрлі өңірлерінен балалар қатысады. Барлық ұйымдастыру және жүлдегерлерді марапаттау шығындарын КМФ қаржыландырады.



НЕГІЗГІ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМЕУШІЛІК ЖОБАЛАР



2010 жылдан бастап

- Қардың еруі мен бөгеттің қирауы нәтижесінде Алматы облысындағы Қызылағаш ауылын су басып қалды. КМФ қызметкерлерінің күшімен зардап шеккендерге 1 миллион теңге көлемінде материалдық көмек көрсетілді. Азық-түлік, жуғыш заттар, жеке гигиена құралдары, киімдер мен аяқ киімдер, іш киімдер сатып алынды.
- Халықаралық балалар күніне орай КМФ филиалдарының қызметкерлері көптеген қайырымдылық акцияларын ұйымдастырды:
 - Шымкентте балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік оңалту орталығына филиалдың барлық ұжымы жинаған қаражат есебінен жазғы аяқ киімдер, киімдер, ойыншықтар мен төттілер сыйға тартылды.
 - Алматыда №1 балалар үйінің 100 тәрбиеленушісі «Байқоңыр» кинотеатрында «Шрэк мәңгі» мультфильмін тамашалады.
 - Астанада аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан үш балаға оқудағы жетістіктері үшін велосипедтер тарту етілді.
 - Қарағандыда «Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған облыстық балалар үйі» ММ музыкалық залға кілем және теннис спортына арналған спорттық жабдықтар сыйға тартылды.
 - Талдықорғанда көмекші мектеп-интернат тәрбиеленушілеріне DVD және спорттық құрал-жабдықтар (футбол және волейбол доптары, секіртпелер) сыйға тартылды. Жиын соңында барлық балаларға балмұздақтар таратылды.
 - Түркістанда Никитин атындағы орта мектептің 1-сыныбында оқитын жетім балаларға арнап мектеп формалары, аяқ киімдер, рюкзактар мен оқу құралдары сатып алынды.
 - Таразда Савва атындағы Меркі балалар үйінің 117 тәрбиеленушісіне арнайы концерт пен спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды. 3-5 жастағы балалар мозаика, конструкторлар, әткеншектер мен батуттар алды. Ал балалардың футбол командасы қажетті спорттық жабдықтарға ие болды.
- Астана қаласы мектептері арасында КМФ кубогының жүлдесі үшін футболдан жыл сайынғы әйелдер турнирі өткізіледі.
- Қырғызстанда болған революциялық оқиғалардан кейін Ош және Жалал-Абад қалаларын қалпына келтіру үшін «Возрождение» қорына қайырымдылық көмек көрсетілді.

2011

- КМФ және КМФ-Демеу Қазақстанда Астана және Алматы қалаларында өткен VII Қысқы Азия ойындарының қаржылық серіктесі болды.
- Тараз қаласында Қазақстанның іскер әйелдер қауымдастығы ұйымдастырған «Балаларды қорғау» күніне арналған «Тілектерді орындау» қайырымдылық акциясына атсалысты. Акцияға қатысушылар – аз қамтылған отбасылардың балалары ұйымдастырушыларға өз тілектерімен хаттар қалдырды. Нәтижесінде КМФ балаларға қысқы күртешелер, спорттық костюмдер, күнделікті киімдер, велосипедтер, қуыршақтар, машиналарды сыйға тартты.
- Қазақстандық суретші Арман Бектасовқа «Сызықтар тілі – бірлік тілі» атты жеке көрмесін ұйымдастыруға қаржылай қолдау көрсетілді.
- Компания ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай Өскеменде «Қала күнін» ұйымдастыруда қаржылық серіктес болды.
- КМФ және КМФ-Демеу жалпы білім беретін мектептердің 7-11 сынып оқушылары арасында футболдан I Республикалық әйелдер турнирінің бас серіктесі болды.

2012

- КМФ қызметкерлері «Бауыржан» қорының жыл сайынғы ұйымдастыратын «Сенің күнің, Донор» атты акциясына қатысты. Жиналған қан Педиатрия институтының онкогематология бөлімінің балаларын емдеуге пайдаланылды.
- Қазақстан халқы ассамблеясымен бірлесіп «Арман қалам – Астана!» атты балалардың республикалық сурет байқауы өткізілді. Іріктеу турында 14 облыс орталығы мен Қазақстанның 4 қаласынан 6 жастан 14 жасқа дейінгі 5000-нан астам баланың жұмыстары ұсынылды.
- КМФ және КМФ-Демеу Алматы облысы Талғар қаласындағы «Ковчег» балалар үйінің тәрбиеленушілері үшін жыл сайынғы қайырымдылық акциясын ұйымдастырды. Аукцион өткізіп, оның қорытындысы бойынша қызметкерлер балалардың қолөнер бұйымдарын сатып алды. Тәрбиеленушілерге демеушілік көмектен, аукционнан түскен қаражат берілді. Сондай-ақ балалар қысқы аяқ киімдермен қамтамасыз етілді.
- Алматы қаласының орта мектеп оқушылары арасында «Тәуелсіздікке тарту» шығармашылық фестивалі өтті. Жамбыл атындағы Қазақ Мемлекеттік филармониясында ұйымдастырылған фестивальге қатысқан

НЕГІЗГІ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМЕУШІЛІК ЖОБАЛАР



оқушылар КМФ-тен бағалы сыйлықтар алды.

- Жаңа жыл қарсаңында КМФ «Милосердие» қоғамдық қорының өтінішін жерге қалдырмай, Алматы қаласындағы Педиатрия ҒЗИ онкогематологиялық бөлімшесінде емделіп жатқан балаларға сыйлықтар тарту етті.

2013

- КМФ қызметкерлерінің қатысуымен Талғар қаласындағы «Ковчег» балалар үйінде «Шығармашылық кеш» өткізіліп, балаларға «Зайкина избушка» қойылымы көрсетілді. Балалар үйінің тәрбиеленушілеріне сыйлықа бисер тоқу, қышпен мүсіндеу, тоқыма, қағаздан және құрақтардан зат дайындау және т.б. қолөнер жұмыстары бойынша кітаптар сыйға тартылды. Бұл кітаптар компания қызметкерлерінің қаржысына сатып алынған. Ал шара соңында бүлдіршіндерге КМФ-тің мерейтойлық шоколадтары үлестірілді.
- 9 мамыр қарсаңында КМФ және КМФ-Демеу Қазақстанның 14 қаласында 100-ден аса соғыс және тыл ардагерлеріне қолдау көрсетті. Сыйлықтар арасында тұрмыстық техника, азық-түлік себеті, дәрі-дәрмек пен медициналық жабдықтар бар. Сондай-ақ кей жағдайларда сантехниканы толығымен алмастыру жұмыстары да жүргізілді.
- «Балаларды қорғау» күніне орай КМФ-тің барлық 14 бөлімшесінде жүзден аса балаға нағыз мереке өткізілді. Жетім балаларға және мүмкіндігі шектеулі балаларға бірқатар қайырымдылық шарасы ұйымдастырылды. Компания қызметкерлері қалалардағы мәдениет саябақтарында ертегі кейіпкерлерінің қойылымын, ойындар мен байқаулар, викториналар өткізді. Әр бала КМФ-тен сыйлықтар алып қана қоймай, ерекше әсерге бөленді.
- Астанада «Бірлік мейірімділік арқылы» атты қайырымдылық шарасы өтті. Қазақстан халқы ассамблеясы ұйымдастырған бұл шараға КМФ демеушілік етті. Ақция Ұлттық «Ана мен Бала» орталығында ем қабылдап жатқан лейкемияға шалдыққан 1-18 жас аралығындағы балаларды қолдауға бағытталды.
- Қазақстан халқы ассамблеясы және КМФ Қазақстан халқының Тілдері күнін мерекелеуге орай Тараз қаласының «Достық» орталық алаңында «Тіл – ел бірлігі» фестивалін ұйымдастырды.

2014

- Жыл басында КМФ-тің барлық бөлімшелерінде «Мейірімділік акциясы» басталып, компания қызметкерлері қаржылай және заттай көмек жинап, мұқтаж

жандарға қолдау көрсетті. Қызметкерлердің қамқорлығында ардагерлер, көпбалалы отбасылар мен жетімдер үйі болды. Ақция аясында 700-ден астам адам қамтылып, жиналған қаражаттың жалпы сомасы 4 259 583 теңгені құрады.

- КМФ Қазақстанның елді мекендерінде 27 ардагерді құттықтады. Ардагерлердің өз таңдауы бойынша оларға шипажайға жолдама, денсаулықты жақсартуға арналған арнайы құралдар тарту етілді, жөндеу жұмыстары жүргізілді, көмір сатып алынды. Сондай-ақ аудан орталықтары мен ауылдарда 5 тарихи ескерткіш қалпына келтірілді.
- КМФ Қызылорда қаласындағы жетім балалардың концертке арналған костюмдерін тігуге көмектесіп, «Таңшолпан» республикалық байқауына бару үшін демеушілік көрсетті.
- КМФ-тің Алматы филиалының қызметкерлері «Білім күніне» орай Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты жанындағы Балалар онкология бөлімінің 32 науқасы мен Алматыдағы Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының 120 науқасына арналған мерекелік шараны ұйымдастыруға атсалысты. Балалар үшін маймылдар мен күшіктердің қойылымы көрсетілді. Сонымен қатар түрлі сыйлықтар мен тәттілер таратылды.
- Компания «Ертіс шапағаты» жас таланттардың халықаралық байқауында (Павлодар қаласындағы бөлімшесі) демеуші болды.

2015

- Алматыда КМФ Бас кеңсесінің қамқорлығындағы №10 мектепте Наурыз мерекесіне орай аз қамтылған отбасыдан шыққан балалар үшін мереке ұйымдастырылды. Балаларды олардың тәлімгерлері – КМФ Бас кеңсесінің қызметкерлері құттықтады. Олар мектепте информатика, би, сурет салу, кино клуб және «Ақылды балақайлар» байқауын өткізеді. КМФ қолдауымен соңғы қоңырауда осы оқушылар үшін Алматыдағы П.Чайковский атындағы музыкалық колледжінің талантты студенттері өнер көрсетті. Ал қыркүйектің басында КМФ осы №10 мектептің оқушылары үшін 15 екіқабатты төсек сатып алды.
- Жеңіс күні қарсаңында КМФ Бас кеңсесінің қызметкерлері ардагерлерге көмектесу үшін 114 000 теңге жинады. Бұдан бөлек компания 3 ардагерге қажетті заттарды сатып алуы үшін 100 000 теңгеден берді.
- КМФ Қазақстан халқы ассамблеясының Балаларды қорғау күніне арнап ұйымдастырған «Бірлік мейірім

НЕГІЗГІ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМЕУШІЛІК ЖОБАЛАР



арқылы» қайырымдылық акциясына қатысты. Компания Астанадағы «Ана мен бала» орталығының емделушілері үшін ойын алаңқайларын тарту етті.

- Алматыдағы Розыбакиев көшесіндегі бөлімше екінші жыл қатарынан Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының науқастары үшін нағыз мереке ұйымдастырды. Бұл жылы бөлімшеде шалғай ауылдан келген 30-ға жуық бала болды. Бүлдіршіндер үшін арнайы сайқымазақтар шақырылып, үйретілген иттердің қатысуымен шағын шоу өтті. Бұдан соң балаларға сыйлықтар мен тәттілер үлестірілді.
- «Қазақтан халқы тілдері күні» қарсаңында КМФ микроқаржы ұйымы Қазақстан Халық ассамблеясымен бірге Талдықорған қаласының тұрғындары мен қонақтары үшін үлкен мерекелік шара – КМФ-тің туған күнін өткізді. Шара аясында ту көтерушілер шеруі, концерт пен жастарға арналған флешмоб ұйымдастырылды.
- Алматыдағы Достық үйінде «Мата Про әлеуметтік осал топқа жататын әйелдерді қолдау және дамыту қоры» ҚҚ ұйымдастырған Мата Pro Market шарасы өтіп, оған 250-ден аса ана қатысты. Шараға КМФ қолдау көрсетті.
- Қарағандыда аралас жекпе-жек бойынша NOMAD MMA ашық чемпионаты өтті. Жарысқа 8 елден 550 спортшы қатысты. 14-15 аралығындағы спортшылар арасында бақ сынаған Көкпекті балалар үйінің тәрбиеленушісі Дарья Кондрашева алтын медаль жеңіп алды. Семейдегі КМФ бөлімшесі қызметкерлерінің көмегімен спортшы қыздың жол жүру мен қонақ үй шығындарын жабатын қаржы жиналды.
- КМФ Жаңа жыл қарсаңында Алматының тау бөктерінде орналасқан «Алатау» балалар клиникалық шипажайының емделушілерін құттықтады. Мұнда Қазақстандағы жалғыз балалар хосписі жұмыс істейді. Балаларды құттықтау үшін Аяз ата мен Ақшақар келді және балаларға сыйлықтар таратты. Сондай-ақ орталық үшін төсек жабдықтары, азық-түлік пен кір жуғыш заттар сатып алынды.

2016

- Қазақстандағы «Мен сенімен біргемін» онкологиялық дертке шалдыққан балаларды қолдау орталығының өтініші бойынша КМФ онкологиялық аурулары бар балаларға көмек көрсетті. КМФ қаражатына сатып алынған сөмкелермен балдырғандар Мәскеуде өткен онкологиялық аурулары бар балаларға арналған VII Дүниежүзілік ойындарға аттанды.
- 9 мамырда КМФ компаниясы ардагерлерді құттықтады.

Қазақстанның әр өңірінен келген 101 ардагерге қаржылай және т.б. көмек көрсетілді. Мысалы, Шелек бөлімшесінің қызметкерлері Ұлы Отан соғысының ардагері Василий Иванович Ткаченкоға арнайы барып құттықтап, оның отбасына үш тонна көмір мен бір текше метр отын, сондай-ақ азық-түлік себетін сыйға тартты. Ал Қызылордада КМФ филиалының қызметкерлері Екінші дүниежүзілік соғысының ардагері Иван Прокопьевич Онищенкоға диван сыйлады.

- Алматы облысындағы Төңкеріс ауылында орналасқан соғыс ардагерлеріне арналған ескерткіштің аумағы абаттандырылды. 2015 жылы КМФ күшімен аталмыш ескерткіш қалпына келтіргеннен кейін жыл бойы тәртіп пен тазалықты сақтау үшін Алматы бөлімшесінің қамқорлығына алынды. Компания қызметкерлері гүл отырғызу, ағаштарды ақтау, орындықтар мен жиіктас-тарды бояу, шөп шабу секілді жұмыстарды жүргізді.
- Астана қаласында Венгрияда өткен ересектер арасындағы кикбоксингтен Әлем кубогының қорытындысы бойынша баспасөз конференциясы өтті. Қазақстандық спортшылар: 7 алтын, 5 күміс, 8 қола, жалпы есеппен 20 медаль жеңіп алды. Әр жүлдегерге КМФ тарапынан қаржылай көмек көрсетілді. Мәселен, алтын медаль үшін 200 мың теңге, күміс үшін 150 мың теңге, қола үшін 100 мың теңгеден берілді. Сондай-ақ жаттықтырушыларға қаржылық қолдау көрсетілді. КМФ-тің Қазақстан кикбоксинг федерациясына көрсеткен көмегінің жалпы бюджеті 3,2 млн теңгені құрады.
- КМФ бөлімшелері бұл жылы Қазақстан бойынша 1,5 мыңнан астам баланы «Балаларды қорғау» күнімен құттықтады. Балалар үйлерінің, Мүгедектерді оңалту және бейімдеу орталықтарының, балалар қорларының, мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілері үшін 29 қайырымдылық акциясы өткізілді. Көмек ретінде тұрмыстық техника, жиһаз, оқу материалдары сатылып алынды, балалар мерекелері ұйымдастырылды. Ел бойынша барлығы 14 мекеме қамтылды. Сондай-ақ аз қамтылған 12 көпбалалы отбасылардың балаларына көмек көрсетіліп, олар үшін қажетті киім-кешек пен азық-түлік себеттері сатылып алынды. 3 шағын қала мен ауылда балаларға арналған жалпы қалалық шаралар ұйымдастырылды. Мұнда ойын-сауық бағдарламасы, спорттық және шығармашылық байқаулар, сыйлықтар мен тәттілер де қамтылды.
- Қарағандыдағы КМФ бөлімшесі сал ауруына шалдыққан 5 жасар Дарья К.-ға оңалту отасын жасау үшін 250 000 теңге сомасында материалдық көмек көрсетті.

НЕГІЗГІ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМЕУШІЛІК ЖОБАЛАР



- КМФ Атбасар қаласында жалпы пайдалану үшін 10 орындық орнатып, қаланы абаттандыруға үлес қосты. Орындықтар теміржол вокзалының жанында, автовокзал және әкімдіктің маңы секілді адамдар көп жиналатын орындарға орнатылды.
- Жаңа оқу жылы қарсаңында «Мейірімділік акциясы» корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жобалары аясында КМФ қызметкерлері түрлі қалаларда дәстүрлі түрде бірқатар іс-шараларды ұйымдастырды:
 - Алматы облысындағы Шелек ауылында аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға сыйлықтар сатып алынды. Х.Бижанов атындағы орта мектептің оқушыларына аяқ киім, мектеп формасы, спорттық костюмдер, сөмкелер, жейделер сыйға тартылды;
 - Таразда «Нұрбала» қоғамдық қорына көмек көрсетті. Бұл орталықта 4 және одан жоғары жастағы мүгедек балалар бейімдеуден өтеді. Жиналған қаражатқа қызметкерлер 25 сөмке сатып алды;
 - Түркістанда «Бабай Қорған» мектебінде білім алатын аз қамтылған отбасыдан шыққан балаларға көмек көрсетілді. Жиналған қаражатқа қызметкерлер оқу құралдарын, форма мен жылы киімдер сатып алды;
 - Қарағандыда ерекше қажеттілігі бар үш балаға көмек көрсетіліп, азық-түлік және дәрі-дәрмек, өзге де қажетті дүниелер сатып алынды;
 - Қалдаяқов көшесіндегі бөлімше қызметкерлері Талғардағы «Ковчег» балалар үйінің тәрбиеленушілерін Жаңа жылмен құттықтап, оларға мандариндер мен тәттілер тарту етті. Ал бас кеңсе қызметкерлері «Жаңұя» балалар орталығының балаларын құттықтап, 3 «Б» сыныбының 15 оқушысына LEGO, киім-кешектер және тәттілер сыйлады.

2017

- КМФ «Мен алматылықпын» қоғамдық бірлестігінің Бішкек (Қырғызстан) маңындағы Boeing 747 ұшақ апаты кезінде зардап шеккендерге көмек көрсету туралы үндеуін қабыл алды. Апат кезінде 23 үй қиратқан. Бас кеңсе қызметкерлері азық-түлік пен киім-кешек жинап, қажетті мекенжайға жеткізіп берді.
- КМФ Мәскеуде өткен онкологиялық дертке шалдыққан балаларға арналған VIII Дүниежүзілік ойындарға барған Қазақстан құрамасына рюкзактар сатып алды. Бұл ойынға әлемнің 18 елінен онкологиялық аурумен күресіп жатқан және ауруды жеңген 1000-нан астам бала жиналады.
- Балаларды қорғау күні аясында КМФ Қазақстан бойынша бірқатар қайырымдылық шараларын өткізді:

- Павлодарда қызметкерлер балалар үйіне балалар аяқ киімін сыйлады;
- Оңтүстік Қазақстан облысының Ленгер қаласында КМФ Ленгер көмекші мектеп-интернатына жаңа балалар алаңын сыйға тартты;
- Қарағандыда қызметкерлер балалар үйінің ерекше қажеттілігі бар тәрбиеленушілерін құттықтап, ойыншықтар мен киімдерді сыйға тартты;
- Ақтөбеде қызметкерлер Кобдин балалар үйіне көмек көрсетіп, балаларға сыйлықтар сыйлады;
- Таразда КМФ жыл сайын жүзден өтетін балалар турниріне демеушілік етті;
- Теміртауда КМФ қызметкерлері Баймырза кентіндегі мерекелік шараға келген балаларға тегін балмұздақ таратты.

2019

- Үшінші жыл қатарынан КМФ және КМФ-Демеу Алматыда өткен «Unity» отбасылық фестивалінің серіктесі болды. КМФ алаңына U-special және CyberFund қорлары шақырған ерекше қажеттіліктері бар 210 бала келді. Балалар Қазақстанда тұратын киберқаһармандар мен кибержасампаздар туралы мәлімет алып, тәтті мақта мен балмұздақтан дәм татты.

2020

- КМФ және КМФ-Демеу коронавирус пандемиясымен күресіп жатқан қазақстандық медицина қызметкерлеріне қолдау көрсетті. Компания елдегі ауруханаларда, шипажайларда және медициналық орталықтарда арнайы қызметтер үшін 1200 қорғаныс комбинезоны мен респиратор сатып алуға қаржы бөлді. Аталмыш көмек барлығы 10 мекемені қамтыды.
- КМФ мұқтаж жандарды азық-түлікпен қамтамасыз ету бойынша Қазақстанның Қызыл Жарты Ай жобасын қаржыландырды. Азық-түлік жиынтықтарын беру төтенше жағдай кезеңінде карантинге жабылған Астана және Алматы қалаларында өтті. Барлығы 800 отбасыға, оның ішінде аз қамтылған, көпбалалы және толық емес, ерекше қажеттілігі бар әрі жалғызбасты адамдар мен қолдаусыз қалған қарттар үшін 4 млн теңге бөлінді.
- Қарағанды қаласының 150 көпбалалы аз қамтылған отбасыға азық-түлік сатып алу үшін «KZ» қорына қайырымдылық көмек көрсетті.
- КМФ «Мама Про» әлеуметтік осал топқа жататын әйелдерді қолдау және дамыту қоры» қоғамдық қорына қолдау көрсетіп, АВА-терапияны оқыту, оқытушылар

НЕГІЗГІ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМЕУШІЛІК ЖОБАЛАР



мен тәрбиешілерге ақы төлеу бойынша қаржылай көмектесті.

- Аз қамтылған 120 қарияны азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін «Алматы» әйелдер клубы» қоғамдық бірлестігіне қолдау көрсетілді.
- Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойы қарсаңында КМФ және КМФ-Демеу балалар мен жасөспірімдерге арналған «Абай мұрасы» атты ауқымды онлайн-байқау ұйымдастырды. Байқау «Абайдың балалық шағы», «Абай оқулары», «Абай әндері» және «Ақынға арнау» атты төрт номинациядан тұрды. Сайысқа түрлі қала мен аудандардан 6-18 жас аралығында 285-тен астам бала мен жасөспірім қатысты. Әр номинация бойынша жеңімпаздарға диплом мен графикалық планшеттер, суретшіге арналған жиынтық, смартфондар, құлаққаптар, сондай-ақ А.Құнанбаевтың «Қара сөздері» табыс етілді.

2021

- Компания Алматы облысы Талғар қ. «Ковчег» балалар үйіне арналған спорт залын жөндеуден өткізді.
- «Береке» қорының әлеуметтік осал топтағы балаларға арналған білім беру орталығын жөндеу үшін құрылыс материалдары сатып алынды.
- Төле би балалар үйінің аумағындағы балалар алаңқайын қалпына келтіру жұмысы жүргізілді. Нәтижесінде жаңа ойын кешені, спорт алаңы және екі самалжай орнатылды.
- Ерекше қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп отырған аналар психологиялық курстан өтті. Шараны КМФ-Демеу қолдауымен «Мата PRO» қоры ұйымдастырды. Психологиялық курс бірнеше айға созылып, 12 сабақты қамтыды. Оқу бағдарламасынан барлығы 100 әйел өтті.
- «Biodevel Professional» компаниясының BDA (дамуға бағытталған биомеханикалық тәсіл) 6 айлық оңалту курсына қатысу үшін церебральды сал ауруына шалдыққан балаларға көмек көрсетілді. Жобаны «Salutaris» қоры жүзеге асырды.
- КМФ компаниясы №4 Тасарық арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығын қолдау мақсатында кілемдер мен төсек жапқыштарын сатып алды. Орталықта церебральды сал ауруы диагнозы қойылған балалар ем қабылдайды.
- Павлодар облысындағы Песчаное ауылы №2 арнайы мектеп-интернатында ерекше қажеттілігі бар балалар үшін қаңқалы бассейн сатып алуда қолдау көрсетілді.
- КМФ Астанадағы «Hockey planet» хоккей турниріне

- «Стрижи» жас балалар командасының қатысу үшін төленетін жарнаны төлеуге көмектесті.
- Баскетболдан әйелдер чемпионатының финалисі – Түркістан қаласының балалар баскетбол командасына спорттық форма сатып алынды.«28 ілмек клубы» қорына салмағы 1 кг-нан аспайтын сәбилерге арналған 75 жайлағыш ойыншық пен 37 жиынтық киім тоқуға арналған иірілген жіп сатып алынды.
- КМФ «Cyberfund» қайырымдылық қорына мүмкіндігі шектеулі балаға экзоскелет сатып алу үшін ішінара қаржылай көмек көрсетті.
- «KZ» қорына Қарағанды қаласының 68 көпбалалы аз қамтылған отбасысына азық-түлік сатып алу үшін көмек көрсетілді.
- International Fund «Global Success of People» қорына қолдау ретінде КМФ «Балаларға паллиативтік көмек көрсету орталығы» үшін үй сатып алуда және оны қамтамасыз ету үшін ішінара қаржылай көмек көрсетті.
- Сарқанд қаласының әкімдігіне 10 аз қамтылған отбасыға азық-түлік себетін сатып алуда және Қызылорда қаласының әкімдігіне 6 мұқтаж балаға қысқы киім сыйлауда қаржылай демеушілік көрсетті.
- КМФ компаниясы Қызылорда облысы «Жалағаш ауданының Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» КММ-нің 33 баласына жаңа жылдық сыйлықтар сатып алды.
- КМФ Қызылордада мамандандырылған мүмкіндігі шектеулі балаларды оңалту және физиотерапия орталығының кішкентай келушілеріне сыйлық берді. Мерекелік шараға аниматорлар мен әртістер шақырылып, дастархан жайылды. Сондай-ақ «Өмірге сен» қорына «Жаңа жылдық жақсылық» акциясы аясында мұқтаж 100 адамға арналған азық-түлік себетін сыйға тарту үшін қаржылай қолдау көрсетілді.

2022

- Түркістандық балалар командасына қолдау көрсетілді. Ж.Еділбаев атындағы №18 мектеп-гимназиясының 7-8 сынып оқушыларынан құралған команда әйелдер арасындағы баскетбол чемпионатының финалына жолдама алды.
- Алматыда Кёкушинкай қаратэден балалар мен жасөспірімдер арасында бірінші «Жас Қанат» өңірлік сайысы өтті. Жарысқа КМФ бас демеуші болды.
- КМФ қолдауымен оқушылар мен студенттер арасында «Kazakhstan Smart Space» 1-ші халықаралық байқауы өтті. Жарыс кәсіби мамандар тәжірибесін жас мамандарға беруге бағытталған.

НЕГІЗГІ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМЕУШІЛІК ЖОБАЛАР



- КМФ және КМФ-Демеу Орталық мемлекеттік мұражайында балаларды оқыту орталығының ашылуын қаржыландырды. Кез келген бала «Мұражайдағы түн – 2022» акциясы аясында ашылған коворкинг орталығына бара алады.
- Жаңатас қаласында КМФ демеушілігімен 3-6 сынып оқушылары арасында футбол фестивалі өтті. Фестиваль жеңімпаздарына кубоктар, медальдар, дипломдар мен бағалы сыйлықтар берілді.
- Компанияның балаларды қорғау күніне арналған дәстүрлі акциялары бүкіл елде өтті:
 - Алматыдағы М.Горький атындағы Мәдениет және демалыс саябағында иллюзионистер, аниматорлардың қатысуымен ауқымды шара өткізілді. Сондай-ақ шарада фото түсірілім аумағы жасақталып, сурет салудан байқау ұйымдастырылды;
 - Ақтөбеде «Асфальттағы суреттер» байқауы өтіп, сүйікті мультфильм кейіпкерлері, аквагрим және тәтті сыйлықтар, ойын-сауық бағдарламалары балалардың көңілін көтерді;
 - Көкшетауда КМФ «Мейірімді жүрек» қорының көмегімен тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларға музыкалық орталық пен тәттілер сыйлады;
 - КМФ компаниясы Петропавлдағы №2 түзету мектеп-интернатында мүмкіндігі шектеулі балаларға спорттық жабдықтар, үстел ойындары мен балалар ойыншықтарын табыстады;
 - Қарағандыда жаяу жүргіншілер көшесінде балаларға арнап аниматорлар мен сиқыршылар өнер көрсетті. Сонымен қатар түрлі байқаулар өткізіліп, суретшілерге арналған жиынтықтар сынды сыйлықтар берілді. Федоров су қоймасының құтқару станциясының қызметкерлеріне судағы төтенше жағдайды болдырмау үшін балаларға арналған 20 жүзу шеңбері табысталды;
- КМФ және КМФ-Демеу «Alatau FM» ашылу фестивалінің демеушісі атанып, Алматы облысының Талғар қаласында алғашқы радиостанцияны іске қосуда қолдау көрсетті.
- Жаркент қаласында инфрақұрылымды абаттандыру жүзеге асырылды. Розыбакиев орталық көшесінде саябақта ескі орындықтар ауыстырылып, КМФ-тен «Сүйікті қаламызға сый» тақтайшалары орнатылды. «Мектепке жол» жобасы аясында КМФ Garyshker білім беру платформасымен бірге Қазақстанның аз қамтылған отбасыларынан шыққан балаларға мектеп жабдықтары бар 400 сәмке сатып алды. Сондай-ақ КМФ қызметкерлері Павлодар облысындағы Ертіс ауылы «Бейбітшілік» қорының ерекше қажеттілігі бар тәрбиеленушілеріне бөлмені жайластыру мақсатында дамытушылық және спорттық ойын жабдықтарын сыйлады.
- Компания Жетісу облысының Үшарал қ. өткен спорттық спартакиаданың бас демеушісі болды. Жарысқа 35 ауыл мектебінен 1260 оқушы қатысты. Балалар спорттың 13 түрінен жарысып, жеңімпаздарға естелік медальдар мен ақшалай сыйлықтар табысталды.
- КМФ қолдауымен ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған әйелдерге арналған «Мата PRO СИБЛИНГИ» 2 айлық психологиялық қолдау курсы өткізілді. Кәсіби психологтардың қатысуымен өткен 12 сабақта баланың «ерекшелігін» қабылдауға, қорқыныштан арылуға үйретеді.
- 2023 жылы қазақ және орыс тілдерінде «Мата Про» кәсіпкерлік негіздері» офлайн курсы басталды. Бағдарлама қаржылық сауаттылық негіздері, жеке брендті жылжыту, әлеуметтік желілердегі маркетинг және т. б. сынды 10 сабақты қамтыды.
- Бірнеше жыл қатарынан «Erekshe analar» ҚҚ қайырымдылық көмек көрсетіліп келеді. Қоғамдық қор ДЦП, аутизм, Даун, микроцефалия диагнозы қойылған мүгедектігі бар балаларды оңалтумен айналысады.



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ



ТАЛАНТТАРДЫ БАСҚАРУ

КМФ жетістіктерін білікті және жігерлі қызметкерлерсіз елестету мүмкін емес, олардың ерен еңбегі клиенттер мен серіктестер тарапынан жоғары бағаға ие. КМФ-тегі таланттарды басқаруды ұйымның ең құнды активімен үйлесімді өзара әрекеттесудің стратегиялық және логикалық дәйекті тәсілі ретінде сипаттауға болады.

Компанияда Қазақстан заңнамасында көзделген қызметкерлердің құқықтарын қорғау қажеттілігі ескеріледі. Әрі әлеуметтік мәселелерді шешуде, әлеуметтік қорғау нормаларын сақтауда және оны жақсартуда қызметкерлермен әріптестік қатынастарды қолдауды мақсат етеді.

ПЕРСОНАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН САНЫ

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компания қызметкерлерінің нақты саны 2 142 адамға тең. Оның ішінде бас кеңседе 496 адам және бүкіл ел бойынша филиалдарда 1646 адам жұмыс істейді. Әйелдердің үлесі 52%, ерлер үлесі 48%-ға тең, бұл ретте КМФ басқармасы құрамында әйелдер саны – 5, ал ерлер – 1 адамды құрайды.

Шешім қабылдауда әділдікке қол жеткізу үшін шағымдармен жұмыс істеу тетігіне сәйкес Келісу комиссиясы жұмыс істейді. Комиссия құрамындағы қызметкерлер мен жұмыс беруші өкілдерінің саны тең.


Компания жыл сайын қызметкерлердің жұмыстан кету нормаларын белгілейді. Әр жылы жұмысшылардың қызметтен кету себебін талдау негізінде оны төмендету бойынша шаралар әзірленеді. Терең exit-сұхбат құралы және автоматтандырылған сауалнамалар қолданылады.

31.12.2022 Ж. ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ЖАЛПЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ


КОМПАНИЯ БОЙЫНША




ҚАЛА



АУЫЛ



ЖЕКЕ МЕНЕДЖЕРЛЕР



2142

ЖАЛПЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ САЯСАТЫ



Компания қызметкерлерді жұмысқа қабылдау мәселесіне үлкен мән береді. Біліктілік талаптарына сай болу және жоғары жеке бас қасиеттеріне ие болудан басқа, КМФ үшін корпоративтік мәдениетке сәйкестік те маңызды. Лауазымдардың әртүрлі деңгейінде үміткерлердің компания талаптарына толық сәйкестігін бағалауға бағытталған іріктеудің бірнеше кезеңі қарастырылған. Компания персоналды бейімдеу бағытында толыққанды жұмыс жүргізеді, процестерді автоматтандырып, құрылымдық және әлеуметтік-психологиялық бейімделуді қамтамасыз етеді.

Әрбір жаңа қызметкер үшін оның алғашқы жұмыс күнінде «КМФ-ке қош келдіңіз!» атты тренинг өтеді. Тренинг компанияның өз білгенін бөлісуге және жұмысшыны бірінші күннен бастап оқытуға дайын екенін түсінуге септігін тигізеді

ЫНТАЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ



КМФ-те компанияның бизнес мақсаттарына қол жеткізуге, білікті қызметкерлерді ұстап қалуға бағытталған ашық, әділ ынталандыру жүйесі бар. Сондай-ақ фронт-офис қызметкерлері үшін ай сайын ынталандыру жүйесі қарастырылады. Жыл қорытындысы бойынша компания қызметкерлеріне рейтингтік жүйемен белгіленген жылдық сыйлықақы төленеді. Рейтингтік жүйенің мақсаты – бөлімшелер қызметінің тиімділігін бағалау және қол жеткізілген нәтижелер үшін компания қызметкерлерін ынталандыру. Бұдан басқа компанияда жобалық сыйлықақы қолданылады. Оның шеңберінде жобаға қатысушылар жобаны аяқтау нәтижесі бойынша ақшалай сыйақы алады.

Әртүрлі аймақтан ең жақсы тәжірибені енгізіп, үздік қызметкерлерді көтермелеу және командадағы бейілділікті дамыту үшін КМФ көптеген жылдар бойы «КМФ үздік қызметкері», «Үздік филиал», «Үздік несие сарапшысы» және т.б. сияқты ішкі байқауларды ұйымдастырып келеді. Жылына бір рет өтетін «Идеялар жәрмеңкесінде» әр қызметкер компанияның жұмысын жақсарту бойынша өз идеясы мен көзқарасын ұсына алады.

КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТ



Компаниядағы корпоративтік мәдениет – талай жылғы табыстың негізгі факторы. КМФ мәдениеті қоғамға пайда әкелуге, клиенттер мен қызметкерлердің өркендеуіне ықпал етуге негізделген. 2006 жылы Американың Сауда департаментінің көмегімен жасалған Іскерлік әдеп кодексі – компанияның корпоративтік және іскерлік мәдениетінің негізгі құралы. Кодексте мүдделі тұлғалармен қарым-қатынастың негізгі қағидаттары мен ережелері және компаниядағы іскерлік әдеп нормалары қамтылған. Іс-шаралар корпоративтік мәдениеттің негізгі элементі болса, олардың негізгі міндеті – **командалық рухты қалыптастыру және нығайту.**

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ



ДАМУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ

КМФ қызметіндегі қағидалардың бірі – кәсібилік және клиенттерге сапалы қызмет көрсету. Кәсіби қызмет көрсетудің жоғары деңгейіне жету үшін компанияда көп сатылы оқыту жүйесі жұмыс істейді. Қызметкерлерге ыңғайлы болу үшін үнемі қолжетімді электронды курстары бар оқыту платформасы қолданылады.

Қызметтің бастапқы кезеңінде оқытудағы басты назар тәжірибелі маман-тәлімгерлер тарапынан жаңа қызметкерлерге білім мен дағдыларды беруге аударылды. 2006 жылға қарай компанияның өсуіне байланысты корпоративтік тренинг-орталық құру және бизнес-тренерлер командасын қалыптастыру қажеттілігі туындады.

Олардың міндеті – КМФ-тің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу, оның миссиясы мен көзқарасын іске асыру үшін маман даярлау. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін бизнес-жаттықтырушылар басқа да тәжірибелі әріптестерімен бірге тағылымдамалар мен жаңа қызметкерлерді бейімдеу, біліктілікті арттыру бойынша шаралар жүргізіп, қызметкерлерді өзін-өзі дамытуға ынталандыруға тырысады. Сондай-ақ тренинг-орталықтың жұмысында бүкіл ұжымның командалық рухын сақтау және нығайту, қызметкерлерді қызықтырып және жұмыс нәтижесіне оң әсер ететін жағымды атмосфераны құру да үлкен мәнге ие.

Өз қызметкерлерін оқытумен қатар КМФ компаниясы бастапқы кезеңнен-ақ ТМД елдерінің микроқаржы секторындағы әріптестерімен өз тәжірибесін бөлісу үшін сыртқы тренингтер өткізеді. Мәселен, 2009 жылы САМФА (Орталық Азия микроқаржы альянсы) жобасымен көпжылдық ынтымақтастықтың жалғасы ретінде альянс серіктестері үшін семинар өткізілді. Оған Қазақстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Қырғызстанның 14 микроқаржы ұйымынан 17 өкіл қатысты. Сыртқы тренингтердің мұндай тәжірибесі қазіргі кезде де қолданылады.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖҰМЫСҚА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ

Қызметкерлерді қызықтыра білу – қызметкерлердің өнімділігіне, олардың тұрақтауына және жұмыс берушінің брендіне әсер ететін негізгі факторлардың бірі. Бұл өз мамандығын жақсы көретін, өз жұмысына құштар, жалпы табысқа жету үшін айтарлықтай күш салуға дайын қызметкердің ішкі жағдайын сипаттайтын көрсеткіш.

Жыл сайын КМФ-те қызметкерлердің жұмысқа қызығушылығына зерттеу жүргізіліп, оның негізінде маңызды да сапалы шешімдер қабылданады.

Қызметкерлердің жұмысқа қызығушылығын олардың қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысуынан да байқауға болады.

Мысалы, КМФ жыл сайын банктер мен қаржы ұйымдары арасындағы футбол турниріне қатысып, 2022 жылы чемпион атанды. КМФ тұрақты қатысатын тағы бір жарыс – банктер мен қаржы ұйымдарына арналған шахматтан KPMG турнирі.

Мұнда да КМФ компаниясы жүлделі орындарға ие болды. Сонымен қатар КМФ үшін дәстүрлі іс-шаралардың қатарында барлық бөлімше өкілдері қатысатын КВН ойындары бар.



ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ



KMF өз қызметінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі қағидаттардың талаптарын сақтайды:



Қаржы ұйымы ретінде KMF қызметі атмосфераға ластаушы заттар төгу, ақпа суларды төгу, көмірқышқыл газы мен басқа да ластаушы заттардың шығуы сынды көрсеткіштер бойынша қоршаған ортаға айтарлықтай зиян тигізбейді.

Осы ретте компания жаңартылатын ресурстардың шамадан тыс қолданылуына жол бермеу бойынша барлық шараларды қабылдайды. Қағазды ұтымды пайдалану үшін KMF электрондық құжат айналымына көшті. Нәтижесінде барлық ішкі қызметтік құжаттар электрондық түрде әзірленіп, сақталады. Су мен электр энергиясын үнемдеу үшін кеңселерде су құбыры уақтылы жөнделеді, энергия үнемдейтін шамдар мен қозғалыс датчиктері орнатылады.


KMF бас кеңсесінің және филиалдарының ғимараттары сумен, электрмен және жылумен қамтудың автоматтандырылған жүйесімен жабдықталған. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін қауіпті қалдықтарды (қорғасын батареялары, аккумуляторлар, құрамында майы бар қалдықтар, пневматикалық шиналар, қатты тұрмыстық қалдықтар, құрамында сынабы бар шамдар, пайдаланылған майлар) жинау жүзеге асырылады.



KMF ішкі құжаттарында экологияға, адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін жобаларды қаржыландыруға тыйым салатын нормалар көрсетілген. Кредитке өтінімдерді қарау кезінде KMF қарыз алушылардың (өтініш берушілердің) қызметіндегі табиғатты қорғау аспектілеріне ерекше назар аударады және экологиялық таза жобаларды қолдайды.

Компанияда әлеуметтік-экологиялық басқару жүйесі (SEMS) бойынша әдістеме басшылыққа алынады. Бұл әдістемеге сәйкес қарыз алушылардың қоршаған ортаға кері әсер етуі мүмкін қызметі мен тәуекелдің әртүрлі дәрежесі айқындалады.

ҚАЙТА ӨНДЕЛГЕН ҚАЛДЫҚТАР КӨЛЕМІ



НЕГІЗГІ ЭКО-ОҚИҒАЛАР



2007

- Қазақстандағы БҰҰ Даму бағдарламасымен ҚР Үкіметінің «Қазақстандағы тау агробиологандықтарының in-situ сақталуы» жобасын бірлесіп іске асыру туралы келісімге қол қойылды. Келісім шеңберінде «Эко-Өнім» кредиттік өнімі іске қосылды.

2010

- KMF «Алматы – Таза Ауа» жобасына қолдау көрсетіп, Алматы қаласы көшелерінің біріне арша отырғызу акциясын өткізді.

2014

- KMF «Жасыл қала» деп аталатын «Кселл» мобильді операторы ұйымдастырған Экологиялық жобаға қатысты. Акция Алматыда «Ағаш отырғыз» республикалық қоғамдық ұйымымен бірлесіп өткізілді. KMF компаниясының қызметкерлері басқа қатысушылармен бірге Тұңғыш Президент саябағына қарама-қарсы алаңға 50 шырша отырғызды.
- KMF компаниясы «Микроқаржыландыру және қоршаған орта» 5-ші Еуропалық микроқаржы премиясына қатысқаны туралы сертификатпен марапатталды. Шараның мақсаты – экологиялық мәселелерді жақсарту және осы саладағы инновациялық шешімдерді іздеу үшін микроқаржыландыру мүмкіндіктері жайлы ақпарат беру.

2015

- Компанияның бас кеңсесінде көлемі 11 тонна макулатура жиналып, қайта өңдеуге тапсырылды. Мамандардың айтуынша, бұл 100-ден астам ағашты шикізат үшін кесудің алдын алған.

2016

- Жаңғыртудан өткен «Ежелгі Тараз» тарихи орталығының аумағында Жамбыл бөлімшесінің қызметкерлері «KMF аллеясы» бойымен 50 арша көшетін отырғызды.
- Астанада филиал қызметкерлері сенбілік кезінде кеңсе маңындағы аумақты тазалап, ағаш отырғызды.

2017

- Алматыдағы KMF қызметкерлері Момышұлы-Ақан Сері көшелерінің қиылысындағы жаңа ауданда 20 жапырақты ағаш отырғызды.

2018

- KMF «ЭКОКҮН» жариялап, қызметкерлер экологияның ластану проблемасына қатысты ұстанымдарын байқатты. Бас кеңседе «экопункт» ұйымдастырылды. Мұнда пластик, шыны, алюминийден жасалған

бұйымдар, техника, сондай-ақ Алматы облысындағы аз қамтылған отбасыларға арнап киім мен аяқ киімдер қабылданды. Барлығы 26 келі пластик, 8 келі шыны қайта өңдеуге тапсырылды.

- Дүниежүзілік тазалық күнінде KMF-тің 65 қызметкері Іле-Алатау ұлттық саябағында тұрмыстық қоқыстарды жинап, қоқысты қайта өңдеуге жіберді.

2019

- KMF-те қалдықтарды бөлек жинауды енгізу бойынша жоба басталды. Бастапқы кезеңде Eco Network компаниясымен бірге жүзеге асырылған жоба Алматыдағы 5 кеңсені және 550-ге жуық қызметкерді қамтыды.
- KMF-тің 25 қызметкері «Ковчег» балалар үйінің аумағын жинау бойынша сенбілікке қатысты.

2020

- ЕҚДБ Қазақстанда GEFF (Green Economy Financing Facility) бағдарламасын іске қосқан. Мақсатты несиелер Жасыл экономика мен жасыл технологияларға бағытталған инвестицияларды қаржыландыру үшін беріледі. KMF – Қазақстандағы GEFF бағдарламасына қатысушы бірінші қаржы мекемесі. Осы бағдарлама бойынша KMF клиенттері тұрғын үйді немесе бизнесті заманауи энергия тиімді материалдармен жаңарту, бизнес үшін энергияны тиімді пайдалану үшін жабдықтар мен технологияларды сатып алу үшін қаржы ала алады.

2021

- «KMF» микроқаржы ұйымы, «Роберт Бош» ЖШС (Robert Bosch) және GEFF бағдарламасының консультанты «Клин Энерджи Солушнс» консалтингтік компаниясы өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Меморандумның негізгі мақсаты GEFF (Green Economy Financing Facility) бағдарламасы туралы ақпарат тарату, тұтынушыларды, серіктестерді және олардың дилерлік желілерін халық пен бизнес үшін энергияны тиімді пайдалану үшін жабдықтар мен технологияларды қаржыландыруға бағытталған бағдарламаға қатысуға тарту.

2023

- KMF ЕҚДБ-ның кіші және шағын-орта бизнесті қаржыландыратын үздік қаржы серіктесі атанды. Марапаттау рәсімі Қазақстанда II Жасыл экономиканы қаржыландыру бағдарламасын (GEFF II) іске қосу аясында өтті.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК РЕЙТИНГ



Кез келген микроқаржы ұйымы үшін бағалау нысаны ретінде қаржылық рейтингтен бөлек әлеуметтік рейтинг алу да үлкен маңызға ие.

Әлеуметтік рейтинг – бүкіл әлемдегі микроқаржы ұйымдарымен салыстыра отырып жасалған компания қызметінің әлеуметтік көрсеткіштері туралы сараптамалық қорытынды. Бұл рейтинг компаниялардың әлеуметтік жауапкершілігін нығайтуда, сондай-ақ микроқаржыландыру нарығындағы ашықтық пен тиімділікті арттыруда маңызды рөл атқарады.

KMF әлеуметтік көрсеткіштерін бағалау процесі алғаш рет 2014 жылдың қазан айында басталып, 6 айға созылды. Микрокредиттік ұйымдар мен банктерді бағалау бойынша CGAP Дүниежүзілік банкінің сертификатын алған «MicroFinanza Rating» халықаралық рейтингтік компаниясы KMF қызметіне әлеуметтік рейтингтік бағалау жүргізіп, 2015 жылғы 15 наурызда «А» бағасын берді. KMF жоғары бағалауға ие болған Орталық Азияның алғашқы микроқаржы ұйымы атанды.


Компания 2017 жылдың қаңтарында бағалау процедура-сынан қайта өтіп, рейтинг «А+» деңгейіне көтерілді. Кезекті жоғары баға клиенттер, қоғам және қызметкерлер алдындағы әлеуметтік жауапкершілікте ілгерлеудің бар екенін көрсетеді.

2019 жылдың қаңтарында Microfinanza Rating есебі жарияланып, мұнда KMF әлеуметтік рейтингі «АА-» бағасын алды. Бұл алдыңғы «А+» бағасынан жоғары әрі Компанияда әлеуметтік ықпал ету және тұтынушыларды қорғау жүйелерін басқару деңгейі мен миссияға жету ықтималдығының жоғары екенін көрсетеді.

2015 жылы KMF Қазақстанда бірінші болып Smart Campaign клиенттерді қорғау қағидаттары бойынша сертификаттаудан өтті. Жоғары әлеуметтік рейтинг KMF компаниясына өз қызметінің ашықтығын күшейте түсуге және бизнес-процестерді жетілдіруді жалғастыруға мүмкіндік берді.

Сертификат пен әлеуметтік рейтинг алғаннан кейін Mix Market ғаламдық интернет-платформасында KMF профілі жаңартылды. Нәтижесінде есеп ашықтығының ең жоғарғы деңгейі мен мұны растайтын құжаттама – «5 Star» сапа белгісі берілді. MIX Market интернет платформасындағы барлық деректер үшін микроқаржы ұйымының халықаралық стандарттарына және оның растайтын құжаттамасына сай екенін көрсету үшін «star» тастар жүйесін пайдаланады.

2019 ЖЫЛЫ KMF ӘЛЕУМЕТТІК РЕЙТИНГІН АА- ДЕҢГЕЙІНЕ КӨТЕРДІ



«KMF – Латын Америкасынан тыс жерде АА- бағасын алған алғашқы микроқаржы ұйымы. 2007 жылдан бері әлеуметтік рейтинг алған компаниялардың дерекқорында осындай екі ғана ұйым бар. Олар: KMF және Banco FIE Bolivia»

КИАРА ПЕСКАТОРИ
Microfinanza Rating рейтинг
комитетінің басшысы

ӘЛЕУМЕТТІК ЫҚПАЛ




МИССИЯҒА СӘЙКЕС КМФ МЫНА 3 ӘЛЕУМЕТТІК МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАЙДЫ:

- 1** Бүкіл Қазақстан бойынша микроқаржылық қызметтерді қолжетімді ету және кіші, шағын және агробизнес өкілдерін барынша қамту
- 2** Микроқаржылық қызметтердің мәдениетін дамыта отырып, сапалы микроқаржылық қызметтерді көрсету, кері байланыс және бағалау арқылы қызметтердің сапасын арттыру
- 3** Табыс таба отырып, қоғамға пайда әкелу, кәсіпкерлікті қолдау және клиенттердің әл-ауқатын арттыру.

Микроқаржыландырудағы әлеуметтік ықпал микроқаржы ұйымының қызметі клиенттердің әлеуметтік мәртебесіне қалай әсер ететінін көрсетеді. Өз кезегінде әлеуметтік ықпалды басқару – микроқаржы ұйымының миссияда белгіленген әлеуметтік мақсаттарға жете алу қабілеті.

Әлеуметтік жауапкершілікке негізделген бизнесті табысты және тиімді жүргізу үшін 2006 жылы КМФ (ол кезде – «Қазақстанның кредиттеу қоры» МҚҰ) әлеуметтік ықпалды басқару жүйесін енгізді.

Әлеуметтік ықпалды басқару жүйесі КМФ-тің мақсатты тобына – халықтың ең осал топтарына бағытталуды сақтауға, халықтың осы тобы үшін қолайлы өнімдер мен қызметтерді жобалауға, мониторинг жүргізуге көмектеседі. Әлеуметтік нәтижелерді басқару мақсатты клиенттердің өсіп келе жатқан санын тұрақты негізде қамтуға, КМФ қызметінің клиенттердің әл-ауқатына және жалпы қоғамға тура және жанама әсерін бақылауға мүмкіндік беретіні де маңызды.



№1 ӘЛЕУМЕТТІК МІНДЕТ



НЕГІЗГІ ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР. 2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАР

Қызметтерге қолжетімділікті кеңейту:

- «Агро» клиенттері – кемінде 30%
- «Бизнес» клиенттері – кемінде 50%
- Ауыл тұрғындары – кемінде 50%
- Әйелдер – кемінде 50%.

31.12.2022 жылғы жағдай бойынша белсенді қарыз алушылардың жалпы саны 255 000 адам, оның 169 684-і ауылдық жерлерде тұрады. КМФ-тің сату нүктелері 14 филиал мен 114 бөлімшеде орналасқан, бұл 4 340 елді мекен, негізінен ауылдық жерлерді қамтиды. Осылайша Қазақстанның кез келген өңірінде микроқаржы ұйымы қызметтерімен қамтудың және оларға қол жетімділіктің жоғары деңгейі қамтамасыз етіледі.

«Бизнес» және «Агро» кіріс көздері бойынша клиенттер саны 2022 жылға арналған базалық әлеуметтік индикаторлар бойынша жоспардың сәтті орындалғанын айқын көрсетеді: «Бизнес» 54% және «Агро» 36%.


Ауылда клиенттердің 67%-ы тұрады, ал клиенттердің жалпы санының 55%-ы әйелдер. Сондай-ақ бұл көрсеткіштер индикаторлар жоспарының артығымен орындалғанын көрсетеді.

Егер қарыз алушының орташа портретін жасаса, онда ол 44-48 жастағы, орта немесе орта арнайы білімі бар, тұрмыс құрған әрі 1 баласы бар әйел болады. Микробизнеспен, оның ішінде агросектормен шұғылданады және табысы жоғары. Ауылдық жерде тұрады.

КМФ КЛИЕНТІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ПОРТРЕТИ



КЛИЕНТТЕР ТАБЫС КӨЗІ БОЙЫНША



№2 ӘЛЕУМЕТТІК МІНДЕТ



НЕГІЗГІ ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР. 2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАР

Қызмет көрсету сапасын бағалау

- Клиентті ұстап қалу – кемінде 75%

Қызмет көрсету сапасын бағалау клиенттердің қанағаттану деңгейін сараптау және клиенттерді ұстап қалу мөлшерлемесі арқылы жүзеге асырылады. Клиенттерді ұстап қалу мөлшерлемесі КМФ-пен қанша клиенттің жұмыс істейтінін көрсетеді.

31.12.2022 ж. жағдай бойынша клиенттерді ұстап қалу мөлшерлемесі 88% болды. 2021 жылы бұл көрсеткіш 85% деңгейінде болған. Демек клиенттердің қанағаттану деңгейі жоғары және өсімнің бар екенін атап өтуге болады. Жыл соңына дейін бұл көрсеткіш өзгеруі мүмкін, дегенмен әлеуметтік индикаторлар сәйкестігі деңгейіне әсер етпейді.

Сапалы қызметтерге қол жетімділікті қамтамасыз ету отбасылық бюджетті және бизнесті басқаруда қаржылық сауаттылық сабақтарымен қамту арқылы бақыланады.

Сапалы қызметтерге қол жетімділік

- Қаржылық сауаттылықты оқытумен қамту – барлық клиенттердің (жеке тұлғалардың) кемінде 65%-ы
- Бизнес-білімді оқытумен қамту – жыл соңына дейін 500 клиент (заңды тұлғалар)

2023 жылғы 1 сәуірдегі «Отбасы бюджетін басқаруда қаржылық сауаттылықты арттыру» жобасына қатысушылардың жалпы саны шамамен 170 000 адамға жетті. КМФ-тің 8 мыңнан астам клиенті Бизнесті басқарудағы қаржылық сауаттылық бойынша семинарларға қатысты. Мысалы, 2020 жылмен салыстырғанда пайыздық көрсеткіш бірдей болғанымен, 2022 жылы қатысушылар саны өскен. Отбасылық бюджетті басқару жобасына 156 000 қатысушы және бизнесті басқару жобасына 7 600 қатысушы қатысқан.

«ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ» ЖОБАСЫМЕН ҚАМТУ



КЛИЕНТТІ ҰСТАП ҚАЛУ МӨЛШЕРЛЕМЕСІ



№3 ӘЛЕУМЕТТІК МІНДЕТ



НЕГІЗГІ ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР. 2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАР

Кәсіпкерлік пен жұмыспен қамтуды қолдау:

- Жалдамалы жұмыскерлері бар – кемінде 10%
- Өзін-өзі жұмыспен қамтыған клиенттер – жалпы санның кемінде 75%-ы.


Кәсіпкерлік және жұмыспен қамтуды қолдау.

КМФ компаниясы кәсіпкерлік және жұмыспен қамтуды қолдауды бағалау үшін өзін-өзі жұмыспен қамтыған клиенттер, жалдамалы жұмысшылар мен қарыз алушылар құрған жұмыс орындары туралы ақпаратты да қадағалайды. Бұдан бөлек КМФ жалдамалы қызметкерлер арасында жалақысы жоқ қызметкерлер санатын бөліп көрсетеді, әдетте, олар клиенттердің отбасы мүшелері.


Диаграммдан құрылған жұмыс орындарының жалпы санында, өзін жұмыспен қамтыған клиенттер үлесінде 2021 және 2022 жылдары айтарлықтай өзгеріс болмағанын көруге болады. Сәйкесінше жалдамалы жұмысшылар мен жалақысыз жұмысшылардың үлесі де бір деңгейде.

Құрылған жұмыс орындарының жалпы саны – 293 475 (31 желтоқсандағы дерек бойынша), бұл 2021 жылғы көрсеткіштен (265 285) едәуір көп.

АШЫЛҒАН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ САНЫ



ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫҒАН ЖӘНЕ ЖАЛДАМАЛЫ ЖҰМЫСШЫЛАР ҮЛЕСІ



- ◆ Өзін-өзі жұмыспен қамтыған
- ◆ Жалдамалы жұмысшылар
- ◆ Жалақы алмайтын жұмысшылар

ҚР ХАЛҚЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТЫН АРТТЫРУ



«ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ» ЖОБАСЫНЫҢ ТАРИХЫ

ОТБАСЫ БЮДЖЕТІН БАСҚАРУДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

- Бірінші халықаралық микроқаржы форумы
- «FinBoss» балалар мен жасөспірімдерге арналған қаржылық сауаттылық
- ҚНРДА және FinGramota.kz жобасымен әріптестік

КӘСІПКЕРЛІКТІ БАСҚАРУДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

- KMF-пен іскерлік таңғы ас
- KMF ProBusiness бизнеске арналған менторинг бағдарламасы
- Қаржылық сауаттылық және бизнес-білім туралы кітапшалар



ҚР ХАЛҚЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТЫН АРТТЫРУ

«ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ» ЖОБАСЫНЫҢ ТАРИХЫ

Халықтың қаржылық сауатын арттыру жөніндегі бағдарламаны іске асыру туралы идея КМФ қызметі басталған сәтте де болған. 90-жылдардың ортасында-ақ ұйымда кеңесшілерге арналған тренингтер өткізіліп, соның арқасында КМФ-тің білім базасында пайдалы материалдар жинақталды.

1998 жылы КМФ қызметкерлері микрокредиттік ұйымның клиенттеріне құқықтық және қаржылық сауаттылық негіздері туралы ақпарат ұсына бастады. Осы тақырыптарға арналған мақалалар мен кеңестер «Іскер» корпоративтік басылымында, кейінірек «ProKMF» арнайы басылымында жарияланды. «ProKMF» тоқсанына 1 рет 35 000 дана таралыммен жарық көріп, компания жұмыс істейтін барлық аймақтарға таралды. 2019 жылы «Іскер» корпоративтік журналы XII Орталық Азияның корпоративтік БАҚ байқауында Үздік сыртқы журнал деп танылды.

2013 жылы «КМФ-Демеу» қорының бастамасы бойынша «ҚР халқының қаржылық сауатын арттыру» жобасының алғашқы бөлімі – «Отбасы бюджетін басқарудағы қаржылық сауаттылық» дайындалды. Жобаның мақсаты – адамдарды өз бюджетін дұрыс жоспарлауға, ақша жинауға, несиелеу мәселелеріне деген дұрыс көзқарас қалыптастыруға, өздері үшін оңтайлы қаржылық қызметтерді дұрыс таңдауға және қарызға алынған қаражатты тиімді пайдалануға үйрету.

Бағдарламаны әзірлеуге халықаралық консалтингтік агенттіктердің өкілдері қатысып, мұндай жобаларды іске асырудағы халықаралық тәжірибелерін бөлісті.

КМФ компаниясы бастапқы кезеңде мақсатты аудиторияның оқудағы қажеттілігін бағалау бойынша зерттеу жүргізіп, клиенттермен топтық және жеке кездесу ұйымдастырды. Зерттеу қорытындысына сәйкес қаржылық сауаттылық бойынша негізгі мәселелерді қозғайтын және сұралғандардың білімі, дағдылары мен қабілеттеріндегі негізгі олқылықтардың орнын толтыратын негізгі 10 тақырып анықталды. Аталмыш 10 тақырып тегін оқу бағдарламасының негізіне айналды. Сондай-ақ зерттеу барысында қатысушыларға ыңғайлы білім беру сессияларының форматы мен ұзақтығы айқындалды, оның 50-60 минуттан аспау керектігі нақтыланды.

Келесі кезең бүкіл ел бойынша клиенттермен тікелей жұмыс істейтін несие сарапшыларын оқыту болды. Тыңдаушыларға ыңғайлы болу үшін әр сабақ бойынша түсінікті және жүйеленген мазмұндағы түрлі-түсті кітапшалар әзірленді.

Дәрістерден бөлек КМФ қазақ және орыс тілдерінде аудио және бейне сабақтарды дайындады. Кітапшалар секілді олар да КМФ клиенттерінің шынайы оқиғаларына негізделген.

«ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ» ЖОБАСЫН ДАЙЫНДАУ КЕЗЕҢДЕРІ



Зерттеу



Оқыту бағдарламасын
әзірлеу



Жаттықтырушылардың несие
сарапшыларын оқытуы



Клиенттер және клиент
емес азаматтар үшін
алғашқы сабақ



Клиенттер
үшін кітапшалар
әзірлеу



Жоба қорытындысын
талдау және
мониторинг жүйесі

ҚР ХАЛҚЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТЫН АРТТЫРУ



«ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ» ЖОБАСЫНЫҢ ТАРИХЫ

2014 жылы КМФ Алматыда «Қаржылық сауаттылық – жетістікке апарар жол» атты халықтың қаржылық сауатын арттыру бойынша алғашқы конференция өткізді. Жиынға Қазақстан микроқаржы ұйымдары ассоциациясының өкілдері, қызметкерлері, сырттан келген спикерлер мен қонақтар, БАҚ өкілдері қатысты.

Тек 2014 жылдың ішінде Қазақстанның ауылдары мен қалаларында қазақ және орыс тілдеріндегі тегін семинарларға КМФ-тің 40 мыңнан аса клиенті мен 1 мыңнан аса өзге тыңдаушылар қатысты.

Отбасы қаржысын басқарудағы қаржылық сауаттылық бойынша жобаны әзірлеу кезінде клиенттерде бизнесті жүргізу кезіндегі олқылықтар анықталды. Сондықтан 2015 жылы КМФ компаниясы жобаның кәсіпкерлердің қаржылық сауатын арттыруға бағытталған екінші бөлімін әзірледі. Зерттеу нәтижесі бойынша негізгі тақырыптар айқындалып, «Жетістікке апарар жол» видеокурсы мен кітапшалар дайындалды.

2016 жылдың басында отбасы бюджетін басқарудағы қаржылық сауаттылық бойынша «Кредитті өтеу жолдары» атты қосымша сабақ жарияланды. Бұл сабақта тыңдармандарға терминал арқылы несие төлемдерін жүзеге асыру және неліктен ақшаны қызметкерлер арқылы беруге болмайтыны айтылды.

2020 жылы топтық несие алудың артықшылықтары жайлы «Бірге несие аламыз!» атты 12 сабақ әзірленді. Топпен несие алу ауыл тұрғындары арасында кең таралған, сондықтан аталмыш сабақ тұрғындардың дәл осы категориясы үшін маңызды.

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Халықтың қаржылық сауатын арттыру» тегін жобасының қатысушылар саны 170 000 адамға жуықтады. КМФ-тен қарыз рәсімдеген 8 мыңнан аса адам бизнесті басқарудағы қаржылық сауаттылық семинарларына қатысты.

Жоба барысында сабақтардың жаңа тақырыптары дайындалып, қолданыстағы материалдар қазіргі уақыттағы мәселелерге бейімделеді және статистика мен жаңа кейстер арқылы жаңарып толықтырылып отырады.



ОТБАСЫ БЮДЖЕТІН БАСҚАРУДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ:

- **1-сабақ** – Үй бюджеті және қаржылық жоспарлау
- **2-сабақ** – Тиімді кредитті қалай таңдаймын
- **3-сабақ** – Отбасылық әмиянды күтпеген жағдайлардан қалай қорғауға болады?
- **4-сабақ** – Қарыз алушы ретіндегі менің құқықтарым мен міндеттерім. Шартқа қол қоймас бұрын нені білу керек?
- **5-сабақ** – Жинақтар мен инвестициялар
- **6-сабақ** – Сақтандыру: қандай пайдасы бар?
- **7-сабақ** – Кредитті өтеу тәсілдері



БИЗНЕСТІ БАСҚАРУДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ:

- Бизнесті басқарудағы қаржылық есеп
- Бизнесті басқарудағы баланстық есеп
- Ақша ағындарын басқару
- Сату техникасы
- Кіші және шағын бизнеске арналған маркетинг
- Тиімді бизнес тобын құру
- Бизнесті әртараптандыру немесе кеңейту
- Instagram-да бизнес-аккаунтты қалай құруға және жылжытуға болады: жаңадан бастаған пайдаланушы үшін
- Instagram-да бизнес-аккаунтты қалай құруға және жылжытуға болады: Тәжірибелі пайдаланушы үшін



ОТБАСЫ БЮДЖЕТІН БАСҚАРУДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ



БІРІНШІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МИКРОҚАРЖЫ ФОРУМЫ

2014 жылы Standard&Poor's рейтингтік агенттігі бүкіл әлемдегі ересектердің қаржылық сауаттылық деңгейіне зерттеу жүргізді. Егер максимум 100% деп алсақ, онда әлемде халықтың қаржылық сауаттылық деңгейі 13%-дан 71%-ға дейінгі аралықта болды. Бірінші орынды Скандинавия тұрғындары иеленді, мұнда ересектердің 71%-ы ақшаны қалай басқаруды біледі. Алғашқы ондықта Израиль, сондай-ақ Еуропаның дамыған елдері бар. ТМД елдерінде халықтың сауаттылық деңгейі 21-40% аралығында. 2014 жылғы рейтингтің аутсайдерлері: Ауғанстан (14%), Албания (14%) және Йемен (13%). Қазақстанда ересек халықтың 40%-ының қаржылық сауаты жоғары деп танылды.

Халықтың экономикалық білім деңгейін арттыру елдің әл-ауқатының өсуіне ықпал етеді. Сондықтан КМФ өзінің білім беру қызметінде әрдайым қаржылық сауат саласындағы халықаралық және қазақстандық сарапшылармен ынтымақтастық орнатуға көңіл бөлген. Мәселен, 2017 жылы 7-8 қыркүйекте Алматыда «Қаржылық сауаттылықты арттыру әлеуметтік-экономикалық өсу факторы ретінде» атты бірінші халықаралық микроқаржы форумы өтті. Форумды ҚР микроқаржы ұйымдары қауымдастығының және ҚР Ұлттық Банкінің қолдауымен «КМФ» компаниялар тобы ұйымдастырды.

Форумға 12 елден қаржылық сауаттылықты арттыру саласындағы 30-дан аса сарапшы, сондай-ақ Қазақстан, Қырғызстан, Грузия және Ресей ұлттық банктерінің өкілдері қатысты. Форумға барлығы 220-дан астам қатысушы келген.

Шарада Еуропа, Кавказ, Ресей және Орталық Азия елдерінің

сарапшылары мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, қаржы ұйымдарының, білім беру мекемелері мен БАҚ-тың қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша ұлттық бағдарламаларды іске асыру кезіндегі тәжірибесі мен рөлін талқылады.



ОТБАСЫ БЮДЖЕТІН БАСҚАРУДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ



БІРІНШІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МИКРОҚАРЖЫ ФОРУМЫ

Форум қорытындысы бойынша Сараптамалық кеңес құру туралы қарарға қол қойылды. Кеңес қаржылық сауат мәселесімен шұғылданатын ықпал етуші топтар арасында көпірге айналып, бұл бағыттағы күш-жігерін бір ортаға шоғырландырады деп топшыланды. Сараптамалық кеңестің негізгі функциялары:

- қаржылық сауатты дамытудың ұлттық стратегиясын іске асыруға және жетілдіруге қатысу
- Қазақстанның қаржылық сауаттылық жөніндегі халықаралық бағдарламаларға, сондай-ақ конференцияларға, семинарларға, кездесулерге, дөңгелек үстелдерге қатысуы шеңберінде сараптамалық қолдауды жүзеге асыру
- қаржылық сауатты дамыту және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы бастамаларды іріктеу және қолдау жөніндегі конкурсқа қатысу үшін бастамаларды іріктеу өлшемшартын талқылауға қатысу

KMF іс-шараны ұйымдастырушы ретінде бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін де назардан тыс қалдырмады. Форум күндері «Эльдани» қайырымдылық қорының тәрбиеленушілерінің өз қолымен жасаған бұйымдары аукцион арқылы сатылды. Нәтижесінде 550 мың теңге жиналып, қаражат газбен жылытуды жүргізуге және балаларға арналған ғимаратты жөндеуге жұмсалды.

«Біз қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша шет елдердің баға жетпес тәжірибесін алдық, оны қаржылық сауаттылықты арттыру жөніндегі іс-шараларымызға бейімдей аламыз. Спикерлер бұл мәселені талқылау қажеттігі туындағанын атап өтті. Әрі біз таңдаған жолдың дұрыс екеніне сеніміміз арта түсті. Бұл бағытта «Несие бер де оқыт!» ұранымен көптеген жұмыстар атқарылатын болады»



ШАЛҚАР ЖҮСІПОВ
«KMF» МҚҰ Басқарма Төрағасы

ОТБАСЫ БЮДЖЕТІН БАСҚАРУДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ



БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ. FINBOSS ЖОБАСЫ

Жас кезінен бастап ақшаға деген дұрыс көзқарас қалыптастыру болашақта балалар үшін материалдық әл-ауқаттың керемет мүмкіндіктерін ашады. Қазақстандық балалар қаржы құралдарын дұрыс басқара алуы үшін KMF жастарға арналған қаржылық сауаттылық жобасын дамытуды жалғастырды.

2016 жылы KMF оқу орындарының кітапхана қорларына ағылшын тіліндегі қаржылық сауаттылық кітапшаларын беру арқылы ауыл мектептеріндегі оқу материалдарының жетіспеушілік мәселесін шешті. Осылайша оқушылар қаржы туралы білімдерін толықтырып қана қоймай, шет тіліндегі сөздік қорын байытуға мүмкіндік алды. Кітапшаларды Оңтүстік Қазақстан облысының 18 мектебі, Алматы облысы Жамбыл ауданы Еңбекшіарал ауылының, Тараз, Орал, Қызылорда, Өскемен, Семей және Астана қалаларының мектептері алды. Сонымен қатар мектептерде қаржылық сауатты арттыру бойынша кіріспе курсы бар семинарлар өткізілді.

2019 жылдың қыркүйегінен бастап ҚР Білім және ғылым министрлігі мен «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы мектептерде 10 және 11 сынып оқушыларына арналған «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» курсы енгізді. KMF сарапшылары «Жеке Қаржы. Бюджет және бюджеттеу» тақырыбында факультатив сабақтар әзірледі.

Қаржылық сауаттылық тақырыбындағы мақалалар оқушылар мен ата-аналарға арналған «ОҰЛА» ғылыми-танымдық журналында үнемі жарияланып отырды. Журнал оқырмандары ақшаның қысқаша тарихын біліп, шын қажеттіліктер мен қалаудың ара жігін ажырата білу және жеке қаржыны басқару бойынша кеңестер ала алды. 2020 жылы KMF 100 аз қамтылған отбасы мен балалар үйі үшін «ОҰЛА» журналына бір жылдық тегін жазылымды ұйымдастырды.

2021 жылы KMF қолдауымен қазақстандық жетекші практик-қаржыгерлер 100 жасөспірімге арнап тегін «Қаржы чемпиондары лигасы» атты курс өткізді. Курс орыс және қазақ тілдерінде онлайн форматта өтті.

2021 жылы KMF компаниясы FINBOSS деп аталатын қазақ және орыс тілдерінде балалар мен жасөспірімдерге арналған қаржылық сауат бойынша бейнекурс әзірледі. YouTube-тегі KMF арнасында жарияланған курста қаржы бойынша барлық күрделі және көлемді теория балалар үшін қызықты интерактивті форматта ұсынылды. Оқыту жаттықтырушы мен оның жасөспірім-серіктерінің әңгімесіне негізделді. Әр ролик 8-12 минутқа созылады, бұл – қызықты тақырыпты игеруге арналған ең оңтайлы уақыт.

2022 жылдың жазында пайдалы сабақтар, тестілер мен тақырып бойынша тапсырмалар қамтылған «FINBOSS: Балаларға қаржы туралы» атты түрлі-түсті журнал жарық көрді. Ал 2022 жылдың қарашасында факультатив ретінде мектепте оқыту үшін 11-15 жас аралығындағы оқушыларға арналған 6 негізгі тақырып бойынша курс әзірленді. Жоба аясында 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін 500-ден астам оқушы курстардан өтіп, қаржы-қаражат туралы білімдерін толықтыра алды.



FINBOSS ЖОБАСЫ:

- 1-сабақ – Бюджет. Бюджет түрлері
- 2-сабақ – Инфляция және дефляция
- 3-сабақ – Банк жүйесі
- 3-сабақ – Кредит өнімдері
- 5-сабақ – Қаржы құралдары
- 6-сабақ – Қор нарығы
- 7-сабақ – Шығыстарды бақылау
- 8-сабақ – Қаржылық мақсаттарды жоспарлау және белгілеу
- 9-сабақ – Бай адамдардың стратегиялары
- 10-сабақ – Қаржылық және цифрлық қауіпсіздік



ОТБАСЫ БЮДЖЕТІН БАСҚАРУДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ



БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ. FINBOSS ЖОБАСЫ

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН КОВОРКИНГ ОРТАЛЫҒЫ

2022 жылғы 18 мамырда «КМФ» микроқаржы ұйымы мен «КМФ-Демеу» қорының қолдауымен ҚР Орталық мемлекеттік музейінде тұңғыш балалар коворкинг-орталығы таныстырылды. Орталықтың ашылуы Қазақстандағы балалар жылына және КМФ-тің 25 жылдығына орайластырылған.

Балалар коворкинг-орталығы балалар үшін тұрақты негізде жұмыс істейді, мұнда білім беру және мәдени-демалыс бағдарламалары шеңберінде республиканың түкпір-түкпірінен оқушылар келіп, қатыса алады. Сондай-ақ КМФ көмегімен балалар мен жасөспірімдерге арналған коворкинг-орталық базасында ойын және дәріс нысандарында қаржылық сауаттылық бойынша тұрақты сабақтар өтеді.



КЛИЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН КОВОРКИНГ ОРТАЛЫҒЫ

2022 жылғы 18 қарашада КМФ клиенттерге қызмет көрсетудің жаңа цифрлық форматына көшіп, Алматы қаласында алғашқы Smart Office ашты.

Smart Office-те кез келген клиент қажетті қызметтердің барлық түрін ала алады. Smart-офис – компания клиенттері кең бөлмелерде және ыңғайлы жағдайда бір кесе кофе ішіп, материал мен кеңес ала алатын, сондай-ақ отбасылық бюджетті басқаруда және бизнесті басқарудағы қаржылық сауат бойынша семинарларға қатыса алатын коворкинг аймағы.



«Бұл – мұражай мен балалар арасындағы байланыстың жаңа форматы. Балалармен ойын форматында әрекеттескен жөн, ал орталық осы фактіні негізге алған. Дәл осы әдіс арқылы мұражай мамандары сабақ өтеді»



АННА КУЩЕНКО

ҚР Орталық мемлекеттік мұражайы Мәдени-білім беру жұмыстары бөлімінің басшысы

ОТБАСЫ БЮДЖЕТІН БАСҚАРУДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ



ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ ДАМУ АГЕНТТІГІМЕН СЕРІКТЕСТІК ЖӘНЕ FINGRAMOTA.KZ ЖОБАСЫ

КМФ қаржылық білім беруді дамытуда нарық қатысушыларымен белсенді ынтымақтастық орнатады. 2021 жылы «КМФ-Демеу» корпоративтік қоры мен Қазақстанның микроқаржы ұйымдары қауымдастығының халықтың қаржылық сауатын арттыру мәселесі бойынша бірлескен жобасы басталды. Жоба Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің көмегімен іске асырылды. Агенттік қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ететін мемлекеттік орган болып табылады.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі құрған FinGramota.kz порталында КМФ компаниясы қаржылық сауаттылық бойынша бейне сабақтарын орналастырып, таратады. Сондай-ақ «Қаржылық және цифрлық қауіпсіздік» брошюрасы әзірленді. Брошюрада қаржы пирамидалары тақырыптары, қаржылық алаяқтықтың кең таралған түрлері, соның ішінде интернет қылмыстар тақырыбы егжей-тегжейлі қарастырылады.



FinGramota.kz жобасы аясында 2023 жылы Fingramota.kz қазақстандық университеттер мен колледждердің студенттері үшін қаржылық сауаттылық бойынша дәрістерін тұрақты өткізіп келеді. Білім алған студенттер саны 1186-ға тең.

2023 жылғы 5 наурызда КМФ-Демеу **Oqylyq.kz** платформасы арқылы қаржылық сауаттылық бойынша республикалық олимпиада ұйымдастырды. Байқауға 5-8 сыныпта оқитын 300-ден аса оқушы қатысты. Алматы, Орал, Қарағанды, Қостанай мен Ақтөбе қалаларынан 63 оқушы жүлделі орын иеленіп, сыйлықтар алды.

БИЗНЕСТІ БАСҚАРУДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ



КМФ-ПЕН ІСКЕРЛІК ТАҒЫ АС

Қазақстанда қаржылық сауаттылықты ілгерілету құралдарының бірі тегін негізде ұйымдастырылған ашық бизнес-таңғы ас сериясы болды. Кафеде тренингтер өткізу идеясы 2017 жылы пайда болған, алайда 2015 жылы КМФ кеңселерінде кәсіпкерлер үшін бейресми оқыту өткізіле бастады. Кейін «Әйелдер кафесі» және «Бизнес-таңғы ас» форматында бизнес-білім беру бойынша тренингтер еліміздің барлық өңірлерінде іске қосылды.

Бизнес-таңғы астың мақсаты – кәсіпкер ретінде ойлауды қалыптастыру, бизнесті одан әрі дамыту және масштабтау үшін тиімді басқару дағдыларына үйрету. Іскерлік таңғы ас кезінде қатысушылар менеджердің негізгі дағдылары туралы біліп, коммуникативті және көшбасшылық қабілеттерін арттырады, келіссөздер жүргізуді, команданы ынталандыруды және дамытуды, өнімді дұрыс сатуды және ілгерілетуді, соның ішінде танымал брендті қалыптастыру негізінде үйренеді. Қол жетімді және түсінікті түрде берілген экономика негіздері мен қаржылық есеп туралы білім тренингтердің маңызды құрамдас бөлігі болды.

КМФ еліміздің барлық өңірлерінде іскерлік таңғы ас сериясын кең көлемде жалғастыруды жоспарлап отыр.



ІСКЕРЛІК ТАҒЫ АС ТАҚЫРЫПТАРЫ:

- Қаржылық есеп, баланстық есеп және cash-flow
- Маркетинг негіздері. Дәстүрлі және сандық
- Нарық. Маркетинг зерттеулері
- Брендінг және бизнесті дайындау
- Marketplace
- Бизнес-идеяны құру және іздеу
- Soft skills
- Менеджмент негіздері
- Бизнес психологиясы
- Бизнесті әртарапандыру
- SMM
- Сату техникасы
- Тиімді бизнес команда құру

КМФ PROBUSINESS БИЗНЕСКЕ АРНАЛҒАН ТӘЛІМГЕРЛІК БАҒДАРЛАМАСЫ

Кәсіпкерлер арасында қаржылық сауаттылықты арттыру жобасы КМФ бизнес-тренерлерінің семинарларымен шектелмейді. Жобаға өз тәжірибелері мен білімін бөлісуге дайын табысты кәсіпкерлер қатарынан сыртқы сарапшылар тартылады.

25 жыл бойы кіші және шағын бизнеспен жұмыс істей отырып, КМФ кәсіпкерлердің қызмет салаларының өсу және кеңею әлеуетімен бетпе-бет келетін қиындықтарын байқап жүрді. Тәжірибе мен жеткілікті білімнің болмауы кәсіпкерлерге жоспарланған мақсаттарға жетуде айтарлықтай кедергі келтірді. КМФ барлық мәселелерді жақсы түсінгендіктен кәсібін жаңа бастаған кәсіпкерлерге көмек көрсетуді қолға алды.

2022 жылы КМФ және КМФ-Демеу жаңадан бизнес ашқысы келетін немесе қолданыстағы бизнесті кеңейтуді қалайтын шағын кәсіпкерлер үшін КМФ ProBusiness оқыту және тәлімгерлік бағдарламасын іске қосты. Жобаның мақсаты – тәлімгерлік және оқыту құралы арқылы КМФ компаниясының ағымдағы клиенттерінің бизнесін дамытуға және жаңа шағын бизнесті іске қосуға ықпал ету болатын.

Жобаға Алматы қаласы мен Алматы облысынан барлығы 50 адам қатысты. Қатысушылар практикалық кейстерді зерттеп, өз бизнес-идеяларын дайындау барысында тәлімгерлерден көмек алды.

25 кәсіпкер – білім беру орталықтарының, кафелер желісінің, туристік және консалтингтік агенттіктердің басшылары, бөлшек сауда дүкендері желісінің және басқа да бизнес түрлерінің иелері тәлімгер болды. Бағдарламаның артықшылығы – сарапшылар бірлескен тренингтер өткізіп қана қоймай, қатысушылардың кәсіпорындары мен сауда орындарына да барды.

8 апталық бағдарлама КМFProBusiness DreamDay бизнес-идеялар фестивалімен аяқталды. Мұнда қатысушылар өздерінің бизнес-жобаларын ұсынды. Үздік жобалар 2022 жылдың қараша айында КМFIskerhanymu марапатау рәсімінде аталып, бағдарлама жеңімпаздарына сыйлықтар табысталды.

КМФ Қазақстанның барлық өңірлерінен табысты бизнесмендердің бағдарламаға қатысуын көтермелей отырып, ірі бизнес тарапынан ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерді қолдау идеясын кеңінен насихаттауды жоспарлап отыр.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТЫН АРТТЫРУ



КІТАПШАЛАР

КМФ және КМФ-Демеу әзірлеген кітапшалар мақсатты аудиторияға бейімделген, күрделі терминологияны қолданбай, шынайы кейс негізінде қарапайым және түсінікті тілде жазылған.

Барлық кітапшаны компанияның кез келген филиалынан тегін алуға болады. Сондай-ақ материалдарды www.demeufund.kz немесе www.kmf.kz сайттарында «Қаржылық сауаттылық» бөлімінде оқуға болады.


Кез келген кітапшадан тақырып бойынша негізгі білімді, ұсыныстар мен пайдалы кеңестер, сондай-ақ оны пайдалану мысалдарын табуға болады:



Бұл кітапшадан сіз отбасы бюджеті қалай және не үшін қалыптасатынын, дұрыс несиені қалай таңдауға болатынын және әмиянды күтпеген жағдайлардан қорғау жолдары, қарыз алушының құқықтары мен міндеттері, жинақ пен инвестицияның қандай түрлері бар екенін білесіз.



Бұл кітапшада Қазақстанда кең таралған алаяқтықтың әртүрлі түрлерінен қорғауға көмектесетін қаржылық және цифрлық қауіпсіздік бойынша кеңестер берілген.



Журналда ақшаны дұрыс жарату жолдары айтылған. «Ит қанша тұрады» ойыны пайдалы және пайдасыз кредит және цифрлық қауіпсіздік әмияндары туралы мағлұмат береді.



Есептік жазба – кірістер мен шығындардың есебін жүргізуге арналған қарапайым және қол жетімді қаржыны басқару құралы.



Кітапшада КМФ-тің әлеуетті және қазіргі клиенттері үшін топтық несие алудың артықшылықтары сипатталады, кепілсіз несие алу мүмкіндігі айтылады.


ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТЫН АРТТЫРУ



Кітапшада маркетингтің негізгі элементтері, баға белгілеу мен мерчендайзинг, сату техникасы және тиімді бизнес командасын қалай құру керектігі туралы үш тақырып біріктірілген.



Кітапшада КМФ клиенттерінің шынайы кейсі негізінде бизнес үшін есеп жүргізудің негізгі принциптері сипатталған: ақша ағындарын басқару (cash flow), пайда мен залал туралы есеп, баланстық есеп туралы кеңінен тоқталады.




Кітапшада ықтимал тәуекелдер мен болашақтағы өзгерістерді ескере отырып, бизнесті әртараптандыру немесе кеңейту қажет болған сәттер қарастырылады.



Кітапшада экологиялық таза болу, қоқысты қалай дұрыс сұрыптау, экологиялық белгілер қандай және не үшін қажет екендігі туралы кеңестер берілген.



Кітапшада жылыжайда көкөніс түрлерін өсірудің артықшылығы, жер таңдау, құрылыс түрлері мен құрылыс әдістері туралы егжей-тегжейлі ақпарат бар.



Кітапшада ауа райына қарамастан жыл бойы жасыл шөп, көкөніс өндірісін қалай қамтамасыз етуге болатыны айтылған.



Кітапшалар КМФ-Шаңырақ өнімі аясында ақпараттық қолдау ретінде жасалған, онда қандай жағдайларда терезелерді қалай ауыстыру керектігі және үйдегі жылу жүйесінің маңыздылығы, сондай-ақ оны қалай дұрыс қамтамасыз ету керектігі туралы пайдалы ұсыныстар берілген.



Бұл екі кітапшада Instagram-да бизнес-аккаунт жүргізудің негіздері келтірілген: жаңадан бастаған және тәжірибелі қолданушы үшін деп бөлек қарастырып өтеді.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТЫН АРТТЫРУ



Баспа материалдарынан басқа, біз қызықты интерактивті форматта бейне курстар мен бейне роликтерді жасауға көңіл бөлеміз.




YouTube-те балаларға арналған бюджетті жүргізу, қаржылық мақсаттар белгілеу және ақшаны басқару туралы түсіндірмелері бар отбасы мысалындағы анимациялық бейнелер сериясы шықты.



Жасөспірімдер үшін «FinBoss» бейне курсы әзірленді, мұнда дұрыс қаржылық әдеттерді қалыптастыру және отбасылық қаржылық мүмкіндіктерді қажеттіліктермен өлшеу қаншалықты маңызды екені көрсетілген.



Ересектер үшін «Қаржылық IQ» телехабары түріндегі бағдарлама түсірілді, онда отбасында және бизнесте бюджетті қалай жүргізу, кредитті қалай дұрыс таңдау және қаржы ұйымдарымен ынтымақтастықта неге көңіл бөлу керектігі айтылады.



YouTube арнасында «Қаржылық сауаттылық 120 секундта» атты тұрақты айдар іске қосылды, онда факторинг, франшиза дегеніміз не, ақшаны қайда салу керек секілді басқа да қызықты тақырыптар сөз болады.



Сондай-ақ KMF-тің YouTube арнасында бизнес тақырыбындағы подкасттарды, Instagram-да бизнес-аккаунт жүргізуді және басқа да пайдалы видеоларды тамашалауға болады.



«ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ» ЖОБАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ



2013

- Сәуір айында КМФ клиенттері арасында отбасылық бюджетті басқарудағы халықтың қаржылық сауаттылығындағы кемшіліктерді анықтау бойынша зерттеу жүргізілді. Зерттеу нәтижелері бойынша шілде айында КМФ микроқаржыландыру жөніндегі халықаралық консультанттардың қатысуымен оқу құралдары мен кітапшалар әзірлеуге, сондай-ақ бизнес-жаттықтырушылар үшін оқытуды ұйымдастыруға кірісті. КМФ-тің 400-ден астам қызметкері оқыту семинарларын өткізу үшін сертификат алды.
- Желтоқсан айында КМФ «ҚР халқының қаржылық сауатын арттыру» әлеуметтік жобасының іске қосылғанын жариялады, оның алғашқысы «Отбасы бюджетін басқарудағы қаржылық сауаттылық» модулі болды.

2014

- Сәуір айынан бастап КМФ курстың барлық 10 сабағы бойынша қысқа метражды мультфильмдер шығаруға кірісті. Болашақта мультфильмдер барлығына қол жетімді болуы үшін ғаламторда жарияланды.
- 4-5 маусымда Алматы қаласында «Бизнес-өңір» шағын және орта бизнес басшыларының өңіраралық конгресі өтті. Бұл шарада КМФ компаниясы серіктес болды. Конгресс аясында отбасылық бизнес форумға айрықша көңіл бөлініп, қаржылық сауаттылық тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.
- 22 тамызда Таразда жыл сайынғы Саяси көшбасшы жазғы мектебі аясында кәсіпкер әйелдерге арналған конференция өтті. Жамбыл облысындағы КМФ филиалы Қазақстан халқының қаржылық сауаттылығы бойынша жеке сессия өткізуге шақырылды.
- Қазан айында клиенттердің Бизнесіні басқарудағы қаржылық сауаттылықты арттыру қажеттіліктерін бағалау бойынша зерттеу жүргізілді.
- 1 қарашада КМФ халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша «Қаржылық сауаттылық – табысқа апарар жол» атты бірінші конференция ұйымдастырды. Ал КМФ-Демее өкілдері жобаның жетістіктерімен бөлісті. Бұл кезеңде 10 000-ға жуық семинар және кәсіпкерлермен 100-ден астам кездесу өткізілді.
- Желтоқсан айында КМФ «Қазақ радиосында» және «Tengri FM»-де қаржылық сауаттылық туралы аудиороликтер сериясын іске қосты. Хабар эфирде жүргізушілер мен КМФ өкілдері арасындағы диалог түрінде өтті.

2015

- Мамыр айында КМФ компаниясы білім беру жобасының болашақ тәлімгерлері – бизнес-тренерлерге арнап тренингтер өткізді.
- Қарашада «Бизнесіні басқарудағы қаржылық сауаттылық» жобасы аясында КМФ клиенттерін оқыту басталды. Алғашқы сабақтар Шығыс Қазақстан филиалында «Сату техникасы» тақырыбында өтті.

2016

- Көктемде отбасы бюджетін басқаруда қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша «Кредитті өтеу тәсілдері» атты 11-ші сабақ қосылды.
- Мамыр айында «Бизнесіні басқарудағы қаржылық сауаттылық» жобасын сәтті аяқтаған кәсіпкерлер арасында «Алтын шеңбер» арнайы байқауы басталды. Байқау жеңімпаздары «Әйел және Бизнес» ІХ республикалық конференциясында марапатталды. Үш финалист тұрмыстық техника сатып алуға арналған сертификаттарды иеленді.
- Оқу жылында КМФ оқушыларға арналған семинарлар өткізді. Сонымен қатар еліміздің 18 оқу орнының кітапхана қорына ағылшын тіліндегі қаржылық сауаттылық бойынша кітапшалар тарту етті.
- КМФ компаниясы жоғары сынып оқушыларына арналған «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» курсын дайындауға қатысып, жеке қаржы тақырыбында сабақ өткізді. Жобаның бастамашысы «Атамекен» ҰҚП болды.

2017

- Ақпан айында Ресейлік микроқаржы орталығы КМФ-Демее өкілдерін қаржылық сауаттылық жөніндегі «Тұтынушылардың қаржы нарығына деген сенімін қалай арттыруға болады?» тақырыбында өткен конференцияға шақырды. Мұнда КМФ компаниясының өкілдері Қазақстанда жинаған тәжірибелерімен бөлісті.
- 7-8 қыркүйекте КМФ Қазақстанда «Қаржылық сауаттылықты арттыру әлеуметтік-экономикалық есу факторы ретінде» тақырыбында бірінші халықаралық микроқаржы форумын ұйымдастырды.

2018

- КМФ және Atameken Business Channel-дің ортақ жобасы – «Қаржылық IQ» бағдарламасы басталды. 1 жыл ішінде жарық көрген 10 серияда КМФ клиенттері қаржылық сауаттылықтың олардың бизнесіне қалай әсер ететінін нақты мысалмен айтып берді.

«ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ» ЖОБАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ



- 1 жыл көлемінде КМФ-тің қаржылық сауаттылық бойынша аудио сабақтары «Қазрадио» радиостанциясында (Қазақ радиосында), ал анимациялық сабақтары «Қазақстан» телеарнасында көрсетілді.
- Наурыз айында бизнес-білім беру бойынша КМФ семинарларынан өткен клиенттер үшін тұрмыстық техниканы сатып алуға арналған сертификаттардың ұтысы өткізілді. Нәтижесінде 38 жеңімпаз 10, 25 және 50 000 теңгелік сертификаттарға ие болды.
- КМФ «Барлығы жылыжай туралы», «Жыл бойы топырақсыз жасыл желек» және «Қалдықтардан түсетін пайда» атты үш кітапшаны шығарды. Кітапшалар көкөніс пен гүл өсіруге қызығатын жандарға арналған.

2019

- КМФ бөлімшелерінің басшылары арасында «Бизнес-білім берудегі клиентке бағдарланған жаттықтырушы» байқауының қорытындысы жарияланды. Ал жеңімпаздарға тұрмыстық техника сатып алуға арналған сертификаттар табысталды.
- Қаржылық сауаттылық бойынша бедерлі Брайль қарпімен басылған кітапшалар жиынтығы дайындалды. КМФ компаниясы ұсынған кітапшалардың орыс және қазақ тілдеріндегі жинақтары Алматы, Павлодар, Екібастұз, Щучинск, Қостанай, Тараз, Шымкент, Қызылорда қалаларында зағип жандарға арналған мамандандырылған кітапханаларға, арнайы мектеп-интернаттарға және зағиптар қоғамына берілді.

2020

- Балалар мен жасөспірімдердің қаржылық сауатын арттыру жобасы аясында КМФ компаниясы 50 аз қамтылған отбасы мен балалар үйіне арнап «OYLA» журналына тегін бір жылдық жазылым ұйымдастырды.
- «KMF ISKER» телеграм-арнасы іске қосылды. Мұнда жазылушылар жаңалықтарды қадағалап қана қоймай, қаржылық сауаттылық тақырыбында білім ала алады.
- КМФ компаниясы білім берудегі онлайн форматты дамытып, оқудан кейін білімді шыңдай түсу үшін «Финквест» интерактивті жаттықтырушысын дайындады (trenazher.demeufund.kz).
- Топтық кредит туралы ақпарат беру мақсатында қыркүйекте «Бірге кредит аламыз!» кітапшасы жарық көрді. Мұнда топтық кредиттің артықшылықтары жайлы жазылған.

2021

- «Instagram-да бизнес-аккаунтты қалай ашуға және

- дамытуға болады» тақырыбында жаңа сабақ пен кітапша жарық көрді. Ол желіні енді қолға алған және тәжірибелі қолданушыларға арналған. Сондай-ақ брошюра негізінде бейне сабақтар түсірілді.
- Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесе отырып «Қаржылық және цифрлық қауіпсіздік немесе қаржы алаяқтарының құрбаны болмау үшін не істеу керек?» тақырыбында кітапша шықты. Кейін қаржылық сауат бойынша сабақтар fingramota.kz порталында орналастырылып, жоғары оқу орындарында дәрістер өткізілді.
- Демеушілік қолдау аясында 12 жастан 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерге арналған «Қаржы чемпиондары лигасы» қаржылық сауаттылық бойынша онлайн-курс өткізілді.
- «Бизнесті басқарудағы қаржылық сауаттылық» жобасы бойынша оқыту процесі автоматтандырылды. Енді кәсіпкерлер Telegram-да @KmfDemeuBot немесе «Бизнесті қалай басқаруға болады» деп іздеу арқылы білім алуды бастай алады.

2022

- 1 жыл көлемінде Қазақстан қалаларында КМФ сарапшыларымен тегін бизнес-таңғы ас сериясы өтті. Таңғы асқа компанияның кәсіпкер-клиенттері мен өзге де қонақтар шақырылды.
- MOST бизнес-инкубаторымен бірге балалар мен жасөспірімдерге арналған 10 сабақтан тұратын FINBOSS онлайн-курс әзірленді. Ал сабақтар бейнежазбалар КМФ-тің YouTube арнасына жарияланды.
- Мамыр айында Орталық мемлекеттік мұражайында балаларға арналған Оқу орталығы ашылды. «Мұражайдағы түн-2022» акциясы аясында ашылған аталмыш коворкинг-орталығына кез келген бала келе алады.
- КМФ компаниясының YouTube-арнасында «Қаржылық сауаттылық 120 секундта» атты жаңа айдар пайда болды. Мұнда КМФ компаниялар тобының мамандары инвестиция, франчайзинг, негізгі қаржылық қателер туралы баяндап, пайдалы кеңестер береді.
- 1 қыркүйекте платина демеушісі ретінде КМФ компаниясы Қостанай облысы Жайлау шипажайында ENACTUS LEADERSHIP CAMP 2022 қатысушылары үшін «Қаржылық сауаттылық» тақырыбында интерактивті сессия өткізді. Сессияға Қазақстанның 19 қаласынан және 20 жоғары оқу орны мен колледжінен 80-нен астам студент қатысты.

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ



ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІ:

- «KMF Isker hanymy» конференциясы
- «KMF Isker hanymy» сыйлығы
- Кәсіпкер әйелдерге арналған субсидиялау бағдарламасы
- «KMF Isker hanymy» бизнес-порталы
- ЕҚДБ-мен «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасы және «Әйелдер кафесі» жобасы бойынша ынтымақтастық
- Әйелдерге арналған қаржылық альянсқа мүшелік

АГРОКӘСІПКЕРЛІК:

- Агробизнеске арналған субсидиялау бағдарламасы
- Бірінші KMF агрофорумы
- Аймақтық жәрмеңкелер мен көрмелер
- Орталық Азия ықпал ету қорымен ынтымақтастық

ЖАСТАР КӘСІПКЕРЛІГІ:

- Жастар кәсіпкерлігі форумы
- Enactus Kazakhstan компаниясымен студенттер кәсіпкерлігін қолдау
- MOST Ventures қорымен бірлесіп стартаптарды қолдау
- KMF-тің Mentor Pro.Finance тәлімгерлік бағдарламасы.

ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІК

ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІ



КМФ құрылған сәттен бастап қызметтің негізгі бағыттарының бірі әйелдер кәсіпкерлігін дамытуды қолдау болып табылады. Бұл бағыттағы жұмыстың тиімділігі сандармен расталады – дәстүрлі түрде әйелдердің үлесі 50%-дан асады және бүгінгі таңда КМФ клиенттерінің 52%-ы әйелдер. Олардың көпшілігі кәсіпкерлікпен айналысады: базардағы сауда, агробизнес, қызмет көрсету және шағын өндіріс. Компания бизнесті дамыту үшін әрбір қазақстандық әйел пайдалана алатын қаржылық және қаржылық емес мүмкіндіктер жасайды.

2018 жылы КМФ «Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту қағидаттары. Бизнес тең құқықты білдіреді» қағидатына қол қою арқылы «БҰҰ-Әйелдер» халықаралық құрылымының бастамасын қолдады. Осы қағидаттарды іске асыру Қазақстандағы орнықты даму саласындағы мақсаттарды ілгерілету шеңберінде жүзеге асырылады. Аталған қағидаттарға қол қойған компаниялар шешім қабылдау деңгейінде гендерлік паритетке қол жеткізуге, тең еңбекақы төлеуге, ресурстарға қол жеткізуге, кәсіби дамуға, қауіпсіз жұмыс ортасын құруға, сондай-ақ әйелдердің қоғамдастықтағы қажеттіліктері мен мұқтаж-дықтарын ескеруге күш салуға міндеттенеді.

КМФ клиенттерінің

52%-ы әйелдер

«KMF ISKER HANҰМУ» КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

2006 жылы КМФ компаниясы алғаш рет Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкер әйелдеріне арналған «Әйел тұлғалы бизнес» конференциясын өткізуге бастамашы болды. Ол кейіннен жыл сайын өткізіліп келеді. Бұл конференция бизнесте мол тәжірибе жинақтаған кәсіпкер әйелдерге ғана емес, сонымен қатар кәсіпкерлік жолын енді бастаған өзін-өзі жұмыспен қамтыған әйелдерге де арналған. Осылайша, конференция маңызды әлеуметтік мәселелерді шешеді.

Әдетте баяндамалардың тақырыптары бизнесті жүргізуден бастап әлеуметтік жағдайларға, ана атанудан бастап мансапты жоспарлауға және мемлекетті басқаруға

қатысуға дейінгі көптеген мәселелерді қозғайды. Конференцияда спикерлер ретінде мемлекеттік органдардың өкілдері, кәсіпкерліктің, менеджменттің, қоғамдық ұйымдардың түрлі салаларындағы сарапшылар, бизнес-тренерлер мен психологтар сөз сөйлейді.

Конференция әр жылдары әртүрлі атаулармен өтті – «Әйел тұлғалы бизнес», «Әйел және бизнес», «Қанатты әйелдер», бірақ оның мәні өзгерген жоқ. Бірінші конференция өткізілген сәттен бастап бұл іс-шара тәжірибе алмасуға, білім алуға және пайдалы іскерлік байланыстар орнатуға мүмкіндік алған Қазақстанның түрлі қалаларынан қатысушылар үшін бірегей алаңға айналды.

2017 жылы КМФ 20 жылдық мерейтойын атап өтті, бұл ұйымдастырушыларды ІХ «Әйел және бизнес» конференциясын жылдағыдай Шымкентте емес, Бас кеңсе орналасқан Алматыда өткізуге итермеледі. Осы кезден бастап конференция өткізу бір қаладан екінші қалаға ауысып, мобильді бола түсті.

ІХ «Әйел және бизнес» конференциясында Еуропа қайта құру және даму банкі серіктес болды. ЕҚДБ спикерлері «Әйелдер – кәшбасшылар» тақырыбында семинар өткізіп, басшының рөлі мен функциялары, әйел кәшбасшының портреті сияқты әйелдер кәсіпкерлігіне қатысты мәселелерді көтерді.

ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІ



«Әйел және бизнес» конференциясы оныншы рет 2018 жылдың наурыз айында Таразда өтті және Қазақстанда өз бизнесін ұйымдастыру және дамыту кезінде әйелдердің алдында тұрған мәселелерді шешу жолдарын талқылауға және іздеуге арналды. Франкфурт бизнес мектебінің спикері «Интернет арқылы сату техникасы», Отбасылық бизнес қауымдастығының өкілі «Сіздің бизнесіңізге 7 қадам» презентациясын таныстырды. Басқа да білікті сарапшылар делегаттарға өзін-өзі таныстыру әдістемелерін көрсетті.

2019 жылы жаңа атаумен конференция бірден екі қалада – 15 наурызда Шымкентте және 17 мамырда Қарағандыда өтті. Талқылау «Тиімді сату. Тауарлар мен қызметтерді жылжытудағы жаңа технологиялар» атты тақырыпта болды. Іс-шара аясында шағын көрмелер өтті, онда KMF клиенттері қолдан жасалған түрлі бұйымдар, азық-түлік және тағы басқа тауарлар сынды өз өнімдерін ұсынды.

Конференцияларға
Қазақстанның
түкпір-түкпірінен

2000 - ға

жуық кәсіпкер әйел қатысты



ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІ



2018 жылы әйелдер кәсіпкерлігін қолдау бағдарламасы әзірленді, ол бейресми кездесулерде білім мен дағды алуға, басқа кәсіпкерлермен үнемі тәжірибе алмасуға, бизнесте орнын тапқан табысты әйелдердің өмірлерінен мысал келтіруге мүмкіндік берді. Бұл КМФ-ті «Әйелдер кафесі» сынды жаңа жобаны, мамандандырылған сайт және кәсіпкер әйелдерге арналған жыл сайынғы байқауды құруға итермеледі. Бұл жобалар КМФ-тің бұрынғы бастамаларын сәтті толықтырды.

«KMF ISKER HANYMU» СЫЙЛЫҒЫ

2019 жылдан бастап байқаудың тұжырымдамасы әзірленді, оның мақсаты өз саласындағы бизнестің үздік өкілдерін атап өту және оларға алғыс айту болатын. КМФ клиенттерінің көпшілігі – әйелдер, бұл компанияны олардың еңбегін ресми тану идеясына итермеледі. Сыйлықтың басты айырмашылығы - ол микробизнеске қатысушылар үшін құрылған, ал мұндай конкурстар шағын және орта бизнес үшін жиі өткізіледі, оларды микрокәсіпкердің айналымымен салыстыруға келмейді.

2021 жылы кәсіпкер әйелдер арасында «KMF Isker hanymy 2021» сыйлығына арналған алғашқы республикалық байқау өтті. Байқауға қатысушылар, қазылар алқасының мүшелері және шақырылған қонақтар байқауды жоғары бағалады. Сондықтан 2022 жылдың шілдесінде ұйымдастырушылар – КМФ және КМФ-Демеу – «KMF Isker hanymy 2022» кәсіпкер-ханымдарға арналған II Республикалық конкурстың басталғаны туралы хабарлады.

2022 жылы байқау 1 шілдеде басталды және бір айдың ішінде ұйымдастырушыларға республиканың түкпір-түкпірінен 2000-нан астам өтінім түсті, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 2 есе көп. Конкурсқа қатысу үшін өтініш берушілер КМФ-тің белсенді клиенттері болуы және кәсіпкерліктің өсуінің белгілі бір критерийлеріне сәйкес келуге тиіс еді (автоматтандыруды қолдану, оқуға ұмтылу, қиындықтарды жеңуге ынтыласын көрсету, жетістіктер). Қатысушылардың порталда толтырған өтінімдерінен басқа, комиссия таңдаған жартылай финалистер өз бизнесі туралы әңгімелейтін бейне жіберді.



«Біз жыл сайын бизнестегі әйелдердің рөлі артып келе жатқанын көріп отырмыз. Бұл ретте әйелдер кәсіпкерлігі бұрын дәстүрлі түрде ерлер басым болған салаларға қарай кеңейіп келеді. «KMF Isker hanymy 2022» байқауы биыл біздің 25 жылдық мерейтойымыздың аясында өтуде. Бұл іс-шара әйелдер бизнесін қолдаудың және оның дамуына ықпал етудің тағы бір мүмкіндігі»

ӘСЕЛ ШЕГЕБАЕВА
«КМФ-Демеу» қорының
Бас директоры

ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІ



Үздіктерді анықтау үшін Франкфурт Қаржы және менеджмент мектебінің кеңесшілерімен бірге рейтингтік кесте жасалды. Байқау 2022 жылдың 1 қарашасында аяқталды және 11 қарашада салтанатты марапаттау рәсімінде келесі номинациялар бойынша жеңімпаздар жарияланды:



- Бас жүлде – «KMF Isker hanymu 2022»



- «Ауылдық жерде бизнесті дамытуға қосқан үлесі үшін» номинациясы



- «Бизнесті дамытуға қосқан үлесі үшін» номинациясы.



- «Әлеуметтік бизнес» номинациясы



- «Қазылар алқасынан арнайы сыйлық» номинациясы

Байқау жеңімпаздары тұрмыстық техника сатып алуға 500 мың теңгеден, ал бас жүлде иегері – миллион теңге көлеміндегі сыйлықтарын алды.

Өткен жылдағыдай, өтінімдерді зерделеу барысында жұмыс тобы мен қазылар алқасы бизнес саласындағы белгілі бір жетістіктері үшін тағы 9 әйелді арнайы номинациялармен атап өтуге шешім қабылдады. Нәтижесінде олар тұрмыстық техника алуға арналған 100 мың теңгелік сертификат алды. Жүлде қоры барлығы 3 000 000 теңгені құрады.

Марапаттау рәсіміне Ақтөбе, Астана, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Павлодар, Семей, Талдықорған, Тараз және Шымкент қалаларынан 100-ден астам КМФ клиенттері келді. Байқауға қатысушылар күнделікті жұмыстарын тастап, іскерлік байланыстарды жаңартуға және кәсіпкерлік тәжірибемен алмасуға мүмкіндік алды.

Байқауды өткізудің табысты тәжірибесі және көптеген алғыс пікірлер осындай іс-шаралардың қажеттілігін көрсетті.

Жүлде қоры

3 млн
ТЕҢГЕНІ

құрады

«KMF Isker hanymu сыйлығы» – КМФ компаниялар тобының бастамасы. Бұл біздің Қазақстандағы кәсіпкерлікті дамытуға қосқан шағын үлесіміз. Еліміздің әр өңірінен келген қатысушылар мемлекетіміздің тұрақтылығы, дамуы мен гүлденуі үшін үлкен үлес қосып жүр»



ШАЛҚАР ЖҮСІПОВ
«КМФ» МҚҰ Басқарма Төрағасы

ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІ



КӘСІПКЕР ӘЙЕЛДЕРГЕ АРНАЛҒАН СУБСИДИЯЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

2020 жылдың қыркүйегінде КМФ КМФ-Демеу қорымен бірлесіп, пандемияға байланысты тұралап қалған бизнес, мерзімі өткен берешек түрінде туындаған мәселелерге қарамастан дамуға дайын әйел кәсіпкерлерге белгілі бір шарттарды сақтай отырып, микрокредит берудің арнайы бағдарламасын іске қосты.

Осы бағдарлама арқылы КМФ кәсіпкерлерге несиелік жүктемесін азайту арқылы жаңа несиелік алуға көмектесуге тырысты. Қарыз алушы үшін артықшылығы МҚҰ пайыздық мөлшерлеменің жартысын субсидиялады (өтеді). Шын мәнінде, қарыз алушы әйелдерді несиелеу құны сыйақы мөлшерлемесінен 50%-ға төмендеді.

Бағдарламаға қатысу шарттарының бірі жұмыс істеп тұрған бизнестің болуы және кемінде үш жұмыс орнын құру болды. Жұмыс орнын қамтамасыз ету бойынша талап бизнесті ғана емес, сонымен қатар жұмысшылардың отбасын да қолдауға мүмкіндік береді.



Өтініштерді қарастырған кезде пандемиядан ең көп зардап шеккен ауылдық аймақтар мен қызмет түрлері басымдыққа ие болды.

Кәсіпкер әйелдерді субсидиялау бизнесі шектеулерден зардап шеккен қарыз алушыларды қолдау жөніндегі кең ауқымды шаралар бағдарламасының бір бөлігі болды.

Пандемия жағдайында бұл бағдарлама кәсіпкерлер үшін елеулі қолдау болды, оның шеңберінде 250 млн теңгеден астам қаражат берілді.

«Біздің компания 25 жылдан бері әйелдер кәсіпкерлігін қолдап келеді. Алғашқы клиенттердің арасында үй жағдайында тәтті тағамдар пісіріп сату сияқты шағын бизнеспен айналысқандар да болды. Бүгін біз кәсіпкер әйелдердің портреті айтарлықтай өзгеріске ұшырағанын көріп отырмыз. Олар ірі кәсіпорындарды басқарады, шаруа қожалықтарын басқарады және әлеуметтік салаларда белсенді жұмыс істейді»

ШАЛҚАР ЖҮСІПОВ
«КМФ» МҚҰ Басқарма Төрағасы

ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІ



«KMF ISKER HANYMY» БИЗНЕС-ПОРТАЛЫ

Кәсіпкерлерді қолдаудың қолжетімді тәсілдерінің бірі жаңа интернет-портал болды. «KMFIskerHanymy.kz» - әйелдер алдағы семинарлар мен вебинарлар туралы хабарландыруларды, клиенттердің табыс тарихын, қаржылық сауаттылық сабақтарын, бизнесті ілгерілету бойынша кеңестерді, денсаулық туралы мақалаларды және т.б. қоса алғанда, барлық қызықтыратын мәселелер бойынша көлемді ақпарат ала алатын бизнес-алаң.

2021 жылдың шілдесінде іске қосылған сайтта тауарлар мен қызметтерді, сондай-ақ қатысушылардың егжей-тегжейлі профильдері бар бірлескен бизнес серіктестерін

іздеуге арналған электрондық алаң бар. Танымал айдарлар: «Мен әлеуметтік кәсіпкермін» – әлеуметтік осал топтарға жұмыс орындарын ұсынатын немесе оң әлеуметтік әсер ететін KMF әлеуметтік кәсіпкерлерінің табыс тарихы; «Made in KZ» – өз тәжірибесі мен білім қорын басқалармен бөлісуге дайын KMF клиенттерінің нақты және бірегей кейстері; «Сарапшыға сұрақ» – мұнда кәсіпкер әйелдер үшін өзекті тақырыптар бойынша жиі қойылатын сұрақтар мен сарапшылардың жауаптары орналастырылады.



ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІ



«БИЗНЕСТЕГІ ӘЙЕЛДЕР» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ЕҚДБ-МЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Кәсіпкер әйелдерді несиелеудегі көп жылдық тәжірибеге сүйене отырып, КМФ іс жүзінде қарыз алушылардың бұл санаты тәуекелі аз, икемді және тәртіпті екеніне көз жеткізді. Осыны ескере отырып, КМФ Еуропа қайта құру және даму банкінің (ЕҚДБ) «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасына енді.

КМФ осы бағдарламаға 2016 жылдан бастап қатысады. ЕҚДБ және Қазақстан Республикасының Үкіметі бірлесіп қаржыландыратын бағдарлама әйелдер басқаратын шағын және орта кәсіпорындарға көмек көрсетуді білдіреді. Бағдарлама аясында кәсіпкер әйелдерді қаржылық және қаржылық емес қолдау: оқыту семинарлары, тәлімгерлік және коучинг түрлері қарастырылған.

2016 жылы ЕҚДБ КМФ-ке 3,8 млрд теңге көлемінде нысаналы қарыз берді. Осы қаражатқа КМФ кәсіпкер әйелдерге 9 798 несие берді. Бір жылдан кейін ЕҚДБ КМФ шамамен 3,5 млрд теңге (\$11 млн) мөлшерінде кезекті қарыз берді, ол қазақстандық кәсіпкерлердің, әсіресе республиканың шалғай ауылдарында шағын несиелерге қолжетімділігін одан әрі кеңейтуге пайдаланылды.

2020 жылы КМФ 40 миллион АҚШ долларына баламалы ЕҚДБ қарызын алды. Бөлінген сома пандемия жағдайында жергілікті кәсіпорындарды, соның ішінде ауыл шаруашылығы секторын және әйелдер басқаратын кәсіпорындарды несие қаражатымен қолдауға бағытталды.

«ӘЙЕЛДЕР КАФЕСІ»

2017 жылдан бастап КМФ өзінің қарыз алушылары үшін «Әйелдер кафесі» деп аталатын бейресми кездесулер ұйымдастырды. Бір алаңда жетекші бизнес-жаттықтырушылардан пайдалы білім алу, тәжірибе алмасу және байланыстар жасау үшін КМФ-тен несие алатын әйел кәсіпкерлер жиналады. Мұндай оқыту іс-шарасы тұрақты клиенттерге арналған ниеттестік бағдарламасы аясында тегін өткізіледі.

Жобаның барлық уақытында оған Қазақстанның түкпір-түкпірінен 300-ден астам әйел қатысты. «Әйелдер кафесі» жобасы ЕҚДБ-мен «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасы бойынша ынтымақтастық аясында жүзеге

2022 жылдың шілдесінде ЕҚДБ мен КМФ арасында 25 миллион АҚШ доллары көлемінде несие беру туралы жаңа келісімге қол қойылды. Бұрынғыдай қаражат шағын отандық компаниялар мен әйелдер басқаратын кәсіпорындарды қолдауға бағытталады.

КМФ клиенттерінің «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасына қатысуының барлық кезеңінде 11 млрд теңгеден астам сомаға 20 000-нан астам несие берілді. Берілген әрбір несиенің артында әйелдерге бизнесте өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруға, ақша табуға, отбасына, балаларына қамқорлық жасауға, оларға білім беруге мүмкіндік беретін өзінің жеке кәсіпкерлік ісі тұр.

Еуропа қайта құру және даму банкі жыл сайын тұрақты даму саласындағы жетістіктері үшін сыйлықтар береді. Бұл марапат экологиялық және әлеуметтік мәселелерді реттеу жөніндегі жобаларды іске асырудағы жетістіктерді мойындаудың белгісі болып табылады. 2020 жылы әлемнің түкпір-түкпірінен 47 компания ұсынылды. КМФ тұрақты даму саласындағы үздік жетістіктері және «Бизнестегі әйелдер» жобасын табысты жүзеге асырғаны үшін марапатқа ие болды.



асырылды. КМФ және ЕҚДБ бірлескен қызметі ұзақ мерзімді сипатқа ие, соның арқасында Қазақстан әйелдерін оқытуға, олардың дағдылары мен іскерліктерін дамытуға қомақты қаражат бөлінеді.

ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІ



ӘЙЕЛДЕРГЕ АРНАЛҒАН ҚАРЖЫ АЛЬЯНСЫНА МҮШЕЛІК


2021 жылғы маусымда КМФ әйелдерге арналған Қаржы альянсының мүшелігіне кірді – бұл әйелдер экономикасын қорғауға мүдделі қаржы институттарының халықаралық консорциумы ретінде жұмыс істейтін коммерциялық емес ұйым. Оның мүшелері 135-тен астам елде әйелдерге табысқа жету үшін қажетті құралдарды, соның ішінде капиталға, ақпаратқа, білімге және нарыққа қол жеткізуді қамтамасыз ететін инновациялық кешенді бағдарламаларды құру үшін жұмыс істейді.



Бір жыл ішінде КМФ қызметкерлері Альянстың бірқатар іс-шараларына қатысты. Атап айтқанда:

- Қаржылық емес қызметтер бойынша жұмыс топтары шеңберінде қаржылық емес қызметтер саласындағы негізгі үрдістер және олардың әсер ету тиімділігін бағалаудың қолданыстағы құралдары талқыланды
- Менторинг бағдарламасын іске асыру кезінде BracBank (Бангладеш) сарапшысынан нетворкинг пен оқытудың оң тәжірибесін алуға мүмкіндік берілді
- All-Stars Academy оқу барысында нарық деректерін гендерлік негізде сегменттеудің маңыздылығы, әйелдер үшін №1 жұмыс берушіге айналу қадамдары, сондай-ақ әйелдерге бағытталған маркетингтік стратегияны өзірлеу талқыланды

КМФ Қаржы альянсына қатысудан алған ең құнды нәрсе – әйелдер банкингінің сарапшыларынан халықаралық тәжірибе алу мүмкіндігі



ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІН ҚОЛДАУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР



2006

- Шымкентте «Әйел тұлғалы бизнес» атты бірінші аймақтық конференция өтті. Ұйымдастырушылар қатарында Қазақстанның іскер әйелдер қауымдастығымен бірлесіп «Қазақстанның кредиттеу қоры» болды.

2007

- Шымкент қаласында КМФ қатысуымен ұйымдастырылған «Әйел және бизнес» II аймақтық конференциясы өтті.

2008

- 14 қарашада КМФ Қазақстанның іскер әйелдер қауымдастығымен, ОҚО әкімі жанындағы Отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі комиссиямен, Оңтүстік Қазақстан облыстық аумақтық сауда-өнеркәсіп палатасымен бірлесіп Шымкент қаласында «Әйел және бизнес» III аймақтық конференциясын өткізді.

2009

- Шымкентте кәсіпкер әйелдерге арналған «Қанатты әйелдер» IV КМФ конференциясы өтті. Оңтүстік Қазақстанның барлық аудандарынан 100-ден астам қатысушы бір-бірімен танысып, өз өнімдерін көрмеге ұсынды және бизнес жүргізу тәжірибесін бөлісті.

2010

- КМФ «Шеврон» АҚ-ның Қазақстанның жұмыссыз әйелдеріне қаржылық көмек көрсету жөніндегі әлеуметтік жобасына қатысты. Жобаның қолданылу кезеңінде Бағдарламаның 7 қатысушысы Қазақстанның іскер әйелдер қауымдастығынан оқыту курстарынан тегін өтіп, жалпы сомасы 14 000 АҚШ доллары тұратын жеңілдікті шарттар бойынша несие ала алды. Осы қаражатқа әйелдер қолданыстағы бизнесті кеңейтіп, жаңа жабдықтар сатып алып, жаңа жұмыс орындарын құрды.
- Қараша айында кәсіпкер әйелдерге арналған мерейтойлық «Әйел және бизнес» V конференциясы болды. КМФ конференциясы дәстүр бойынша Шымкентте өтті.

2011

- Наурыз айында Шымкент қаласындағы КМФ филиалының директоры еліміздің гендерлік даму мәселелеріне арналған Қазақстандық әйелдердің I Съезіне қатысты.
- Маусым айында Тараз қаласындағы КМФ филиалының

директоры әлемдік экономика мәселелеріне, сауданы дамыту перспективаларына, сондай-ақ әйелдің бизнесті дамытудағы рөліне арналған VII Дүниежүзілік ислам экономикалық форумына (ДИЭФ) қатысты.

2012

- «Мүмкіндіктер кеңістігі немесе бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі» – осындай ұранмен Шымкентте 6 желтоқсанда ОҚО-ғы Қазақстанның іскер әйелдер қауымдастығы мен Сауда-Өнеркәсіп палатасының қолдауымен КМФ ұйымдастырған Оңтүстік Қазақстан облысының тұрғындары үшін «Әйел және бизнес: Әлеуметтік әріптестік» атты VII аймақтық конференциясы өтті. Конференцияға барлығы 100-ден астам адам қатысты, оның 34-і Шымкент, Түркістан, Талдықорған, Тараз және Алматыдан келген КМФ клиенттері болатын.

2015

- 4 наурызда Rixos Khadisha Shymkent қонақ үйінде «Әйел және Бизнес» VIII аймақтық конференциясы өтті. КМФ конференциясына 120-ден астам қатысушы жиналды, оның ішінде Тараз, Қызылорда, Түркістан және Алматы қалаларынан келген кәсіпкерлер бар. Бұл конференция тақырыбы: «Бизнес толеранттылықты таңдайды». Конференция Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына арналды.

2016

- КМФ «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасы бойынша ЕҚДБ-дан 3,8 млрд теңге көлемінде қарыз алды. Қарыз екі траншпен бөлініп, алты ай ішінде игерілді. Бағдарлама аясында Алматыда, Астанада және Қазақстанның облыс орталықтарында кәсіпкерлер үшін семинарлар ұйымдастырылды.

2017

- Кәсіпкер әйелдерді қолдау бағдарламасы бойынша КМФ ЕҚДБ-дан жалпы сомасы 3,5 млрд теңгеге жуық қарыз алды. Мақсатты аудиторияға арналған семинарлар еліміздің барлық ірі қалаларында жүргізілді.
- 3 наурызда Алматыда «Әйел және бизнес» IX конференциясы өтті. Іс-шараның ресми бөлімінен басқа КМФ клиенттерінің тауарлары мен қызметтерінің көрмесі өткізілді. Конференцияға Қазақстан өңірлерінен 150-ден астам әйел кәсіпкер қатысты.

ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІН ҚОЛДАУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР



- 9 маусымда Алматыдағы The Ritz-Carlton қонақ үйінде 250-ге жуық іскер әйел қатысқан II Еуразиялық әйелдер бизнес-форумы өтті. Форумның ұйымдастырушылары - ЕҚДБ және Еуразиялық Бизнес және кәсіпкерлік мектебі. Іс-шараны КМФ компаниялар тобы да қолдады.
- 2017 жылғы маусым айынан бастап ЕҚДБ-мен бірлесіп «Бизнесітегі әйелдер» бағдарламасы аясында Қазақстанның түрлі қалалары мен өңірлерінде «Менің бизнесім цифрлармен», «Әйел-көшбасшы» сияқты тақырыптарда тұрақты негізде семинарлар өткізіледі. Семинарға қатысушылар «Business Lens» онлайн-құралы арқылы өз бизнесінің өзін-өзі диагностика-лаудан өткізуіне мүмкіндік алды.

2018

- КМФ МҚҰ нарығы тарихындағы ІFC-тен ең ірі синдикатталған 82 млн доллар мөлшерінде қарыз алды. Алынған қаражатты КМФ ауылдық жерлердегі микро және шағын кәсіпорындарға, сондай-ақ кәсіпкер әйелдерге жаңа жұмыс орындарын құруға жәрдемдесу үшін пайдаланды.
- КМФ ЕҚДБ мен Франкфурт кәсіпкерлер мектебінің қолдауымен сәуір және маусым айларында «Әйелдер кафесі» жобасы аясында кезекті кездесулер ұйымдастырды. Түркістан, Қызылорда, Ақтөбе, Шымкент және Павлодар қалаларында КМФ-тің 100-ден астам әйел-клиенті қатысты.
- Наурыз айында Таразда әйелдердің Қазақстанда өз бизнесін ұйымдастыру және дамыту кезінде алдында тұрған мәселелерді шешу жолдарын талқылауға және іздеуге арналған «Әйел және бизнес: мүмкіндіктерді кеңейту» атты X конференция өтті. Спикерлер делегаттарды бизнес-сату және өзін-өзі таныстыру әдістемелерімен таныстырды. КМФ конференциясына Жамбыл облысынан 150-ге жуық әйел кәсіпкерлер қатысты.
- КМФ «Бизнес тең құқықты білдіреді. Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту қағидаттарына» қол қою арқылы «БҰҰ-Әйелдер» халықаралық құрылымының бастамасын қолдады.
- Компания «KMF Isker hanymy» әйелдер кәсіпкерлігін қолдау бағдарламасын әзірледі, ол әйелдерге қолдау көрсету және көмек көрсету, бизнесті дамытуға және жеке дамуға жәрдемдесу жөніндегі барлық жобаларды біріктірді. Бағдарлама аясында 1 қазан мен 31 желтоқсан аралығында кәсіпкер әйелдер үшін несие мөлшерлемесін төмендету бойынша арнайы акция өткізілді.

2019

- Наурыздан мамырға дейін Ақтау, Петропавл, Павлодар, Тараз, Көкшетау, Талдықорған және Қызылорда қалаларында кәсіпкер әйелдерге арналған конференциялар өтті. WECON іс-шарасын КМФ қолдауымен ЕҚДБ ұйымдастырды. Конференция бағдарламасында сарапшылар бизнес жүргізу бойынша кейстерге тоқталды.
- 15 наурызда Шымкентте және 17 мамырда Қарағандыда «Тиімді сату. Тауарлар мен қызметтерді жылжытудағы жаңа технологиялар» тақырыбында «KMF Isker hanymy» әйел кәсіпкерлерге арналған жыл сайынғы аймақтық конференциялар өтті. Екі конференцияға әртүрлі қалалардан 300-ден астам делегат қатысты.

2020

- КМФ 40 миллион АҚШ долларына баламалы ЕҚДБ қарыз алды. Бөлінген сома пандемия жағдайында жергілікті кәсіпорындарды, соның ішінде ауыл шаруашылығы секторын және әйелдер басқаратын кәсіпорындарды несиелік қолдауға бағытталды.
- Қыркүйек айында КМФ пандемия кезінде бизнесі қолдауды қажет ететін кәсіпкер әйелдерге арналған микрокредиттер бойынша пайыздық мөлшерлеменің жартысын субсидиялады. Бұл бағдарламаны КМФ компаниясы ШОБ дағдарысының жағымсыз салдарын азайту үшін әзірледі. КМФ өз қаражатының 50% субсидиялап, шағын несиелерді кәсіпкерлер үшін қолжетімді етті.
- КМФ «Бизнесітегі әйелдер» бағдарламасын жүзеге асырудағы ерекше еңбегі үшін «Қол жетімділікті қамтамасыз ету және әйелдерге қолдау» санатындағы тұрақты даму саласындағы ЕҚДБ сыйлығын алды.

2021

- Наурыз және сәуір айларында ЕҚДБ КМФ клиенттері үшін «Бизнеске арналған дағдарысқа қарсы шаралар» тақырыбында вебинарлар сериясын әзірлеп, өткізді. Барлығы екі вебинар сериясына 54 кәсіпкер әйелдер қатысты.
- Маусым айында КМФ әйелдерге арналған Қаржы альянсының мүшелігіне кірді – бұл әйелдер экономикасын қорғауға мүдделі қаржы институттарының халықаралық консорциумы. КМФ қызметкерлері бір жыл ішінде Альянстың бірқатар іс-шараларына қатысты.

ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІН ҚОЛДАУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР



- Шілде айында kmfiskerhanymy.kz іске қосылды – бұл кәсіпкер әйелдерге арналған интернет-портал.
- Кәсіпкер әйелдер арасында «KMF Isker hanymy 2021» жүлдесіне байқау өткізілді. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген қатысушылардан 1000-нан астам өтінім қабылданды. Жеңімпаздарды марапаттау желтоқсан айында өтті.

2022

- Азия Даму Банкі мен KMF жетекші микроқаржы компаниясы Қазақстанның кіші, шағын және орта кәсіпорындары үшін несиеге қолжетімділікті кеңейту мақсатында 15 млн долларға дейінгі сомаға қарыз туралы келісімге қол қойды. Азия Даму Банкі бөлген қаражат кәсіпкер әйелдерге несие беруге бағытталатын болады.
- Шілде айында ЕҚДБ мен KMF арасында 25 миллион АҚШ доллары көлемінде несие беру туралы жаңа келісімге қол қойылды. Бұрынғыдай қаражат шағын отандық компаниялар мен әйелдер басқаратын кәсіпорындарды қолдауға бағытталады.
- KMF компанияның 25 жылдығы аясында «KMF Isker hanymy 2022» атты байқау өткізді.



АГРОКӘСІПКЕРЛІК



КМФ микроқаржы ұйымы елдің ең ірі МҚҰ ретінде Агросектор кәсіпкерлерін 1997 жылдан бері қолдап келеді. Облыстарда ғана емес, көптеген аудан орталықтарында және ірі ауылдарда кеңселері бар КМФ отандық кіші, шағын және орта бизнестегі ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін қаржы ресурстарының қолжетімділігі мәселесін сәтті шешіп жүр.

Бүгінгі таңда компанияның белсенді қарыз алушылары 120 000-нан астам қазақстандық аграршылар болып табылады, КМФ кредиттерін ірі және ұсақ малды сатып алу және оларды бордақылау, сүт және сүт өнімдерін өндіру, шөп пен жемшөп дайындау немесе сатып алу, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру, жылыжайлар мен көшетханаларға арналған жабдықтар, құрылғылар мен материалдар сатып алу, ара шаруашылығын дамыту, қоян өсіру, түйе өсіру сияқты түрлі мақсаттарға пайдаланады.

КМФ сонымен қатар ауыл шаруашылығы өндірушілеріне бизнесін дамытуға қажет білімге тегін қол жеткізуді, өңірлік көрмелер, тауарлар мен қызметтер жәрмеңкелеріне, семинарлар мен тренингтерге қатысуды қамтамасыз ете отырып, кәсіптік білімді арттыруға және бизнесті ілгерілетуге тұрақты көмек көрсетеді. Агротехнологияларды дамытудағы қаржылық сауаттылықты арттыру жобасы шеңберінде клиенттерге ауыл шаруашылығы саласындағы соңғы жаңалықтар туралы ағартушылық кітапшалар – «Шаруа қожалықтары мен азаматтардың жеке қосалқы шаруашылықтарының күнделікті жұмысындағы практикалық нұсқаулық» кітабы, «Жылыжайлар туралы», «Жыл бойы құнарлы жасыл жем» және «Қалдықтардан түсетін кірістер» кітапшалары ұсынылады.



АГРОКӘСІПКЕРЛІК



АГРОБИЗНЕСКЕ АРНАЛҒАН СУБСИДИЯЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

2021 жылы КМФ ауыл кәсіпкерлеріне арналған арнайы қолдау бағдарламасын әзірледі, соның арқасында құрғақшылық пен пандемиядан туындаған шектеулерден зардап шеккен фермерлер мен егін өсірушілер 50% жеңілдікпен шағын несие алды.

Бағдарлама елдің барлық аймақтарын қамтыды, бірақ өтінімдерді қарауға басымдық ең көп зардап шеккен аймақтарға берілді. Ең көп жеңілдетілген қарыз Түркістан, Қызылорда, Жамбыл және Алматы облыстарында берілген. Бірнеше апта ішінде Қазақстанның 700-ге жуық фермері жалпы сомасы 182 млн теңгеден астам субсидияланған несие алды.

Осындай кәсіпкерлердің бірі – Алматы облысы, Лесновка ауылынан Мықтыбек Сыдықжанов. Мықтыбек жергілікті ауруханада отоларинголог болып жұмыс істейді және қосымша мал өсіріп, оны сатумен айналысады. Сол жылы ауыл жұмысшысының фермасында 60 жылқы, 20 сиыр және 150-ден астам қой болған. Жауын-шашын болмаған кезде мұндай малды азықпен қамтамасыз ету үлкен мәселе болды. КМФ-тің фермерлер үшін арнайы бағдарламасы аясында Мықтыбек Сыдықжанов бір миллион теңге көлемінде жеңілдікпен шағын несие алды.

Қазақстанның 700 фермері
жалпы сомасы

182 млн
ТЕҢГЕДЕН

астам субсидияланған несие алды

Көршілес Сарыбел ауылының тұрғыны мал өсірумен айналысатын Гүлмира Байжұманова үшін 2021 жылдың ыстық жазы оның жалғыз бизнесіне қиындық тудырды. Отбасы бар әйелдің қосалқы шаруашылығында сиыр, жылқы және ұсақ мал болған. Барлығы 35 бас. Бұл несие болмаса, Гүлмираның айтуынша, ол малдың жартысын сойып арзанға сатуға мәжбүр болар еді. КМФ-тен алынған 500 мың теңгені Гүлмира ханым жем-шөп сатып алу үшін пайдаланып, мал басын сақтап қалды.

Агрокәсіпкерлерге
арналған субсидиялар
жобасы КМФ өз
қаражаты есебінен
іске асырылды

«КМФ-тен алынған ақшаға мен жем-шөпті молынан сатып алдым және айтарлықтай үнемдедім. Бұл мен үшін құрғақшылық кезінде үлкен көмек болды және малды сақтауға мүмкіндік берді»

МЫҚТЫБЕК СЫДЫҚЖАНОВ
Лесновка ауылының тұрғыны,
Алматы облысы

АГРОКӘСІПКЕРЛІК



КМФ-ТІҢ ТҰҢҒЫШ АГРОФОРУМЫ

2022 жылғы 21 шілдеде Қызылорда облысының Жаңақорған кентінде «Құрғақшылық кезінде бизнесті басқару» тақырыбында алғашқы агрофорум өтті, оның ұйымдастырушылары Жаңақорған ауданы әкімдігінің қолдауымен КМФ және КМФ-Демеу қоры болды.

Агрофорум ықтимал шешімдерді ұсыну арқылы аймақтың қазіргі мәселелеріне фермерлердің назарын аудару мақсатында ұйымдастырылды.

Агрофорум фермерлердің назарын жаңа технологияларға аударуға, экономикалық тиімділік және қоршаған ортаны қорғау туралы тақырыпты талқылауға мүмкіндік берді. Шара барысында аграрлық сектор проблемалары, қант қызылшасын өсіру тәсілдері мен технологиялары, тамшылатып суару жүйесінің қыр-сыры, топырақты талдау, фермерлер үшін маркетингтің артықшылықтары сөз болды.

Іс-шарада аграрлық бизнестің рентабельділігін қалай арттыруға болатыны туралы әлемдік тәжірибеден мысалдар мен құнды кеңестерін бөліскен агросарапшылар баяндама жасады.

Форумға 60-қа жуық кәсіпкер, агроөнеркәсіптік кешеннің өндірістік компанияларының өкілдері және бизнес-тренерлер қатысты. Делегаттар атап өткендей, форумның тақырыбы өте өзекті, өйткені соңғы жылдары пандемия мен құрғақ ауа райы аграрлық секторға кері әсерін тигізді. Әсіресе су тапшылығының салдары Сырдария езенінің маңында қатты байқалуда, оның арнасы мезгіл-мезгіл тартылып қалып отырған жағдайлар бар.

КМФ және КМФ-Демеу жыл сайын бүкіл Қазақстан бойынша Өңірлік Агрофорумдар өткізуді жоспарлап отыр.



«Жаңа технологияларды қолдана білу керек, сондықтан мұндай іс-шаралар біз үшін өте құнды. Бұл дегеніміз тәжірибе алмасу және нарық сарапшыларынан кеңес алу мүмкіндігі. Мен КМФ-пен 4 жылдан астам жұмыс істеп келемін, көбінесе 5 млн, 18 млн, 20 млн теңге көлемінде үлкен сома аламын – бұл үлкен көмек және тек осы қолдаудың арқасында біз алға жылжып, ісімізді дамытып жатырмыз. Барлығы КМФ-тің арқасында!»

ЕРКІН ӘБІЛХАЙРОВ

«Еркін» шаруа қожалығының иесі

АГРОКӘСІПКЕРЛІК



АЙМАҚТЫҚ ЖӘРМЕҢКЕЛЕР МЕН БИЗНЕС КӨРМЕЛЕРІ

Іскерлік жәрмеңкелер мен көрмелер өздерін сатылымдар, нетворкинг, жаңа жобалар құру және бизнесті дамыту үшін таптырмайтын алаң ретінде танытты. Ауыл шаруашылығымен айналысатын КМФ клиенттері еліміздің әр түкпірінде ұйымдастырылатын осындай іс-шараларға үнемі қатысады.

2006 жылдан бастап ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлер жыл сайынғы «Әйел және бизнес» аймақтық конференциясы (KMF Isker hanymy) шеңберінде өткізілетін көрмелерге қатысып келеді. Осы уақытқа дейін Қазақстанның түкпір-түкпірінен 2000-нан астам кәсіпкер бас қосқан 12 көрме өтті.

Жыл сайын КМФ-тің барлық кеңселерінде дәстүрлі «Клиент күні» өткізіледі. Оның аясында тауарлар мен қызметтердің жәрмеңкелері, семинарлар мен тренингтер болып өтеді. Бұл іс-шараларға ауылдық жерлерде тұратын кәсіпкерлер белсенді қатысып, өз өнімдерін басқа қатысушыларға көрсетеді, жаңа іскерлік байланыстар орнатады және бизнес дағдыларын арттырады.

2022 жылы да ауыл кәсіпкерлеріне ерекше қолдау көрсетілді.

Мәселен, 23 мамырда КМФ отандық өнім өндірушілердің «Ұлттық өнім» көрмесіне демеушілік жасады. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры ұйымдастырған іс-шараның ашылуына премьер-министр Әлихан Смайылов, Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров, Парламент депутаттары, бизнес-қоғамдастық пен мемлекеттік құрылымдардың өкілдері қатысты. Астана қаласында 350-ден астам отандық тауар өндірушілерді жинаған көрме өтті. Көрмеге КМФ клиенттері де қатысып, өздерінің бірегей өнімдерін ұсынды.

23 сәуірде Қостанай облысының Рудный қаласында КМФ және КМФ-Демеу қорының қолдауымен ұйымдастырылған «Made in Rudny» атты кәсіпкерлерге арналған жәрмеңке өтті. Төртінші рет өтіп отырған Бизнес-жәрмеңкеге 80-ге жуық шағын және орта бизнес өкілдері қатысты. Олардың ішінде КМФ клиенттері, сондай-ақ ауыл кәсіпкерлері де бар.

Тағы бір ауқымды іс-шара 4 тамызда Түркістан қаласында болды, онда Орталық Азиядағы ең ірі «Керуен-Сарай» СОО туристік кешенінің аумағында «Қазақстанның үздік тауары-2022» өңірлік көрме-байқауы сәтті өтті. Ұйымдастырушы КМФ және КМФ-Демеу қорының қолдауымен «Атамекен» ҰКП болды. Көрмеде отандық өндірушілердің, оның ішінде КМФ клиенттерінің тауарлары ұсынылды. Олардың үздіктері әртүрлі номинациялар бойынша бағалы сыйлықтармен марапатталды. Көрмеге Түркістан облысынан 80-ге жуық кәсіпкерлер қатысты, өңірдің 1000-нан астам тұрғындары мен қонақтары келді.



АГРОКӘСІПКЕРЛІК



ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЫҚПАЛ ЕТУ ҚОРЫМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

2020 жылғы наурызда KMF Орталық Азия ықпал ету қорының (CAIF) мүшесі болды. Ондағы басты мақсат – аймақтағы өсу әлеуеті жоғары шағын және орта бизнеске инвестиция құю.

Қор Орталық Азияның ауыл шаруашылығы, тамақ, технологиялық, туристік және тұтыну салаларындағы кәсіпкерлік істерді қолдауға бағытталған.

«KMF-Демеу» корпоративтік қоры агробизнесі қолдау жөніндегі істерін кеңейтуге ниеттеніп, Орталық Азия ықпал ету қоры үшін бастапқы капиталды тартты.

Орталық Азия ықпал ету қоры арқылы қаржыландыру мен техникалық көмек алатын кәсіпорындар өздерінің өміршеңдігін ғана емес, сонымен бірге халықтың әл-ауқатын арттыруға үлес қосуы керек. Бұл миссия Біріккен Ұлттар Ұйымының әлеуметтік интеграцияға, жұмыс орындарын құруға, гендерлік теңдікке және климаттың өзгеруін азайтуға қатысты Тұрақты даму мақсаттарымен тығыз байланысты.





ЖАСТАР КӘСІПКЕРЛІГІ

КМФ-тің мүдделі саласының біріне баламалы жұмыс орындарын құру және жастарды республиканың әлеуметтік-экономикалық процестеріне тарту тәсілдерінің бірі ретінде жастар кәсіпкерлігін дамытуға жәрдемдесу жатады

Осы міндеттерді шешу үшін КМФ жастардың несиеге қаржы қаражат алып, өз ісін ашуға жағдай жасайды. Қаржылық қолдаудан басқа, кәсіпкерлік негіздері бойынша тегін кеңестер беріледі. Бұл жас кәсіпкерлерге тезірек аяққа тұрып кетуіне және бизнес бастаудағы әдеттегі қателіктерден аулақ болуға мүмкіндік береді.

КМФ сонымен қатар студенттер мен жас кәсіпкерлер үшін дәстүрлі түрде қаржылық сауаттылық сабақтарын өткізеді, тәлімгерлік бағдарламаларды ұйымдастырады, бизнес-жобалар конкурстарын қолдайды, жастар форумдарына қатысады және стартап-индустрияны дамытуға өз қаражатын инвестициялайды.

ЖАСТАР КӘСІПКЕРЛІГІ ФОРУМЫ

2013 жылы Алматыда «Кәсіпкерліктің жаһандық апталығы» өтті, оның бас демеушісі КМФ болды. Бұл ауқымды бастама әлемнің 140 елінде бір уақытта өткен болатын. 40 000-нан астам іс-шара мен 10 миллион адамды біріктірген апталықта қатысушыларды инновацияларды ілгерілетуге арналған идеяларымен, білімдерімен және байланыстарымен бөлісуге шақырды.

Апталық шеңберінде 18-24 қараша аралығында Қазақстанда 40-тан астам іс-шара ұйымдастырылды. Атап айтқанда: жастар кәсіпкерлігінің III Форумы, «Жылдың үздік кәсіпкері» жастар сыйлығын марапаттау рәсімі, бизнес пен консалтингтің түрлі салаларындағы мамандардың шеберлік сыныптары. Апталықтың іс-шараларына 7000-нан астам адам қатысты.

2014 жылы КМФ «Жаһандық кәсіпкерлік апталығын» екінші рет қолдады. Осы өткен іс-шараның ұраны – «Байланыстардан қашып құтыла алмайсың» - жастар

кәсіпкерлігінің IV форумының лейтмотивіне айналды. Ірі диалог алаңы жас кәсіпкерлерге өз бизнесін дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашуға, инновациялық, зияткерлік жобаларды құруға және ілгерілетуге көмектесті.

Жастар форумының алғашқы ұйымдастырушыларының бірі 2015 жылы MOST бизнес-инкубаторы болып өзгертілген жас кәсіпкерлер клубы болды. Осы ірі іс-шарадан табысты стартап-қауымдастық пен КМФ компаниялар тобының стратегиялық әріптестік тарихы басталды.

«Жас және жігерлі кәсіпкерлер – уақыт талабы және елдің экономикалық дамуының жақсы көрсеткіші. Бұл алаң бизнес-жобалармен жұмыс істеуді, бизнес-идеяны әлеуетті инвесторларға сатуды, командада жұмыс істеуді үйренуге мүмкіндік береді»

РАУЗА ИБРАГИМОВА
2012-2019 жылдар аралығында
КМФ-Демеу Бас директоры





ENACTUS KAZAKHSTAN КОМПАНИЯСЫМЕН БІРЛЕСІП СТУДЕНТТІК КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ

2018 жылдан бастап KMF-тің Enactus Kazakhstan-мен ынтымақтастығы басталды. Enactus Kazakhstan – стартап-жобалар мен инновацияларды әзірлеуді ынталандыра отырып, кәсіпкерлердің студенттік қауымдастығын үйлестіретін және дамытатын халықаралық коммерциялық емес ұйым.

2018 жылы KMF пен KMF-Демеу Студенттік кәсіпкерлік ұлттық кубогі чемпионының Сан-Хосе қаласында (АҚШ, Силикон алқабы) өткен Enactus World Cup әлемдік кубогына сапарын қолдай отырып, «Алтын демеуші» ретінде Enactus Kazakhstan Ұлттық кеңсесінің серіктестері болды. Келесі жылы да KMF Ұлттық студенттік кәсіпкерлік, стартаптар және инновациялар кубогының демеушісі болды, оған 125 командадан тұратын 56 университеттің студенттері қатысты.

2019-2020 жылдары KMF Enactus Kazakhstan түрлі жобаларын – Business Innovation Acceleration Camp студенттік лагерін, ENACTUS kazfest инновациялық идеялар фестиваль-көрмесін, Enactus Kazakhstan Winter Camp Қысқы жастар бизнес-лагерін, Business Innovation Acceleration Hub білім беру онлайн-бағдарламасын, мектеп кәсіпкерлігінің I республикалық чемпионатын, Астана және Семей қалаларындағы «Бос орындар» жәрмеңкелерін және басқа да іс-шараларды қолдады. Бұл ретте, бірлескен жобаларды іске асыру кезінде жастарды кәсіпкерлік және қаржылық сауаттылық негіздеріне оқыту әрқашан басымдыққа ие болып қала берді.

2020 жылы KMF «Жасөспірім қалай қаржылай сауатты бола алады» тақырыбында онлайн-ойын немесе мобильді қосымша құруға арнайы конкурс жариялады. Байқаудың жүлде қорына үміткер 27 команда қатысты. «Savings 3» мобильді қосымшасының жобасымен «Тұран» университетінің командасы жеңімпаз атанды. Қосымша жасөспірімдерді өз бюджетін жүргізуге жауапкершілікпен қарауға үйретеді. Қосымшаның ерекшелігі – шығыстар мен кірістер журналы, сондай-ақ өсуі иесінің жинақтарына байланысты болатын интерактивті ағаш.

Бір жыл ішінде жастар кәсіпкерлігіне арналған 10 бірлескен жоба іске асырылды. KMF және KMF-Демеу қорының үлесі бизнесті қолдағаны және әлеуметтік жауапкершілігі үшін Enactus ұйымының арнайы марапатымен марапатталды.

Жобалардың әлеуметтік бағытын сақтау 2021 жылы KMF және Enactus «Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға тең құқықтарды қамтамасыз ету бойынша үздік әлеуметтік-кәсіпкерлік жоба» атты конкурсын ұйымдастырған кезде де көрінді. Ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмысқа орналастыру бойынша «Valid» жобасымен Тараз қаласының физика-математика бағытындағы НЗМ оқушылары жеңімпаз атанды.

5 жылдық жемісті ынтымақтастықтан кейін Enactus халықаралық студенттер ұйымымен серіктестік айтарлықтай кеңейді – 2022 жылы KMF жалпы сомасы 25 000 АҚШ долларын құрайтын ұйымның «платина демеушісі» атанды.

Биыл KMF Студенттік және мектептік кәсіпкерліктің, стартаптар мен инновациялардың ұлттық кубогын қолдауды жалғастырды. Enactus Kazakhstan National EXPO 2022 іс-шарасы аясында жас кәсіпкерлерді қолдау үшін «Successful project» арнайы номинациясы құрылды. Жеңісті «Onde» пластикті қайта өңдеу жөніндегі экологиялық жобасымен Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ командасы жеңіп алды. Сондай-ақ ауыл кәсіпкерлеріне арналған «Құс ауладан үстелге» бизнес-жобасының идеясы үшін С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің командасын қосымша марапаттады.

Қыркүйек айында KMF және KMF-Демеу қоры Қостанай облысы Жайлау шипажайында Enactus Leadership Camp 2022 қатысушылары үшін «Қаржылық сауаттылық» тақырыбында интерактивті сессия өткізді. Сессияға Қазақстанның 19 қаласынан және 20 жоғары оқу орындары мен колледждерінен 80-нен астам студент қатысты. Тренингтен кейін қатысушылар оқушылардың қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру үшін білім беру жобасының идеяларын қалыптастырды. Жеңімпаз команданың 18 студенті ұйымдастырушының сыйлықтарымен марапатталды.

Кезекті ортақ жоба – NEXTGENLEADERS FINANCIAL LITERACY SPECIAL COMPETITION мектеп оқушылары арасында қаржылық сауаттылық бойынша арнайы байқау 2022 жылдың қазан айында басталды.

ЖАСТАР КӘСІПКЕРЛІГІ



MOST VENTURES ҚОРЫМЕН СТАРТАПТАРДЫ ҚОЛДАУ

2017 жылы KMF Astana Innovations Challenge аясында MOST бизнес-инкубаторының бастамаларын қолдады. Қараша-желтоқсан айларында Денсаулық сақтау, білім беру және кәсіпкерлік салаларындағы инновациялық шешімдерді іздеуге бағытталған үш ірі іс-шара – Астана-да Startup Weekend және Алматы мен Қарағандыда онлайн-хакатондар өтті.

Startup Weekend Astana екі күн ішінде блокчейн технологиясын пайдалана отырып, ондаған жобалар мен идеялар ұсынылды. Іс-шараға 28 команда, 300-ден астам жас стартаптар мен жоба әзірлеушілер қатысты.

Екі күндік онлайн-хакатондарда әр түрлі саладағы жас мамандар менторлардың міндеттерін орындады, болашақ қосымшалардың прототиптерін немесе іске қосуға дайын минималды өміршең өнімдерді әзірледі. Осылайша, Алматыда командалар KMF міндеттерінің бірі – микро-кәсіпкерді есепке алу кітабын жүргізуге арналған мобильді қосымша бойынша жұмыс жасады. Осы құралды іске асыру мүмкіндігін ұсынған командалардың бірі жүлделі орынға ие болды.



Қазақстанның стартап-индустриясын дамытудағы табысты ынтымақтастық 2022 жылғы наурызда жаңа деңгейге көтерілді. Содан кейін KMF және KMF-Демеу қоры MOST Ventures венчурлық қорымен оның капиталына 2 млн доллар инвестициялау туралы келісімге қол қойды. Уағдаластықтарға сәйкес MOST Ventures алынған қаражатты қаржылық IT-шешімдер саласында маманданған жас кәсіпкерлердің стартаптарына бағыттайды.

Бизнес-инкубаторды, акселератор және венчурлық қорды қамтитын MOST Holding мәліметтері бойынша, әрбір үшінші өтімін финтех-стартаптардан келеді. Бұл серіктестік үздік командаларға KMF-тің дамыған инфрақұрылымының базасында өз шешімдерін тестілеуге және жақсартуға мүмкіндік береді.

Бір кездері микроқаржы нарығында ізашар болған KMF сияқты, MOST Ventures да стартаптар өз жобасын дамытуға тікелей инвестициялар ала алатын Қазақстанда венчурлық капитал саласындағы алғашқы ұйым болып отыр.

«2011 жылы біз бизнес-инкубатор ретінде бастадық және бұл басынан аяғына дейін жеке тарихы бар оқиға болды. 2020 жылы біз капиталы бар тәжірибелі инвесторларды қамтитын алғашқы жеке венчурлық қорды құрдық. Енді біздің қатарымызға KMF қосылды және біз технологиялардың қазақстандық компаниялардың басты басымдықтарының біріне айналғанына қуаныштымыз. Бұл серіктестік стартаптарға өнімдерді тезірек құруға, сынауға және масштабтауға мүмкіндік беретініне сенімдіміз»

ӘЛІМ ХАМИТОВ
MOST Ventures
басқарушы серіктесі

КМФ-ТІҢ MENTOR PRO. FINANCE ТӘЛІМГЕРЛІК БАҒДАРЛАМАСЫ

2021 жылғы 15 қарашада қаржыгерлер күніне орай КМФ және КМФ-Демеу қоры қаржы саласында оқитын студенттер мен Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген жас мамандарға арналған – KMF Mentor Pro.Finance атты ауқымды менторинг бағдарламасын іске қосты. Тегін бағдарламаның басты мақсаты – жастарға табысты мансап құрудың негізін қалауға, мақсаттарын жүзеге асыруға және нақты нәтижелерге қол жеткізуге көмектесу.

Бағдарламаға Eurasian Resources Group (ERG), Citi Bank, Russell Bedford Kazakhstan, Magnum Cash & Carry, Ислам қаржы кәсіпқойлары қауымдастығы, «ҚРҰБ Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ, «ҚазАгроҚаржы» АҚ және т.б. компаниялардан Қазақстанның 35 жетекші сарапшылары қатысты. Менторлар қатарында КМФ-тің топ-менеджерлері де болды.

Қаржы, бухгалтерлік есеп, аудит, жобалық менеджмент және бизнес-сараптама саласындағы кәсіпқойлар негізінен өңірлерден келген 105 жоба қатысушылары үшін тәлімгер болды. Менторлармен кездесулер аптасына 1 рет онлайн немесе офлайн режимінде өтті.

2 айға жалғасқан бағдарлама кезінде жастар қаржы индустриясында мансап құру, бизнес жүргізу және жеке тұлғалық даму бойынша құнды кеңестер алды.



Студенттер мен жас мамандар кәсіби қоғамдастықтың бір бөлігі бола отырып, қаржы индустриясының менеджерлерімен танысқаны да маңызға ие.

2022 жылдың мамыр айында менторлық бағдарламаның екінші шығарылымы – KMF Mentor Pro.Finance 2.0. басталды. Бұл жолы тәлімгерлер құрамы да салмақтана түсті. Олардың қатарына Kazyna Capital Management, «Астана» халықаралық қаржы орталығы, Еуропа қайта құру және даму банкі, KPMG, Amazon, «Еуразиялық банк» АҚ, Қазақстан Халық банкі, сондай-ақ басқа да танымал компаниялардың 33 топ-менеджері кірді.

Қатысушылардың 97%-дан астамы бағдарламаны жоғары бағалады және айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізе алды. Салыстырмалы түрде қысқа мерзім ішінде жобаға қатысушылар мансаптық жоспарлау мәселелерін пысықтады, қызмет саласын өзгертті, ірі компанияларда тағымдамадан өтті, онлайн-мектепті іске қосты және кәсіби білім мен дағдыларды күшейтті. Ұйымдастырушылар «оқытудағы жетістік, жеке өсу, жаңа жоба, кәсіпкерлік және мансаптық өсу» атты бес номинация бойынша үздік ментиді анықтады.

- «Жетістіктерді ғана емес, қателіктерді де талдай білу – бұл соншалықты таныс әдет емес, дегенмен жақсы ретроспектива мен рефлексияны дамытуға мүмкіндік береді»
- «Мен қай салада дамығым келетінін түсіндім, басымдықтар мен мақсаттар қою арқылы ілгерілей бастадым және оларға қол жеткіздім»
- «Менторлыққа өзімді табу мақсатымен келдім. Кейінірек мен іздеудің орнына өзімді дамыту керек екенін түсіндім»
- «Шынымды айтсам, маған қаржы саласындағы сарапшыдан және ұстаз ретіндегі тәжірибелі адамнан белгілі бір қолдау жетіспеді»

БАҒДАРЛАМАҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ПІКІРЛЕРІ

ЖАСТАР КӘСІПКЕРЛІГІН ҚОЛДАУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР



2013

- 18-24 қараша аралығында Алматыда кәсіпкерліктің «Жаһандық апталығы» өтті, оның бас демеушісі КМФ болды. Бағдарламаға жас кәсіпкерлерге арналған іс-шаралар – жастар кәсіпкерлігінің III Форумы, «Жылдың үздік кәсіпкері» жастар сыйлығын марапаттау рәсімі кірді.

2014

- 18 қарашада Алматы қаласында «Жаһандық кәсіпкерлік апталығы» (17-23 қараша) аясында Қазақстанда жастар кәсіпкерлігінің IV Форумы өтті. КМФ екінші жыл қатарынан Жаһандық кәсіпкерлік апталығының демеушісі болды.

2015

- Мамыр айында Алматы облысының Панфилов ауданында жастар кәсіпкерлігін дамыту тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Іс-шараны аудандық жастар саясаты мәселелері бөлімі ұйымдастырды. Іс-шараға жас кәсіпкерлер, Жұмыспен қамту бөлімінің өкілдері, КМФ қатысты.

2017

- Сәуір айында КМФ және Қазақ ұлттық аграрлық университеті АӘК дамыту бойынша XXI ғылыми-студенттік конференция аясында стартап-жобалар конкурсын ұйымдастырды. Комиссия мүшелеріне 13 стартап-команданың тұсаукесерлері ұсынылды, олардың ішінде үздік 3 жоба таңдалды.
- 3-4 қарашада Startup Weekend Astana-да 28 командадан 300-ден астам жас стартаперлер финтех саласында шешімдер әзірледі. «Астана» халықаралық қаржы орталығы мен MOST бизнес-инкубаторы ұйымдастырған байқауға КМФ қолдау көрсетті.
- 25-26 қарашада Алматыда КМФ қолдауымен MOST бизнес-инкубатор серіктестерінің тапсырмасы бойынша инновациялық қосымшалар мен жобаларды әзірлеген жас мамандар мен студенттерге арналған Fintechstars онлайн-хакатоны өтті. Командалардың тәлімгерлері КМФ қызметкерлері болды.
- 2-3 желтоқсанда Қарағандыда КМФ қолдаған MOST бизнес-инкубаторынан кезекті онлайн-хакатон өткізілді.

2018

- 25-26 сәуірде Астана конгресс-орталығында Enactus Kazakhstan National EXPO 2018 атты студенттік кәсіпкерліктің, стартаптар мен инновациялардың ұлттық кубогы өтті. Чемпионатқа 60 қазақстандық ЖОО-нан 700-ден астам студент қатысты. КМФ жеңімпаз болған команданың АҚШ-тағы әлем кубогына қатысқан сапарына қолдау білдіріп, демеушілік жасады.

2019

- 22-23 сәуірде Enactus Kazakhstan National EXPO 2019 атты жыл сайынғы студенттік кәсіпкерліктің, стартаптар мен инновациялардың ұлттық кубогы өтті. Іс-шараға 56 университеттің студенттері, барлығы 125 команда қатысты. КМФ іс-шараның демеушісі болды.
- 2019 жылдың 7-8 қарашасында Алматыда ENACTUS KAZFEST инновациялық идеяларының фестиваль-көрмесі өтті. Қатысушылардың жалпы саны - 43 оқу орнынан 800-ден астам адам келді. КМФ іс-шараға демеушілік пакет аясында қатысты.

2020

- Қаңтар айында Алматы облысының «Ақ бұлақ» шипажайында Enactus Kazakhstan Winter Camp 2020 үшінші қысқы көшбасшылық және кәсіпкерлік мектебі өтті. КМФ өкілдері білім беру сессияларына қатысты.
- КМФ және Enactus «Жасөспірім қалай қаржылай сауатты бола алады» тақырыбында онлайн-ойын немесе мобильді қосымша жасауға конкурс ұйымдастырды. Байқауға 27 команда қатысты. 1 млн теңгенің бас жүлдесін «Тұран» университетінің командасы жеңіп алды.
- Жыл бойы Business Innovation Acceleration Hub онлайн-мектебі аясында шеберлік сыныптары мен тренингтер өткізілді. Жас тыңдаушылар үшін спикерлер ретінде ғалымдар, кәсіпкерлер мен сарапшылар сөз сөйледі. Мастер-класс тақырыптары дизайн-ойлау, компаниялардың әлеуметтік жауапкершілігі, журналистика және PR, жобалық менеджмент және басқа да мәселелерді қамтыды.

ЖАСТАР КӘСІПКЕРЛІГІН ҚОЛДАУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР



2021

- Мамыр айынан маусым айына дейін KMF және Enactus «Мүмкіндігі шектеулі жандарға тең құқықтарды қамтамасыз ету бойынша үздік әлеуметтік-кәсіпкерлік жоба» байқауын өткізді. Жұлде қоры 1 000 000 теңгені құрады. Ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмысқа орналастыру бойынша «Valid» жобасымен Тараздан келген физика-математика бағытындағы НЗМ оқушылары жеңімпаз атанды.
- 17 және 18 маусымда Астанада KMF қолдаған Студенттік кәсіпкерліктің, стартаптар мен инновациялардың ұлттық кубогы және Enactus Kazakhstan мектеп кәсіпкерлігінің II Республикалық чемпионаты өтті.
- 15 қарашада қаржыгер күні KMF және KMF-Демеу қоры қаржы пәндерінің студенттері мен Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген жас мамандарға арналған – KMF Mentor Pro.Finance атты менторинг бағдарламасын іске қосты. Бағдарламаға 35 жетекші нарық маманы және жобаның 105 қатысушысы қатысты.

2022

- Наурызда KMF most Ventures венчурлық қорымен оның капиталына 2 миллион доллар инвестициялау туралы келісімге қол қойды. Уағдаластықтарға сәйкес MOST Ventures алынған қаражатты қаржылық IT-шешімдер саласында маманданған жас кәсіпкерлердің стартаптарына бағыттайды.
- 8 сәуірде адамның ғарышқа алғашқы ұшуының 60 жылдығына арналған Kazakhstan Smart Space ғарыш технологиялары мен техникасы бойынша халықаралық байқаудың финалдық туры өтті. Байқауға еліміздің түкпір-түкпірінен мектеп, гимназия, колледж және ЖОО студенттері қатысты. Жобаны «KMF-Демеу» қоры қолдады.
- KMF 12-13 мамырда Астанада өткен студенттік кәсіпкерліктің, стартаптар мен инновациялардың ұлттық кубогын қолдауды жалғастырды. Enactus Kazakhstan National EXPO 2022 іс-шарасы аясында жұлде қоры 1 млн теңгені құрайтын жас кәсіпкерлерді қолдау үшін «Successful project» конкурсы өткізілді.
- Мамыр айында менторлық бағдарламаның екінші шығарылымы – KMF Mentor Pro.Finance 2.0. басталды. Менторлар ретінде Қаржы және банк салаларынан 33 қазақстандық топ-менеджерлер және жобаның 102 қатысушысы, еліміздің түкпір-түкпірінен келген студенттер мен жас мамандар өз ойларымен бөлісті.

- 1 қыркүйекте платина демеушісі ретінде KMF және KMF-Демеу қоры Қостанай облысы Жайлау шипажайында Enactus Leadership Camp 2022 қатысушылары үшін «Қаржылық сауаттылық» тақырыбында интерактивті сессия өткізді. Сессияға Қазақстанның 19 қаласынан 80-нен астам студент қатысты.
- Қазан айында қазақстандық мектеп оқушылары арасында қаржылық сауаттылық бойынша KMF және Enactus Kazakhstan – NextGenLeaders Financial Literacy Special Competition байқауы басталды.

2023

- 2023 жылғы 27 сәуірде 21 команда қатысқан KMF және KMF-Демеу қоры Financial Literacy Special Competition конкурсының қорытындысы шығарылды.
- Жеңімпаздар:**
1. Қарағанды қаласы шет тілдер колледжі – үстел ойыны үшін команда 500 000 теңге сомасында сертификат алды.
 2. А.Байтұрсынов атындағы Қостанай Өңірлік университеті – 6 бейнесабак үшін команда 500 000 теңге сомасында сертификат алды.
 3. Алматы қаласындағы Тұран университеті – оқушылардың олимпиадада үздік нәтижелері үшін команда 500 000 теңге сомасында сертификат алды.
 4. Алматы қаласындағы НЗМ ФМН – Money Matters жобасы үшін команда 500 000 теңге сомасында сертификат алды.
 5. Байқау жеңімпаздары – Астана қаласының Медицина университеті 1 000 000 теңге сомасында сертификат алды. Қазылар алқасы командаға оқытқан оқушыларының олимпиадаға белсенді қатысқаны үшін, үстел ойыны мен қаржылық сауаттылық комикстері үшін жоғары ұпай берді.



ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІК



Әлеуметтік кәсіпкерлікте гибриді бизнес-модель қабылданған, онда коммерциялық және коммерциялық емес мақсаттар бір-бірімен тығыз байланысты. Жоғары моральдық құндылықтар мен миссия – әлеуметтік кәсіпкерлік дәстүрлі бизнестен осынысымен ерекшеленеді. КМФ және КМФ-Демеу қоры халықтың осал тобына көмектесетін кәсіпкерлерді қолдауға ұмтылады.

Қарағандыда көптеген жылдар бойы «Благодать» қарттар үйлерінің желісі табысты жұмыс істеп келеді. 2017 жылы қарттар үйін ашқан әлеуметтік кәсіпкер Татьяна Адиева қамқорлық пен күтімді қажет ететін қарттар жайлылық пен сүйіспеншілікте лайықты өмір сүруі үшін жағдай жасағысы келді. Үйлерді жалға алу үшін жеке жинақ жеткіліксіз болды, сондықтан оларды меншігіне сатып алу туралы шешім қабылданды. Сондай-ақ жөндеу жұмыстары, жабдық сатып алу және т.б. қажет болды. КМФ қолдауының арқасында алты жыл ішінде Қарағандыда 205 адамға арналған алты үй және Астана мен Қостанайда барлығы 60 адамға арналған тағы екі үй ашылды.

2021 жылдың желтоқсанында Татьяна Адиева әйел кәсіпкерлерге арналған «KMF Isker Hanymu» байқауының жеңімпаздарының бірі ретінде «Әлеуметтік бизнес» номинациясы бойынша марапат пен ақшалай сыйлық алды.

Инклюзивті кәсіпорындарды қолдау КМФ үшін маңызды бағыттардың бірі болып қала береді. Мысалы, компания «KMF Isker Hanymu» конференциясына Алматыдағы «Эльдани» қайырымдылық қорынан экологиялық таза сәмкелер сатып алды, ал серіктестерге сыйлық ретінде саз құмыралар мен вазалар сатып алынды. «Эльдани» қорының өз шеберханасы бар, онда ерекше қажеттіліктері бар 15 адам жұмыс істейді. Шеберханада керамикалық студия, тігін шеберханасы жұмыс істейді, қолдан жасалған аксессуарлар жасалады. Шеберлерге көмектесу үшін КМФ жібекбаспа арқылы тігу жабдықтарын сатып алуға көмектесті.

«Эльдани» қайырымдылық қорының директоры, Әлеуметтік кәсіпкерлер қауымдастығының төрағасы Гүлзира Амантурлина әлеуметтік бизнестегі тәуелсіз сарапшы ретінде 2022 жылғы «KMF Isker Hanymu» байқауының қазылар алқасының құрамына кірді.

2021 жылдан бастап КМФ Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылының «АйРиз – қамқор» қоғамдық қорымен тығыз жұмыс істейді. Қор 2017 жылдан бастап қызмет атқарады және мүгедектерге арналған арнайы киім өндіруге маманданған. Штатта тоғыз адам бар, олардың төртеуі нашар еститін жұмысшылар, олар тігіншілікпен айналысады.



KMF ЖЕТИСТІКТЕPI





КМФ ЖЕТИСТІКТЕРІ

2003

- «Қазақстанның қауымдарды кредиттеу қоры» бүкіл әлем бойынша USAID-тің ең үздік 15 жобасының бірі болып танылды.

2005

- Қазақстанның банктері мен қаржы ұйымдары арасындағы жылдық есептер байқауында «Дизайн» номинациясы бойынша Гран-приді ұтып алды. Байқауды National Business журналы ұйымдастырды.

2006

- Mixmarket жаһандық порталының (СИГАП, Дүниежүзілік банк) бағалауы бойынша КМФ әлемдегі ең үздік 100 МҚҰ арасында портфель сапасы бойынша 3-ші орынды иеленді.

2007

- Forbes журналы компанияны әлемдегі ең үздік 50 микроқаржы ұйымдарының тізіміне енгізді, онда КМФ 37-ші орынға ие болды.

2008

- USAID КМФ-ті экономика саласындағы ҚР үздік ұйымы деп таныды және «Микрокәсіпкерлер үшін қаржылық қызметтерге қолжетімділікті кеңейтудегі тиімді басқару және көшбасшылық үшін» аталымымен марапаттады.
- КМФ «Жыл таңдауы» агенттігі мен «Президент және халық» республикалық қоғамдық-саяси газеті бірлесіп өткізетін жыл сайынғы «Жыл таңдауы» республикалық байқауында үздік Микрокредиттік ұйым деп танылды.

2009

- КМФ «Ақпараттық тұтастықты (information Integrity Coalition, USA) ұстанғаны және сақтағаны үшін» марапатталды.

2010

- КМФ Smart Campaign компаниясының «Клиенттердің шамадан тыс қарыз алуына жол бермеу мақсатында жасап жатқан әрекеті үшін» марапатын және «Клиенттердің құқықтарын қорғау бойынша» сыйлығын алды.
- Mixmarket жаһандық порталынан (СИГАП, Дүниежүзілік банк) «Әлеуметтік ықпал жөніндегі есептілікті ұсынғаны үшін» Күміс сертификатын алды.

2011

- «Эксперт РА Қазақстан» рейтингтік агенттігі құрған «Қаржы секторындағы 2010 жылғы Үздік жылдық есеп» байқауында II дәрежелі Дипломмен марапатталды.

2014

- КМФ Truelift Milestone ұйымының халықаралық мойындауына қол жеткізген Шығыс Еуропа және Орталық Азия аймағындағы (ЕЕСА) алғашқы ұйым болды. Компания кедей халықпен жұмыс істеуге бағытталған МҚҰ арасындағы байқауда жеңіске жетті.
- ACIDI/VOCA ұйымы КМФ-ке «Гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» сыйлығын табыс етті.

2015

- КМФ «ШОБ қаржылық қызметтерінің үздік жеткізушісі-2015» халықаралық сыйлығының иегері атанды. Бұл шараны World News Media ұйымы European CEO (Лондон, Ұлыбритания) басылымымен бірлесіп жыл сайын өткізеді.
- КМФ клиенттерді қорғау қағидаттары бойынша сертификаттаудан сәтті өтіп, әлемде 31-ші және Қазақстанда Smart Campaign сертификатын алған алғашқы компания болды.
- КМФ әлеуметтік ашықтық пен жауапкершілікке бейілділігі үшін Mix халықаралық ақпараттық платформасынан S. T. A. R. (әлеуметтік-ашық және жауапты) сертификатын алған Қазақстандағы алғашқы МҚҰ болды.
- Қазақстан халқы ассамблеясының «Қайырымдылық керуені» жалпыұлттық байқауының қорытындысы бойынша КМФ «Жүректен жүрекке» номинациясы бойынша Үздік қайырымдылық ұйымы болып танылды.
- ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы мен «Эксперт РА Қазақстан» рейтингтік агенттігі КМФ-ті Қазақстанның бәсекеге қабілетті компаниялары – «Ұлттық чемпиондар» тізіміне енгізді. Барлығы 2000 үміткердің ішінен 15 компания таңдалды.
- КМФ MicroFinanza Rating халықаралық рейтингтік ұйымынан «А» әлеуметтік рейтингтік бағасын алып, қолданыстағы әлеуметтік рейтингі бар Қазақстандағы жалғыз микроқаржы ұйымына айналды.
- Сертификат пен әлеуметтік рейтинг алу арқасында Mix Market ғаламдық интернет-платформасында КМФ профилі жаңартылды, Есептіліктің ашықтығы мен растайтын құжаттаманың ең жоғары деңгейі – «5 Star» бағалық белгісі берілді.

KMF ЖЕТИСТІКТЕРІ



2018

- KMF бүкіл әлем бойынша 27 жетекші МҚҰ арасында 2018 жылғы Eurorian Microfinance Award финалистерінің бірі болды. Жүлдеге ие болған барлық жеңімпаздар технологиялар арқылы қаржылық қызметтерге қолжетімділікті кеңейту бойынша инновациялармен ерекшеленді. KMF «Мобильді сарапшы» жобасымен қатысқан болатын.

2019

- MicroFinanza Rating халықаралық рейтингтік компаниясы KMF әлеуметтік рейтингі «AA-» бағасын алған есепті жариялады. Осындай жоғары баға алу компанияда әлеуметтік ықпал және тұтынушыларды қорғау жүйелерін тамаша басқаруды және миссияға жетудің жоғары ықтималдығын дәлелдейді.
- «Іскер» корпоративтік журналы XV PR-форум аясында XII Орталық Азия корпоративтік БАҚ байқауының шешімі бойынша 2019 жылдың үздік сыртқы басылымы деп танылды.

2020

- KMF «Әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға мүмкіндік беру және қолдау» санатында ЕҚДБ тұрақты даму жүлдесінің күміс жүлдегері атанды. Бұл сыйлыққа әлемнің түкпір-түкпірінен барлығы 47 компания ұсынылды.
- KMF және KMF-Демеу қоры жастар арасында кәсіпкерлікті дамытатын коммерциялық емес ұйым – Enactus Kazakhstan компаниясынан «Бизнесті қолдағаны және әлеуметтік жауапкершілігі үшін» атты арнайы марапатқа ие болды.

2021

- Fitch Ratings ұйымы «KMF» микроқаржылық ұйымы» ЖШС «В+» деңгейінде эмитенттің дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін («РДЭ») және «Тұрақты» деген болжам бергені туралы хабарлады. Fitch рейтингі корпоративтік басқарудың жоғары деңгейін, қаржылық ашықтықты және шетелдік және жергілікті инвесторлар арасындағы мінсіз беделін растайды. Әлеуметтік факторлардың әсерін бағалау жақсарды. Компания есод шкаласы бойынша мүмкін болатын 5-тен 4+ балл алды.



КОМПАНИЯНЫҢ БҰҰ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ



КОМПАНИЯНЫҢ БҰҰ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ



KMF өзінің әлеуметтік міндеттерінде БҰҰ Бас Ассамблеясы «Барлығына жақсы және тұрақты болашаққа қол жеткізу жоспары» ретінде әзірлеген БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын (БҰҰ ТДМ) орындауға барынша күш салып жүр. Барлығы БҰҰ өзара байланысты 17 мақсатты

қабылдады, оның ішінде KMF өз қызметіне көбірек сәйкес келетін 11 бағыт бойынша жұмыс атқаруда. Аталған мақсаттар шеңберінде KMF компаниялар тобы кедейлікпен күреске, теңсіздік пен әділетсіздікті еңсеруге және климаттық мәселелерді шешуге барынша үлес қосады.

БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ	KMF ҮЛЕСІ	ТОЛЫҒЫРАҚ МЫНА БӨЛІМДЕРДЕ
 <p>Кедейліктің барлық нысандарын жаппай жою</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Әлеуетін ашу мақсатында тұрмыстық жағдайы аз қамтылған және жұмыссыз адамдар үшін микрокредит беру бағдарламасын іске асыру • Миссия мен құндылықтарды ұстану, Клиентті қорғау қағидаттарын сақтау • Ең шалғай ауылдық жерлерде филиалдар мен бөлімшелердің кең желісін дамыту • Арнайы субсидиялау бағдарламалары арқылы клиенттерді қолдау • Қайырымдылық және демеушілік көмек • «Халықтың қаржылық сауатын арттыру» бағдарламасын іске асыру • Ауылдық жердегі кәсіпкерлікті, жастар стартаптарын қолдау • Клиенттердің кіріс деңгейін арттыру үшін әлеуметтік ықпалды басқару 	<p>БӨЛІМДЕР:</p> <p>Миссия және құндылықтар KMF: тарихтағы ширек ғасыр Клиенттерге қамқорлық Қоғам алдындағы жауапкершілік Негізгі қайырымдылық және демеушілік жобалар Әлеуметтік ықпал ҚР халқы үшін қаржылық сауаттылық Кәсіпкерлікті қолдау</p>
 <p>Аштықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тамақтануды жақсарту және ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына жәрдемдесу</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Ауылдық жердегі кәсіпкерлікті қолдау • Арнайы субсидиялау бағдарламалары арқылы клиенттерді қолдау • Клиенттердің кіріс деңгейін арттыру үшін әлеуметтік әсерді басқару • Қайырымдылық және демеушілік көмек, ең алдымен, аз қамтылған отбасылардың балалары мен олардың аналарына, зейнеткерлер мен ардагерлерге, жетім балаларға көмек 	<p>БӨЛІМДЕР:</p> <p>Агрокәсіпкерлік Әлеуметтік ықпал Негізгі қайырымдылық және демеушілік жобалар</p>
 <p>Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және денсаулығының кез келген жаста мықты болуына ықпал ету</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Әлеуметтік пакет, «Қызметкерлерге арналған жеңілдіктер жиынтығын» ұсыну, корпоративтік спорттық іс-шаралар арқылы салауатты өмір салтын қолдау • Әртүрлі бағыттағы және әртүрлі жастағы спорт ұйымдарына демеушілік көмек • Пандемия кезінде медициналық мекемелерді қолдау • Әлеуметтік ықпалды басқару • «Іскер» корпоративтік журналында дұрыс тамақтану, бизнестің экологиялық түрлерін дамыту туралы мақалалар 	<p>БӨЛІМДЕР:</p> <p>Қоғам алдындағы жауапкершілік Қызметкерлерге қамқорлық Негізгі қайырымдылық және демеушілік жобалар Әлеуметтік ықпал Халықтың қаржылық сауатын арттыру</p>

КОМПАНИЯНЫҢ БҰҰ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ



 <p>4 САПАЛЫ БІЛІМ</p> <p>Барлығын қамтитын және әділ сапалы білім беруді және өмір бойы білім алу мүмкіндігін ынталандыруды қамтамасыз ету</p>	<ul style="list-style-type: none"> Отбасы бюджетін басқаруда және бизнесті басқаруда қаржылық сауаттылықты арттыру бағдарламасын іске асыру Балаларға, жасөспірімдерге және жастарға арналған қаржылық сауаттылық жобасын дамыту Стартаптар, хакатондар, шығармашылық конкурстар және т. б. байқаулар өткізу Тәлімгерлік бағдарламаның жобасын іске асыру Студенттік және жастар ұйымдарымен ынтымақтастық 	<p>БӨЛІМДЕР:</p> <p>ҚР халқы үшін қаржылық сауаттылық Әйелдер кәсіпкерлігі Жастар кәсіпкерлігі</p>
 <p>5 ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК</p> <p>Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту</p>	<ul style="list-style-type: none"> Жалдамалы жұмыс үшін әділ жағдайлар жасау, тең мансаптық мүмкіндіктер мен еңбекақы төлеу, бала туу мен күтіміне қолдау көрсету және т. б. Халықтың табыс деңгейін арттыру үшін әлеуметтік ықпалды басқару Қаржылық сауаттылықты арттыру бағдарламасын іске асыру «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасын іске асыру Әйелдер кәсіпкерлігін ынталандыру үшін «KMF Isker hanymu» байқауын өткізу «Әйелдер кафесі» аясында іскерлік таңғы ас ұйымдастыру «Мата PRO» қорын, әйелдер спорт командаларын қолдау 	<p>БӨЛІМДЕР:</p> <p>Қызметкерлерге қамқорлық Әлеуметтік ықпал Негізгі қайырымдылық және демеушілік жобалар ҚР халқы үшін қаржылық сауаттылық Әйелдер кәсіпкерлігі</p>
 <p>6 ТАЗА СУ ЖӘНЕ САНИТАРИЯ</p> <p>Барлығы үшін су ресурстарының болуын және оларды тиімді пайдалану мен санитарияны қамтамасыз ету</p>	<ul style="list-style-type: none"> Кеңселерде суды үнемді пайдалану, сумен және жылумен жабдықтау жүйелерін автоматтандыру EMCO Network компаниясымен ынтымақтастық, қызметкерлер үшін тренингтер өткізу Экологияға, адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін жобаларды қаржыландырудан бас тарту 	<p>БӨЛІМДЕР:</p> <p>Қоршаған ортаға қамқорлық Негізгі эко-оқиғалар</p>
 <p>7 ҚОЛЖЕТІМДІ ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯ</p> <p>Барлығына арзан, сенімді, тұрақты және заманауи энергия көздеріне қол жетімділікті қамтамасыз ету</p>	<ul style="list-style-type: none"> KMF кеңсесінің және оның филиалдарының ғимараттарында сумен, электрмен және жылумен жабдықтаудың автоматтандырылған жүйелерін пайдалану ЕҚДБ-мен серіктестікте GEFF (Green Economy Financing Facility) жасыл экономиканы қаржыландыру бағдарламасын іске асыру, энергия тиімді жабдықтар мен техниканы сатып алуға көмек көрсету 	<p>БӨЛІМДЕР:</p> <p>Қоршаған ортаға қамқорлық Негізгі эко-оқиғалар</p>

КОМПАНИЯНЫҢ БҰҰ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ



<p>8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ</p>  <p>Ілгерілемелі, барлығын қамтитын және тұрақты экономикалық өсімге, баршаның толық және өнімді жұмыспен қамтылуына және лайықты жұмысына жәрдемдесу</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Қолжетімді және сапалы микрокредиттік қызметтерді қамтамасыз ету • Халық үшін қаржылық сауаттылықты арттыру бағдарламасы • Әйелдер, ауылдық жерлердегі, жастар және әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау • Жұмыс орындарын құруға жәрдемдесу • Әлеуметтік ықпалды басқару 	<p>БӨЛІМДЕР:</p> <p>KMF портреті Миссия және Құндылықтар KMF: тарихтағы ширек ғасыр Әлеуметтік ықпал ҚР халқы үшін қаржылық сауаттылық Кәсіпкерлікті қолдау</p>
<p>9 ИНДУСТРИАЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ</p>  <p>Берік инфрақұрылым құру, барлығын қамтитын және тұрақты индустриаландыруға және инновацияларға жәрдемдесу</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Стартап-қоғамдастықпен, MOST бизнес-инкубаторымен ынтымақтастық • Жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық • Инновациялық жобаларды, конкурстарды, іс-шараларды ұйымдастыру және оларға қатысу • Жасыл қаржыландыру бағдарламаларын іске асыру 	<p>БӨЛІМДЕР:</p> <p>Қоғам алдындағы жауапкершілік Қоршаған ортаға қамқорлық Жастар кәсіпкерлігі</p>
<p>10 ТЕҢСІЗДІКТІ ҚЫСҚАРТУ</p>  <p>Елдер ішіндегі және олардың арасындағы теңсіздікті азайту</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Бүкіл ел бойынша сапалы қаржылық қызметтерге кең қолжетімділікті қамтамасыз ету • Миссияны, Құндылықтарды және Клиенттерді қорғау қағидаттарын сақтау • Әлеуметтік ықпал • Әлеуметтік және қайырымдылық жобаларын іске асыру • Өртүрлі аудиториялар арасында қаржылық сауаттылық бағдарламаларын насихаттау • Кез келген жастағы және мүмкіндіктегі кәсіпкерлікті қолдау 	<p>БӨЛІМДЕР:</p> <p>KMF портреті Миссия және Құндылықтар Клиенттерге қамқорлық Әлеуметтік ықпал Негізгі қайырымдылық және демеушілік жобалар ҚР халқы үшін қаржылық сауаттылық Кәсіпкерлікті қолдау</p>
<p>11 ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛАР МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕР</p>  <p>Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өміршеңдігін және тұрақтылығын қамтамасыз ету</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Мәдени, экологиялық, әлеуметтік жобалар мен іс-шараларға қатысу • Жұртшылықпен, мемлекеттік органдармен, бизнеспен және КЕҰ-мен өзара әрекет 	<p>БӨЛІМДЕР:</p> <p>Негізгі қайырымдылық және демеушілік жобалар Негізгі эко-оқиғалар Жастар кәсіпкерлігінің негізгі жобалары</p>

